

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, жергілікті атқарушы органдар көрсететін білім және ғылым саласындағы мемлекеттік қызмет стандарттарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 тамыздағы № 1119 Қаулысы

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 34-бабына, «Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңының 9-1, 15-2-баптарына және «Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қаңтардағы Заңының 6-бабының 2), 3) тармақшаларына, 29-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған:
- 1) алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 23.05.2014 № 538 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
- 2) алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 19.02.2014 N 115 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі);
- 3) алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 26.05.2014 № 544 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
- 4) алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 26.05.2014 № 544 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
- 5) «Болашақ» халықаралық стипендиясын тағайындауға арналған конкурсқа қатысу үшін құжаттарды қабылдау» мемлекеттік қызмет стандарты;
- 6) «Білім беру туралы құжаттарды тану және нострификациялау» мемлекеттік қызмет стандарты;
- 7) «Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруге лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік қызмет стандарты;
- 8) «Діни білім беретін білім беру ұйымдарына лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік қызмет стандарты;
- 9) күші жойылды - ҚР Үкіметінің 04.02.2014 N 45 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
- 10) «Техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламалары бойынша білім беру қызметіне лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік қызмет стандарты;
- 11) «Қазақ тілін білу деңгейін бағалауға (ҚАЗТЕСТ) құжаттарды қабылдау және қатысу» мемлекеттік қызмет стандарты;
- 12) алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 26.05.2014 № 544 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
- 13) «Кәсіптік жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін жоғары оқу орындарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік қызмет стандарты;
- 14) «Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін жоғары оқу орындарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік қызмет стандарты;
- 15) «Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында, жоғары оқу орындарында оқитындарға жатақхана беру» мемлекеттік қызмет стандарты;
- 16) «Техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламалары бойынша кадрлар даярлауды жүзеге асыратын білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік қызмет стандарты;
- 17) алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 26.05.2014 № 544 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
- 18) «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік қызмет стандарты;

19) «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттарды қабылдау» мемлекеттік қызмет стандарты;

20) «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау» мемлекеттік қызмет стандарты;

21) «Арнайы жалпы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша оқыту үшін мүмкіндіктері шектеулі балалардың құжаттарын қабылдау және арнайы білім беру ұйымдарына қабылдау» мемлекеттік қызмет стандарты;

22) «Балаларға қосымша білім беру бойынша қосымша білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік қызмет стандарты;

23) алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 19.02.2014 N 115 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі);

24) алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 19.02.2014 N 115 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі);

25) «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру бағдарламалары бойынша білім беру қызметіне лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік қызмет стандарты;

26) «Аз қамтылған отбасы балаларының қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерьлерде демалуы үшін құжаттарды қабылдау» мемлекеттік қызмет стандарты;

27) алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 19.02.2014 N 115 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі);

28) алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 19.02.2014 N 115 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі);

29) алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 19.02.2014 N 115 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі);

30) «Қазақстан Республикасының білім, ғылым органдарынан және оқу орындарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою» мемлекеттік қызмет стандарты;

31) «Республикалық бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын білім беру ұйымдарына білім беру қызметін жүргізуге лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік қызмет стандарты бекітілсін.

32) алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 23.05.2014 № 538 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 09.07.2013 № 699 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 26.08.2013 № 855 ; 18.10.2013 № 1115 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.02.2014 N 45 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.02.2014 N 115 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 23.05.2014 № 538 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 26.05.2014 № 544 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

2. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 18.09.2013 № 983 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

3. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2012 жылғы 31 тамыздағы
№ 1119 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізімі

1. «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің мемлекеттік қызмет стандарттарын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 30 маусымдағы № 561 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 26 ақпандағы № 140 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2010 ж., №19, 148-құжат).
2. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 26 ақпандағы № 140 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 10 маусымдағы № 550 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2010 ж., № 37, 321-құжат).
3. «Мемлекеттік қызмет стандарттарын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 336 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 28, 350-құжат).
4. «Ішкі көшіп-қонушыларды тіркеу қағидаларын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 желтоқсандағы № 1427 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістердің 16-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 5, 93-құжат).

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2012 жылғы 31 тамыздағы
№ 1119 қаулысымен
бекітілген

«Мектепке дейінгі балалар ұйымдарына жіберу үшін мектепке дейінгі (7 жасқа дейін) жастағы балаларды кезекке қою» мемлекеттік қызмет стандарты

Ескерту. Стандарт алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 23.05.2014 № 538 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2012 жылғы 31 тамыздағы
№ 1119 қаулысына
қосымша

«Жетімдерді, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамсыздандыруға арналған құжаттарды ресімдеу» мемлекеттік қызмет стандарты

Ескерту. Стандарт алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 19.02.2014 N 115 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2012 жылғы 31 тамыздағы
№ 1119 қаулысымен
бекітілген

«Жоғары білім алу үшін білім беру гранттарын беруге арналған конкурсқа қатысу үшін құжаттарды қабылдау» мемлекеттік қызметінің стандарты

Ескерту. Стандарт алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 26.05.2014 № 544 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2012 жылғы 31 тамыздағы
№ 1119 қаулысымен
бекітілген

««Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантына құжаттар қабылдау және тағайындау» мемлекеттік қызмет стандарты

Ескерту. Стандарт алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 26.05.2014 № 544 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2012 жылғы 31 тамыздағы
№ 1119 қаулысымен
бекітілген

«Болашақ» халықаралық стипендиясын тағайындауға арналған конкурсқа қатысу үшін құжаттар қабылдау» мемлекеттік қызмет стандарты

Ескерту. Стандарт жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.07.2013 № 699 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Жалпы ережелер

1. «Болашақ» халықаралық стипендиясын тағайындауға арналған конкурсқа қатысу үшін құжаттар қабылдау» мемлекеттік қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл ауданы, Орынбор көшесі, 18-үй мекенжайы бойынша орналасқан «Халықаралық бағдарламалар орталығы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – уәкілетті ұйым) мекенжайлары осы

стандартқа 1-қосымшада көрсетілген Халыққа қызмет көрсету орталықтары (бұдан әрі – орталық) арқылы баламалы негізде, сондай-ақ www.e.gov.kz «электрондық үкіметтің» веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы көрсетеді.

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: ішінара автоматтандырылған.

3. Мемлекеттік қызмет «Ақпараттандыру туралы» 2007 жылғы 11 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 29-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 11 маусымдағы № 573 қаулысымен бекітілген «Болашақ» халықаралық стипендиясын тағайындау үшін үміткерлерді іріктеу қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар) сәйкес көрсетіледі.

4. Мемлекеттік қызмет туралы ақпарат:

1) уәкілетті ұйымның www.bolashak.gov.kz интернет-ресурсында;

2) орталықтың www.con.gov.kz интернет-ресурсында;

3) уәкілетті ұйымның немесе орталықтың үй-жайларындағы стенділер мен ақпараттық тақталарда;

4) www.e.gov.kz порталында орналастырылады.

Сондай-ақ мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі туралы ақпаратты call-орталықтың 1414 телефоны бойынша алуға болады.

5. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесі:

1) уәкілетті ұйымда – конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы ақпарат көрсетілген құжаттарды қабылдау туралы немесе құжаттарды Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссияның жұмыс органы (бұдан әрі – жұмыс органы) болып табылатын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне жеке тәртіппен қарау үшін жіберу туралы қағаз тасымалдағыштағы қолхат не мемлекеттік қызметті ұсынудан бас тарту туралы дәлелді жауап;

2) орталықта және порталда – уәкілетті адамның электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы ақпарат көрсетілген құжаттарды қабылдау туралы немесе электрондық құжат нысанында құжаттарды жұмыс органына жеке тәртіппен қарау үшін жіберу туралы қолхат не электрондық құжат нысанында мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап болып табылады.

6. Мемлекеттік қызмет Қағидаларда белгіленген «Болашақ» халықаралық стипендиясын тағайындауға арналған конкурсқа қатысудың талаптары мен шарттарына сай келетін Қазақстан Республикасының азаматтарына (бұдан әрі – мемлекеттік қызметті алушы) көрсетіледі.

7. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:

осы стандарттың 11-тармағында белгіленген қажетті құжаттарды мемлекеттік қызметті алушы тапсырған сәттен бастап мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері;

уәкілетті ұйымда, порталда – бір жұмыс күнінен аспайды;

орталықта – бес жұмыс күні (құжаттарды қабылдау күні мен беру күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді), бұл ретте:

өтініш иесі өтініш жасаған күні сол жерде көрсетілетін мемлекеттік қызмет алғанға дейін күтудің ең ұзақ уақыты – 20 минуттан аспайды;

өтініш иесі өтініш жасаған күні орталықта көрсетілетін мемлекеттік қызметті алушыға қызмет көрсетудің ең ұзақ уақыты – 20 минуттан аспайды.

8. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

9. Жұмыс кестесі:

1) уәкілетті ұйымда Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес, демалыс және мереке күндерін қоспағанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен күн сайын сағат 9.00-ден бастап 18.30-ға дейін дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда;

2) орталықтарда құжаттар қабылдау еңбек заңнамасына сәйкес сағат 9.00-ден бастап 20.00-ге дейін үзіліссіз орталықтың белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес күн сайын, демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда жүзеге асырылады.

Уәкілетті ұйымда қабылдау жеделдетіп қызмет көрсетусіз кезек күту тәртібімен жүзеге асырылады.

Орталықта қабылдау жеделдетіп қызмет көрсетусіз «электрондық» кезек күту тәртібімен жүзеге асырылады;

3) порталда – тәулік бойы.

10. Мемлекеттік қызмет:

1) мемлекеттік қызметті алушының таңдауы бойынша физикалық мүмкіндіктері шектеулі адамдар үшін жағдайлар жасалған (пандустар) уәкілетті ұйымда не орталықтың ғимаратында көрсетіледі. Залда анықтама бюросы, электронды кезек терминалы (орталықта), күтуге арналған креслолар, бланкілерді толтыру үлгілері бар ақпараттық стенділер орналастырылған;

2) порталда – мемлекеттік қызметті тұтынушының «жеке кабинетінде» көрсетіледі.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

11. Мемлекеттік қызметті алу үшін мемлекеттік қызметті алушы мынадай құжаттарды: уәкілетті ұйымға:

1) таңдап алған мамандығының/зерттеу тақырыбының және оқу/тағылымдамадан өту елінің негіздемесі көрсетілген қағаз жеткізгіштегі өтінішті;

2) осы стандартқа 2-қосымшаға сәйкес жұмыс органы бекіткен нысан бойынша «Болашақ» халықаралық стипендиясын тағайындауға арналған конкурсқа қатысу үшін үміткер толтырған сауалнаманы;

3) шетелге шығатын адамдар үшін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы медициналық анықтаманы;

4) қосымшасы бар бакалавр немесе маман дипломының нотариалды куәландырылған көшірмесін (Қағидалардың 4-тармағының 5) тармақшасында көрсетілген үміткерлер қосымшаны ұсынбайды), сондай-ақ шетелдік білім беру ұйымында оқыған болса, білімі туралы құжатты тану және нострификациялау туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесін не Заңның 39-бабының 5-тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, білім туралы құжатты тану туралы өзге де құжаттың көшірмесін;

5) жеке куәліктің және паспорттың түпнұсқалары мен көшірмелерін (түпнұсқалар салыстырғаннан кейін үміткерге қайтарылады);

6) бар болған жағдайда, белгіленген ең төменгі талаптарға сай, нәтижесі бар шет тілінен емтихан тапсырғаны туралы белгіленген нысандағы нақты ресми сертификаттың көшірмесін;

7) осы стандартқа 3-қосымшаға сәйкес жұмыс орнын сақтау шартымен жұмыс органы бекітетін нысан бойынша жұмыс берушінің өтінішін (бұдан әрі – өтініш) маман даярлауға (мемлекеттік қызметшілер, ғылыми не педагог қызметкерлер, тағылымдамадан өтуге үміткерлер қатарынан философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алу үшін мемлекеттік қызметшілер, ғылыми-педагог қызметкерлер, өз бетімен түскендер санаттары бойынша конкурсқа қатысатын үміткерлер үшін, тағылымдамаға үміткерлер санаттары бойынша конкурсқа қатысатын үміткерлер үшін);

8) Қағидаларға сәйкес талап етілетін еңбек қызметінің кезеңдері үшін еңбек қызметін растайтын құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелерін (өз бетімен түскендер, мемлекеттік қызметшілер, ғылыми-педагог қызметкерлер санаттары бойынша конкурсқа қатысатын үміткерлер және тағылымдамаға үміткерлер үшін);

9) жұмыс берушіден ұсыным хатты (мемлекеттік қызметшілер, ғылыми не педагог қызметкерлер қатарынан философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алу үшін өз бетімен түскендерді қоспағанда, өз бетімен түскендер санаты бойынша конкурсқа қатысатын үміткерлер үшін);

10) оқу бағдарламасын, мамандығын және кезеңін көрсете отырып, академиялық оқуға шартсыз (қаржылық шарттарды және философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға, резидентурада оқуға түскен адамдар үшін - шет тілін талап етілетін деңгейге дейін арттыру шартын қоспағанда) тіркелуін растайтын құжаттардың көшірмелерін және бар болған жағдайда, шетелдің жоғары оқу орны берген үлгерімі туралы ресми құжатты/оқу мамандығын, курсы (оқу жылын), нысанын, осы оқу орнында пайдаланылатын бағалау жүйесі туралы ақпаратты, сондай-ақ мемлекеттік немесе орыс тілдеріне нотариалды куәландырылған аудармалары бар, осы оқу орнындағы ағымдағы үлгерімінің орташа балы көрсетілген белгіленген үлгідегі анықтаманы (өз бетімен түскендер санаты бойынша конкурсқа қатысатын үміткерлер үшін);

11) мемлекеттік немесе орыс тілдеріне нотариалды куәландырылған аудармалары бар тағылымдамадан өту мерзімдері, құны (есептері ашып көрсетілген) көрсетілген тағылымдамаға қабылдаушы шетелдік ұйымның шартсыз (қаржылық шарттар мен шет тілін талап етілетін деңгейге

дейін арттыру шартын қоспағанда) шақыртуын растайтын құжаттардың көшірмелерін (тағылымдамаға үміткерлер санаты бойынша конкурсқа қатысатын үміткерлер үшін);

12) осы стандартқа 4-қосымшаға сәйкес жұмыс органы бекітетін нысан бойынша жұмыс орнын сақтау шартымен Қазақстан Республикасының жоғары оқу орнынан тапсырысты (жоғары оқу орындарының түлектері санаты бойынша конкурсқа қатысатын үміткерлер үшін);

13) жұмыс органы белгілеген және тағылымдамаға жіберуші және қабылдаушы ұйымдар бекіткен талаптарға сәйкес құрылған тағылымдамадан өту бағдарламасын (тағылымдамаға үміткерлер санаты бойынша конкурсқа қатысатын үміткерлер үшін);

14) осы дәрежені алу үшін шетелдің жетекші жоғары оқу орнымен белгіленген мерзімдерден аспайтын шетелдің жетекші жоғары оқу орнымен келісілген жеке оқу жоспарын (философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алу үшін өз бетімен түскендер санаты бойынша конкурсқа қатысатын үміткерлер үшін) ұсынады;

орталыққа:

1) таңдап алған мамандығының/зерттеу тақырыбының және оқу/тағылымдамадан өту елінің негіздемелерін көрсете отырып, Орталық қызметкерінің ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат көшірмесі нысанындағы өтінішін;

2) орталық қызметкерінің ЭЦҚ-мен куәландырылған құжатының электрондық көшірмесі нысанында осы стандартқа 2-қосымшаға сәйкес жұмыс органы бекіткен нысан бойынша «Болашақ» халықаралық стипендиясын тағайындауға арналған конкурсқа қатысу үшін үміткерлер толтырған сауалнаманы;

3) орталық қызметкерінің ЭЦҚ-мен куәландырылған құжатының электрондық көшірмесі нысанында шетелге шығатын адамдар үшін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы медициналық анықтаманы;

4) орталық қызметкерінің ЭЦҚ-мен куәландырылған құжатының электрондық көшірмесі нысанында қосымшасы бар бакалавр немесе маман дипломын (Қағидалардың 4-тармағының 5) тармақшасында көрсетілген үміткерлер қосымшаны ұсынбайды), сондай-ақ шетелдік білім беру ұйымында оқыған болса, білімі туралы құжатты тану және нострификациялау туралы куәліктің көшірмесін не Заңның 39-бабының 5-тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, білім туралы құжатты тану туралы өзге де құжаттың көшірмесін;

5) жеке куәлік пен паспортты;

6) бар болған жағдайда, орталық қызметкерінің ЭЦҚ-мен куәландырылған құжатының электрондық көшірмесі нысанында белгіленген ең төменгі талаптарға сәйкес, нәтижесі бар шет тілінен емтихан тапсырғаны туралы белгіленген нысандағы нақты ресми сертификатты;

7) орталық қызметкерінің ЭЦҚ-мен куәландырылған құжатының электрондық көшірмесі нысанында осы стандартқа 3-қосымшаға сәйкес, жұмыс орнын сақтау шартымен жұмыс органы бекіткен нысан бойынша маман даярлауға жұмыс берушінің тапсырысын (бұдан әрі – тапсырыс) (мемлекеттік қызметшілер, ғылыми не педагог қызметкерлер қатарынан философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алу үшін мемлекеттік қызметшілер, ғылыми-педагог қызметкерлер, өз бетімен түскендер санаттары бойынша конкурсқа қатысатын үміткерлер үшін, тағылымдамадан өтуге үміткерлер үшін);

8) орталық қызметкерінің ЭЦҚ-мен куәландырылған құжатының электрондық көшірмесі нысанында Қағидаларға сәйкес талап етілетін еңбек қызметінің кезеңдері үшін еңбек қызметін растайтын құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелерін (өз бетімен түскендер, мемлекеттік қызметшілер, ғылыми-педагог қызметкерлер санаттары бойынша конкурсқа қатысатын үміткерлер үшін, тағылымдамаға үміткерлер үшін);

9) орталық қызметкерінің ЭЦҚ-мен куәландырылған құжатының электрондық көшірмесі нысанында жұмыс берушіден кепілдеме хатты (мемлекеттік қызметшілер, ғылыми не педагог қызметкерлер қатарынан философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алу үшін өз бетімен түскендерді қоспағанда, өз бетімен түскендер санаты бойынша конкурсқа қатысатын үміткерлер үшін);

10) орталық қызметкерінің ЭЦҚ-мен куәландырылған құжаттардың электрондық көшірмелері нысанында оқу бағдарламасын, мамандығын және кезеңін көрсете отырып, академиялық оқуға шартсыз (қаржылық шарттарды және резидентурада оқуға түскен адамдар үшін шет тілін талап етілетін деңгейге дейін арттыру шартын қоспағанда) тіркелуін растайтын құжаттарды және бар болған жағдайда, шетелдің жоғары оқу орны берген үлгерімі туралы ресми құжатты/оқу мамандығын, курсын

(оқу жылын), нысанын, осы оқу орнында пайдаланылатын бағалау жүйесі туралы ақпаратты, сондай-ақ мемлекеттік немесе орыс тілдеріне нотариалды куәландырылған аудармалары бар, осы оқу орнындағы ағымдағы үлгерімінің орташа балы көрсетілген белгіленген үлгідегі анықтаманы (өз бетімен түскендер санаты бойынша конкурсқа қатысатын үміткерлер үшін);

11) орталық қызметкерінің ЭЦҚ-мен куәландырылған құжатының электрондық көшірмесі нысанында мемлекеттік немесе орыс тілдеріне нотариалды куәландырылған аудармалары бар тағылымдамадан өту мерзімдері, құны (есептері ашып көрсетілген) көрсетілген тағылымдамаға қабылдаушы шетелдік ұйымның шартсыз (қаржылық шарттар мен шет тілін талап етілетін деңгейге дейін арттыру шартын қоспағанда) шақыртуын растайтын құжаттарды (тағылымдамаға үміткерлер санаты бойынша конкурсқа қатысатын үміткерлер үшін);

12) орталық қызметкерінің ЭЦҚ-мен куәландырылған құжатының электрондық көшірмесі нысанында осы стандартқа 4-қосымшаға сәйкес жұмыс органы бекіткен көшірмесі нысаны бойынша жұмыс орнын сақтау шартымен Қазақстан Республикасының жоғары оқу орнынан тапсырысты (жоғары оқу орындарының түлектері санаты бойынша конкурсқа қатысатын үміткерлер үшін);

13) орталық қызметкерінің ЭЦҚ-мен куәландырылған құжатының электрондық көшірмесі нысанында жұмыс органы белгілеген және тағылымдамаға жіберуші және қабылдаушы ұйымдар бекіткен талаптарға сәйкес құрылған тағылымдамадан өту бағдарламасын (тағылымдамаға үміткерлер санаты бойынша конкурсқа қатысатын үміткерлер үшін);

14) орталық қызметкерінің ЭЦҚ-мен куәландырылған құжатының электрондық көшірмесі нысанында осы дәрежені алу үшін шетелдің жетекші жоғары оқу орны белгілеген мерзімдерден аспайтын шетелдің жетекші жоғары оқу орнымен келісілген жеке оқу жоспарын (философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алу үшін өз бетімен түскендер санаты бойынша конкурсқа қатысатын үміткерлер үшін).

ХҚО жеке басын, мемлекеттік ақпараттық жүйелердегі зейнетақы аударымын төлеуді куәландыратын құжаттардың мәліметтерін орталық қызметкерінің ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында ХҚО-ның ақпараттық жүйесі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Порталда:

1) таңдап алған мамандығының/зерттеу тақырыбының және оқу/тағылымдамадан өту елінің негіздемесі көрсетілген өтініш электрондық көшірмелер түрінде электрондық сұрау салуға тіркеледі;

2) осы стандартқа 2-қосымшаға сәйкес жұмыс органы бекітетін нысан бойынша «Болашақ» халықаралық стипендиясын тағайындау конкурсына қатысу үшін үміткерлердің толтырылған сауалнамасы электрондық көшірмелер түрінде электрондық сұрау салуға тіркеледі;

3) шетелге шығатын адамдар үшін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы медициналық анықтама электрондық көшірмелер түрінде электрондық сұрау салуға тіркеледі;

4) қосымшасы бар бакалавр немесе маман дипломы (Қағидалардың 4-тармағының 5) тармақшасында көрсетілген үміткерлер қосымшаны ұсынбайды), сондай-ақ шетелдік білім беру ұйымында оқыған болса, білім туралы құжатты тану және нострификациялау туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесін не Заңның 39-бабының 5-тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, білімі туралы құжатты тану туралы өзге де құжаттың көшірмесі электрондық көшірмелер түрінде электрондық сұрау салуға тіркеледі;

5) жеке куәлік пен паспорт – көшірмесі электрондық көшірмелер түрінде электрондық сұрау салуға тіркеледі;

6) бар болған жағдайда, белгіленген ең төменгі талаптарға сәйкес, нәтижесі бар шет тілінен емтихан тапсырғаны туралы белгіленген нысандағы нақты ресми сертификат электрондық көшірмелер түрінде электрондық сұрау салуға тіркеледі;

7) осы стандартқа 3-қосымшаға сәйкес жұмыс орнын сақтау шартымен жұмыс органы бекіткен нысан бойынша маман дайындауға жұмыс берушінің тапсырысы (бұдан әрі – тапсырыс) (мемлекеттік қызметшілер, ғылыми-педагог қызметкерлер қатарынан философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алу үшін мемлекеттік қызметшілер, ғылыми-педагог қызметкерлер, өз бетімен түскендер санаттары бойынша конкурсқа қатысатын үміткерлер үшін, тағылымдамаға үміткерлер санаты бойынша конкурсқа қатысатындар үшін) электрондық көшірмелер түрінде электрондық сұрау салуға тіркеледі;

8) Қағидаларға сәйкес талап етілетін еңбек қызметінің кезеңдері үшін еңбек қызметін растайтын құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмесі (өз бетімен түскендер, мемлекеттік қызметшілер, ғылыми-педагог қызметкерлер және тағылымдамаға үміткерлер санаттары бойынша конкурсқа қатысатын үміткерлер үшін) электрондық көшірмелер түрінде электрондық сұрау салуға тіркеледі;

9) жұмыс берушіден кепілдеме хатты (мемлекеттік қызметшілер, ғылыми-педагог қызметкерлер қатарынан философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алу үшін өз бетімен түскендерді қоспағанда, өз бетімен түскендер санаты бойынша конкурсқа қатысатын үміткерлер үшін) электрондық көшірмелер түрінде электрондық сұрау салуға тіркеледі;

10) оқу бағдарламасын, мамандығын және кезеңін көрсете отырып, академиялық оқуға шартсыз (қаржылық шарттарды және резидентурада оқуға түскен адамдар үшін шет тілін талап етілетін деңгейге дейін арттыру шартын қоспағанда) тіркелуін растайтын құжаттардың көшірмелері және бар болған жағдайда, шетелдің жоғары оқу орны берген үлгерімі туралы ресми құжатты/оқу мамандығын, курсын (оқу жылын), нысанын, осы оқу орнында пайдаланылатын бағалау жүйесі туралы ақпаратты, сондай-ақ мемлекеттік немесе орыс тілдеріне нотариалды куәландырылған аудармалары бар, осы оқу орнындағы ағымдағы үлгерімінің орташа балы көрсетілген белгіленген үлгідегі анықтаманы (өз бетімен түскендер санаты бойынша конкурсқа қатысатын үміткерлер үшін) электрондық көшірмелер түрінде электрондық сұрау салуға тіркеледі;

11) мемлекеттік немесе орыс тілдеріне нотариалды куәландырылған аудармалары берілген мерзімдері, құны (есептері ашып көрсетілген) көрсетілген қабылдаушы шетелдік ұйымның шартсыз (қаржылық шарттар мен шет тілін талап етілетін деңгейге дейін арттыру шартын қоспағанда) шақыртуын растайтын құжаттардың көшірмелері (тағылымдамаға үміткерлер санаты бойынша конкурсқа қатысатын үміткерлер үшін) электрондық көшірмелер түрінде электрондық сұрау салуға тіркеледі;

12) осы стандартқа 4-қосымшаға сәйкес жұмыс органы бекіткен нысан бойынша жұмыс орнын сақтау шартымен Қазақстан Республикасының жоғары оқу орнынан тапсырыс және осы жоғары оқу орнының ғылыми кеңесінің ұсынымы (жоғары оқу орындарының түлектері санаты бойынша конкурсқа қатысатын үміткерлер үшін) электрондық көшірмелер түрінде электрондық сұрау салуға тіркеледі;

13) жұмыс органы белгілеген және тағылымдамаға жіберуші және қабылдаушы ұйымдар бекіткен талаптарға сәйкес құрылған тағылымдамадан өту бағдарламасы (тағылымдамаға үміткерлер санаты бойынша конкурсқа қатысатын үміткерлер үшін) электрондық көшірмелер түрінде электрондық сұрау салуға тіркеледі;

14) осы дәрежені алу үшін шетелдің жетекші жоғары оқу орны белгілеген мерзімдерден аспайтын шетелдің жетекші жоғары оқу орнымен келісілген жеке оқу жоспары (философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алу үшін өз бетімен түскендер санаты бойынша конкурсқа қатысатын үміткерлер үшін) электрондық көшірмелер түрінде электрондық сұрау салуға тіркеледі.

Мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған жеке басын, зейнетақы аударымдарын төлеуді куәландыратын құжаттардың мәліметтерін мемлекеттік қызметті алушы уәкілетті лауазымды тұлғаның ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында тиісті мемлекеттік жүйелерден алады.

12. Оқу немесе тағылымдамадан өту үшін сауалнама нысандары, жұмыс органы белгілеген тапсырыстар және мемлекеттік қызметтер алу туралы басқа да ақпараттар уәкілетті ұйымның интернет-ресурсында www.bolashak.gov.kz мекенжайы бойынша уәкілетті ұйымның немесе орталықтың күту залында стендтерде және арнайы бағандарда www.e.gov.kz мекенжайы бойынша порталда орналастырылған.

Портал арқылы хабарласқан кезде мемлекеттік қызметті алушы электрондық құжат нысанында сауалды толтыруы қажет.

13. Құжаттарды қабылдау, мекенжайы мен телефоны www.bolashak.gov.kz электрондық поштасы мекенжайы бойынша уәкілетті ұйымның интернет-ресурсында «Үміткер/Байланысу» бөлімінде қолжетімді уәкілетті ұйымның құжаттарды қабылдау және конкурсты ұйымдастыру бөлімінде жүзеге асырылады.

Орталықтарда құжаттарды қабылдау «кедергісіз» қызмет көрсету арқылы операциялық залда жүзеге асырылады.

Порталға хабарласу кезінде электронды сауалды жіберу мемлекеттік қызметті алушының «жеке кабинетінде» жүзеге асырылады. Сауал автоматты түрде уәкілетті ұйымға – таңдап алған қызметке сәйкес адресатқа жіберіледі.

14. Мемлекеттік қызметті пайдаланушыға уәкілетті ұйымға өтініш жасаған кезде мыналар

көрсетіле отырып, осы стандарттың 11-тармағында көрсетілген құжаттарды қабылдау туралы қолхат беріледі:

- 1) конкурстық іріктеуге рұқсат беру туралы не жеке тәртіппен қарау үшін Жұмыс органына құжаттарды жіберу туралы ақпарат;
- 2) тапсырылған құжаттардың қабылдау күні мен тізбесі;
- 3) құжаттарды қабылдаған қызметкердің тегі, аты, әкесінің аты, сондай-ақ байланыс деректері, портал арқылы байланысқан жағдайда, құжаттарды қабылдау және конкурсты ұйымдастыру бөлімінің байланысу деректерімен уәкілетті адамның электрондық цифрлық қолтаңбасы бар қолхат беріледі.

Орталыққа өтініш жасаған кезде мемлекеттік қызметті алушыға:

- 1) сауалды қабылдау нөмірі мен күні;
- 2) сұратылған мемлекеттік қызметтің түрі;
- 3) қосымша берілген құжаттардың саны мен атаулары;
- 4) құжаттарды беру күні, уақыты мен орны;
- 5) құжаттарды ресімдеуге өтініш қабылдаған орталық инспекторының тегі, аты, әкесінің аты көрсетілген құжаттарды қабылдау туралы қолхат беріледі.

Портал арқылы өтініш жасаған кезде мемлекеттік қызметті алушыға порталда «жеке кабинетке» мемлекеттік қызметті алушының мемлекеттік қызмет нәтижесін алған күні мен уақыты көрсетіле отырып, мемлекеттік қызмет көрсету үшін сауалдың қабылданғаны туралы есеп-хабарлама жіберіледі.

15. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі мемлекеттік қызметті алушыға:

- 1) уәкілетті ұйымда – осы стандарттың 1-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша қолма-қол әкеп беру арқылы (мемлекеттік қызметті алушының өзінің немесе сенімхат бойынша өкілінің келуі);
- 2) орталықта – қолхат негізінде құжаттар тапсырылған орталыққа қолма-қол әкеп беру арқылы (мемлекеттік қызметті алушының өзінің немесе сенімхат бойынша өкілінің келуі);
- 3) порталда – мемлекеттік қызметті алушының «жеке кабинетіне» жеткізіледі.

16. Уәкілетті ұйым осы стандарттың 11-тармағында көрсетілген құжаттардың бірін мемлекеттік қызметті алушы ұсынбаған жағдайда, Қағидалардың 11-тармағында көрсетілген жағдайларда, сондай-ақ «Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 40-бабында көзделген негіздер бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

3. Жұмыс қағидаттары

17. Уәкілетті ұйымның және орталықтың қызметі адамның конституциялық құқықтарын, қызметтік борышын орындау кезінде заңдылықты сақтау қағидаттарына негізделеді және сыпайылық, толық ақпаратты ұсыну, оның сақталуын, қорғалуын және құпиялылығын қамтамасыз ету қағидаттарында жүзеге асырылады.

4. Жұмыс нәтижелері

18. Мемлекеттік қызметті алушыларға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері осы стандартқа 5-қосымшаға сәйкес сапа және қолжетімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

19. Уәкілетті ұйымның, орталықтың жұмысы бағаланатын мемлекеттік қызметтің сапасы мен тиімділік көрсеткіштерінің мақсатты мәндері жыл сайын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығымен бекітіледі.

5. Шағымдану тәртібі

20. Уәкілетті ұйым қызметкерінің немесе орталық қызметкерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібін түсіндіру және шағымды дайындауда жәрдем көрсету үшін мемлекеттік қызметті алушы мекенжайлары осы стандартқа 1 және 6-қосымшаларда көрсетілген уәкілетті ұйымның немесе орталықтың басшылығына өтініш жасайды.

Уәкілетті ұйым, орталық қызметкерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі туралы ақпаратты call-орталықтың 1414 телефоны бойынша не порталдан алуға болады.

21. Мемлекеттік қызметті алушылар көрсетілген қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда жоғарғы инстанцияға – 010000, Астана қаласы, Орынбор көшесі, № 8 үй, тел.: +77172742362 мекенжайы бойынша орналасқан Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне (интернет-ресурс: www.edu.gov.kz), оның ішінде портал арқылы жүгіне алады.

22. Уәкілетті ұйымның немесе орталықтың қызметкері дәрекі қызмет көрсеткен жағдайда, шағымды мемлекеттік қызметті алушы уәкілетті ұйымның бірінші басшысының атына не мекенжайы мен телефоны осы стандарттың 26-тармағында көрсетілген орталық РМК басшысына еркін нысанда жазбаша түрде кеңсеге (104-кабинет) мереке және демалыс күндерін қоспағанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен, сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін тапсырады. Қажет болған жағдайда, мәселенің сипатына қарай қосымша құжаттар қоса беріледі.

23. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, мемлекеттік қызметті алушы заңнамада белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы.

24. Шағымдар қолданыстағы заңнамада көзделген жағдайларда ауызша немесе пошта арқылы немесе электрондық түрде (уәкілетті ұйымның электрондық поштасының мекенжайы: www.bolashak.gov.kz) жазбаша нысанда, не уәкілетті ұйымның және Орталықтың кеңсесі арқылы жұмыс күндері әкелініп тапсырылады.

25. Қабылданған шағым уәкілетті органның, Орталықтың кіріс хат-хабарлар журналында тіркеледі және «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» 2007 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген мерзімдерде қаралады.

Мемлекеттік қызметті алушыға оның шағымының қабылданғаны туралы растама ретінде берілген шағымға жауап берілетін күні мен уақыты, байланыс деректері, шағымды қарастыру барысын білуге болатын адамның тегі және аты-жөні көрсетілген талон беріледі.

Шағымды қарау нәтижелері туралы мемлекеттік қызметті алушыға пошта арқылы жазбаша түрде хабарланады.

26. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі Мемлекеттік қызметтерді автоматтандыруды бақылау және халыққа қызмет көрсету орталықтарының қызметін үйлестіру комитетінің «Халыққа қызмет көрсету орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны: Астана қаласы, Республика даңғылы, 43А үй, телефоны 87172-94-99-95, интернет-ресурс: www.con.gov.kz.

«Болашақ» халықаралық стипендиясын тағайындауға арналған конкурсқа қатысу үшін құжаттар қабылдау» мемлекеттік қызмет стандартына 1-қосымша

Халыққа қызмет көрсету орталықтарының тізімі

Р/с №	Орталықтар атауы (филиалдар, бөлімдер, бөлімшелер)	Орналасқан мекенжайы	Байланыс деректері
1	2	3	4
«Ақмола облысы бойынша ХҚО» РМК филиалы			
1	«Ақмола облысы бойынша ХҚО» РМК филиалы	Көкшетау қ., Әуезов к-сі, 189 «а»	8 (7162) 40-10-76 8 (7162) 40-10-63
2	Көкшетау қалалық бөлімі	Көкшетау қ., Біржан сал к-сі, 42-үй	8 (7162) 25-00-67 8 (7162) 25-06-21
3	Красный Яр ауылының аудандық бөлімі	Көкшетау қ., Красный Яр ауылы, Ленин к-сі, 65-үй	8 (7162) 40-43-27

4	Ақкөл аудандық бөлімі	Ақкөл қ., Нұрмағамбетов к-сі, 102-үй	8 (71638) 2-09-96 8 (71638) 2-18-49
5	Аршалы аудандық бөлімі	Аршалы кенті, М. Мәметова к-сі, 19-үй	8 (71644) 2-10-77 8 (71644) 2-28-28 8 (71644) 2-10-77
6	Атбасар аудандық бөлімі	Атбасар қ., Уәлиханов к-сі, 11-үй	8 (71643) 2-45-94 8 (71643) 4-07-22 8 (71643) 4-12-58
7	Астрахан аудандық бөлімі	Астраханка ауылы, Әл-Фараби к-сі, 44-үй	8 (71641) 2-35-96 8 (71641) 2-21-94
8	Бұланды аудандық бөлімі	Макинск қ., Сейфуллин к-сі, 18 «б» үй	8 (71646) 2-37-20 8 (71646) 2-37-81
9	Бурабай аудандық бөлімі	Щучинск қ., Абылай хан к-сі, 28-үй	8 (71636) 4-29-97 8 (71636) 4-28-91 8 (71636) 4-59-28
10	Егіндікөл аудандық бөлімі	Егіндікөл ауылы, Жеңіс к-сі, 7-үй	8 (71642) 2-12-57
11	Ерейментау аудандық бөлімі	Ерейментау қ., Мұсабаев к-сі, 15-үй	8 (71633) 2-44-92
12	Еңбекшілдер аудандық бөлімі	Степняк қ., Сыздықов к-сі, 2 «а» үй	8 (71639) 2-22-41 8 (71639) 2-22-42 8 (71639) 2-22-18
13	Есіл аудандық бөлімі	Есіл қ., Жеңіс к-сі, 56-үй	8 (71647) 2-22-07
14	Жарқайың аудандық бөлімі	Державинск қ., Ғабдуллин к-сі, 104	8 (71648) 9-00-35 8 (71647) 2-22-05
15	Жақсы аудандық бөлімі	Жақсы ауылы, Ленин к-сі, 8-үй	8 (71635) 2-17-10
16	Зеренді аудандық бөлімі	Зеренді ауылы, Бейбітшілік к-сі, 52-үй	8 (71632) 2-00-74 8 (71632) 2-29-43
17	Қорғалжын аудандық бөлімі	Қорғалжын ауылы, Абай к-сі, 44 «а» үй	8 (71637) 2-17-83 8 (71637) 2-20-36
18	Степногор аудандық бөлімі	Степногор қ., 4-шағын ауданы, 7-үй	8 (71645) 2-00-40 8 (71645) 2-00-30
19	Сандықтау аудандық бөлімі	Балкашино ауылы, Абылай хан к-сі, 119-үй	8 (71640) 9-26-66
20	Целиноград аудандық бөлімі	Ақмол ауылы, Гагарин к-сі, 15-үй	8 (71651) 3-12-30 8 (71651) 3-11-98
21	Шортанды аудандық бөлімі	Шортанды кенті, Безымянный айналма к-сі, 1-үй	8 (71631) 2-17-97
«Ақтөбе облысы бойынша ХҚО» РМК филиалы			
1.	«Ақтөбе облысы бойынша ХҚО» РМК филиалы	Ақтөбе қ., Тургенев к-сі, 109	8 (7132) 56-57-87
2.	Ақтөбе қалалық № 1 бөлімі	Ақтөбе қ., Тургенев к-сі, 109	8 (7132) 57-80-27
3.	Қарғалы аудандық бөлімі	Қарғалы (Жилянка) ауылы, Сәтбаев к-сі, 10	8 (7132) 98-60-06 8 (7132) 98-60-05
4.	Алға аудандық бөлімі	Алға қ., Киров к-сі, 23	8 (71337) 3-20-79 8 (71337) 3-10-96

5.	Мәртөк аудандық бөлімі	Мәртөк кенті, Байтұрсынов к-сі, 1 «б»	8 (71331) 22-4-13 8 (71331) 22-1-14
6.	Хромтау аудандық бөлімі	Хромтау қ., Абай к-сі, 12	8 (71336) 26-6-33 8 (71336) 26-6-34
7.	Қандыағаш аудандық бөлімі	Қандыағаш қ., Жастар шағын ауданы, 47 «б»	8 (71333) 30-2-19 8 (71333) 30-2-18
8.	Ембі аудандық бөлімі	Ембі қ., Әміров к-сі, 10	8 (71334) 23-9-83
9.	Темір аудандық № 8 бөлімі	Шұбарқұдық қ., Байғанин к-сі, 15 «а»	8 (71346) 23-5-83 8 (71334) 23-9-87
10.	Қобда аудандық бөлімі	Қобда кенті, Нұрымжанов айналма к-сі, 2	8 (71341) 22-1-47 8 (71341) 22-1-38
11.	Қарғалы аудандық бөлімі	Бадамша ауылы, Әйтеке би к-сі, 27	8 (71342) 23-4-64 8 (71342) 23-4-62
12.	Ойыл аудандық бөлімі	Ойыл ауылы, Көкжар ауылы, 64	8 (71332) 21-1-81 8 (71332) 21-1-82
13.	Әйтеке би аудандық № 12 бөлімі	Комсомольское ауылы, Балдырған к-сі, 10	8 (71339) 22-3-73 8 (71339) 22-3-74
14.	Байғанин аудандық бөлімі	Қарауылкелді ауылы, Барақ батыр к-сі, 41 «а» үй	8 (71345) 23-5-86 8 (71345) 23-5-87
15.	Ырғыз аудандық бөлімі	Ырғыз ауылы, Жангелдин к-сі, 7	8 (71343) 21-8-28
16.	Шалқар аудандық бөлімі	Шалқар қ., Әйтеке би к-сі, 63	8 (71335) 23-6-10 8 (71335) 23-6-11
«Алматы облысы бойынша ХҚО» РМК филиалы			
1.	«Алматы облысы бойынша ХҚО» РМК филиалы	Талдықорған қ., Тәуелсіздік к-сі, 67 «б»	8 (7282) 24-15-06 8 (7282) 24-41-33
2.	Ақсу аудандық бөлімі	Жансүгіров кенті, Қабанбай батыр к-сі, 20	8 (72832) 2-14-51
3.	Қапал бөлімшесі	Қапал ауылы, Алпысбаев к-сі, 3	8 (72841) 2-17-60
4.	Алакөл аудандық бөлімі	Үшарал қ., 8 наурыз к-сі, 63	8 (72833) 2-35-46 8 (72833) 2-35-48
5.	Қабанбай бөлімшесі	Қабанбай кенті, Абылай хан к-сі, 237	8 (72837) 4-13-85
6.	Балқаш аудандық бөлімі	Бақанас ауылы, Бижанов к-сі, 25 «а»	8 (72773) 95-2-22 8 (72773) 9-18-20
7.	Еңбекшіқазақ аудандық бөлімі	Есік қ., Абай к-сі, 314 «а» үй	8 (72775) 4-54-70 8 (72775) 4-54-69
8.	Шелек бөлімшесі	Шелек ауылы, Бижанов к-сі, 100	8 (72775) 2-34-96 8 (72775) 2-34-97
9.	Ескелді аудандық бөлімі	Қарабұлақ қ., Оразбеков к-сі, 52	8 (72836) 3-22-16
10.	Жамбыл аудандық бөлімі	Ұзынағаш қ., Мәжитов к-сі, 1	8 (72770) 2-30-90
11.	Іле аудандық бөлімі	Өтеген батыр к-сі, Қуат шағын ауданы, Тәуелсіздік к-сі, 25	8 (727) 251-74-46 8 (727) 251-74-47
12.	Боралдай бөлімшесі	Боралдай ауылы, Вокзальная к-сі, 6 «а» үй	8 (72738) 7-82-42
13.	Қараой бөлімшесі	Қараой ауылы, Тыңдала к-сі, 9	8 (7275) 24-88-10

14.	Ақши бөлімшесі	Ақши ауылы, Қонаев к-сі, 29	
15.	Қарасай аудандық бөлімі	Қаскелең қ., Жанғозин к-сі, 38	8 (72771) 2-56-86 8 (72771) 2-56-96
16.	Тау Самалы бөлімшесі	Тау Самалы кенті, Рысқұлов к-сі, 129	8 (727) 391-38-58
17.	Шамалған бөлімшесі	Шамалған станциясы, Қонаев к-сі, 1 «В» үй	8 (7272) 93-66-33
18.	Қаратал аудандық бөлімі	Үштөбе қ., Абылайхан к-сі, 22	8 (72834) 2-02-07 8 (72834) 2-20-92
19.	Кербұлақ аудандық бөлімі	Сарыөзек қ., Момышұлы к-сі, н/ж	8 (72840) 3-25-88
20.	Қоғалы бөлімшесі	Қоғалы кенті, Желтоқсан к-сі, 45	8 (72842) 9-10-59
21.	Көксу аудандық бөлімі	Балпық би кенті, Измайлов к-сі, 10	8 (72838) 2-16-19 8 (72838) 2-16-18
22.	Қапшағай аудандық бөлімі	Қапшағай қ., Қонаев к-сі, 41	8 (72772) 4-79-61 8 (72772) 4-79-60
23.	Шеңгелді бөлімшесі	Шеңгелді ауылы, Сейфуллин к-сі, 34	8 (72772) 7-11-94
24.	Сарқант аудандық бөлімі	Сарқант қ., Жамбыл к-сі, н/ж	8 (72839) 2-35-80 8 (72839) 2-37-14
25.	Лепсі бөлімшесі	Лепсі станциясы, Төлебаев к-сі, 1	8 (72843) 2-10-16
26.	Райымбек аудандық бөлімі	Кеген ауылы, Момышұлы к-сі, н/ж	8 (72777) 2-20-84 8 (72777) 2-20-82 8 (72777) 2-18-78
27.	Нарынқол бөлімшесі	Нарынқол ауылы, Райымбек к-сі, н/ж	8 (72779) 2-11-65
28.	Панфилов аудандық бөлімі	Жаркент қ., Головацкий к-сі, н/ж	8 (72831) 5-51-11
29.	Талғар аудандық бөлімі	Талғар қ., Лермонтов к-сі, 53 «а» үй	8 (727) 388-11-30 8 (72774) 2-21-43 8 (72774) 2-21-33
30.	Нұра бөлімшесі	Нұра ауылы, Школьная к-сі, 10	8 (72774) 5-80-62
31.	Талдықорған қалалық бөлімі	Талдықорған қ., Тәуелсіздік к-сі, 67 «б» үй	8 (7282) 24-49-75 8 (7282) 24-40-43
32.	Текелі қалалық бөлімі	Текелі қ., Октябрьская к-сі, 7	8 (72835) 4-35-38 8 (72835) 4-35-18
33.	Ұйғыр аудандық бөлімі	Шонжы ауылы, Қасымбеков к-сі, 35	8 (72778) 2-43-35 8 (72778) 2-43-31 8 (72778) 2-43-32
«Атырау облысы бойынша ХҚО» РМК филиалы			
1.	«Атырау облысы бойынша ХҚО» РМК филиалы	Атырау қ., Сәтбаев к-сі, 23-үй	8 (7122) 21-34-67
2.	Облыстық бөлім	Атырау қ., Сәтбаев к-сі, 23-үй	8 (7122) 21-29-42
3.	№ 1 қалалық бөлім	Атырау қ., Баймұханов к-сі, 16 «а» үй	8 (7122) 35-75-05 8 (7122) 35-75-30
4.	№ 2 қалалық бөлім	Атырау қ., Балықшы ауылы, Байжігітов к-сі, 80 «а» үй	8 (7122) 24-34-90 8 (7122) 24-37-89

5.	Индер аудандық бөлімі	Индербор кенті, Меңдіғалиев к-сі, 30	8 (71234) 2-12-96 8 (71234) 2-18-38
6.	Махамбет аудандық бөлімі	Махамбет ауылы, Абай к-сі, 10-үй	8 (71236) 2-24-96 8 (71236) 2-15-25
7.	Қызылқоға аудандық бөлімі	Миялы ауылы, Абай к-сі, 1-үй	8 (71238) 2-20-46 8 (71238) 2-20-27
8.	Жылыой аудандық бөлімі	Құлсары қ., Бейбітшілік к-сі, 8	8 (71237) 5-03-54 8 (71237) 5-01-28
9.	Құрманғазы аудандық бөлімі	Ганюшкино ауданы, Есболаев к-сі, 66 «а» үй	8 (71233) 2-05-13 8 (71233) 2-07-14
10.	Мақат аудандық бөлімі	Мақат кенті, Центральная к-сі, 2	8 (71239) 3-22-97 8 (71239) 3-22-96
11.	Исатай аудандық бөлімі	Аққыстау ауылы, Егеменді Қазақстан к-сі, 9-үй	8 (71231) 2-16-70 8 (71231) 2-16-69
«Шығыс Қазақстан облысы бойынша ХҚО» РМК филиалы			
1.	«Шығыс Қазақстан облысы бойынша ХҚО» РМК филиалы	Өскемен қ., Белинский к-сі, 37 «а» үй	8 (7232) 78-42-36 8 (7232) 28-94-67
2.	Өскемен қалалық № 1 бөлімі	Өскемен қ., Сәтбаев д-лы, 20/1	8 (7232) 60-39-22
3.	Өскемен қалалық № 2 бөлімі	Өскемен қ., Қазақстан к-сі, 99/1	8 (7232) 57-83-88 8 (7232) 22-81-37
4.	Глубокое аудандық бөлімі	Глубокое кенті, Попович к-сі, 22	8 (72331) 2-23-35
5.	Зайсан қалалық бөлімі	Зайсан қ., Жангелдин к-сі, 52 «а»	8 (72340) 2-67-81
6.	Зырян аудандық бөлімі	Зырян қ., Стаханов к-сі, 39	8 (72335) 6-02-39
7.	Катон-Қарағай аудандық бөлімі	Үлкен Нарын ауылы, Абылайхан к-сі, 96	8 (72341) 2-23-60
8.	Күршім аудандық бөлімі	Күршім қ., Б. Момышұлы к-сі, 77	8 (72339) 2-13-10
9.	Риддер аудандық бөлімі	Риддер қ., Семей к-сі, 12	8 (72336) 4-62-62
10.	Тарбағатай аудандық бөлімі	Ақсуат ауылы, Абылай хан к-сі, 23	8 (72346) 2-24-96
11.	Ұлан аудандық бөлімі	Молодежный кенті, 9-үй	8 (72338) 2-78-96
12.	Шемонаиха қалалық бөлімі	Шемонаиха қ., 3-шағын ауданы, 12	8 (72332) 3-41-00
13.	Семей № 1 қалалық бөлімі	Семей қ., 408-орам, 21	8 (7222) 33-57-97 8 (7222) 33-55-93
14.	Семей № 2 қалалық бөлімі	Семей қ., Найманбаев к-сі, 161 «а»	8 (7222) 52-69-29
15.	Абай аудандық бөлімі	Қарауыл ауылы, Құнанбаев к-сі, 12	8 (72252) 2-22-64
16.	Аягөз қалалық бөлімі	Аягөз қ., Дүйсенов к-сі, 84	8 (72237) 5-24-32
17.	Бесқарағай аудандық бөлімі	Бесқарағай ауылы, Пушкин к-сі, 2 «а» үй	8 (72236) 9-06-30
18.	Бородулиха аудандық бөлімі	Бородулиха ауылы, Молодежная к-сі, 25	8 (72351) 2-20-48
19.	Жарма аудандық бөлімі	Қалбатау ауылы, Достық к-сі, 98	8 (72347) 6-54-00
20.	Курчатов аудандық бөлімі	Курчатов қ., Абай к-сі, 12	8 (72251) 2-21-66
21.	Көкпекті аудандық бөлімі	Көкпекті ауылы, Шериаздан к-сі, 38	8 (72348) 2-21-71
22.	Үржар аудандық бөлімі	Үржар ауылы, Абылай хан к-сі, 116	8 (72230) 2-19-85

«Жамбыл облысы бойынша ХҚО» РМК филиалы

1.	«Жамбыл облысы бойынша ХҚО» РМК филиалы	Тараз қ., Абай д-лы, 232	8 (7262) 56-90-01 8 (7262) 46-00-28
2.	Тараз қалалық бөлімі	Тараз қ., Қ. Қойгелді к-сі, 158 «а» үй	8 (7262) 43-84-21
3.	№ 1 бөлім	Тараз қ., Сәтпаев к-сі, 1 «б» үй	8 (7262) 56-90-27
4.	№ 2 бөлім	Тараз қ., Талас шағын ауданы, 2	8 (72622) 6-17-78
5.	№ 3 бөлім	Тараз қ., Абай д-лы, 232	8 (7262) 56-90-04
6.	Байзақ аудандық бөлімі	Сарыкемер ауылы, Медеуов к-сі, 33	8 (72637) 2-28-04
7.	Жамбыл аудандық бөлімі	Аса қ., Абай к-сі, 127	8 (72633) 2-11-99
8.	Жуалы аудандық бөлімі	Б. Момышұлы ауылы, Сауранбекұлы к-сі, 49	8 (72635) 5-02-46
9.	Қордай аудандық бөлімі	Қордай ауылы, Домалақ ана к-сі, 215	8 (72636) 2-13-52
10.	Мерке аудандық бөлімі	Мерке ауылы, Исмайылов к-сі, 232	8 (72632) 4-42-54
11.	Мойынқұм аудандық бөлімі	Мойынқұм ауылы, Рысқұлбеков к-сі, 215	8 (72642) 2-47-93
12.	Сарысу аудандық бөлімі	Жаңатас қ., Жібек жолы к-сі, 1	8 (72634) 6-33-00
13.	Талас аудандық бөлімі	Қаратау қ., Молдағұлов к-сі, 51	8 (72644) 6-33-93
14.	Т. Рысқұлов аудандық бөлімі	Құлан ауылы, Жібек жолы ауылы, 71	8 (72631) 2-18-10
15.	Шу аудандық бөлімі	Шу қ., Автобазовская к-сі, 1	8 (72643) 2-17-97
16.	Гродеково ауылдық бөлімі	Гродеково ауылы, Мир к-сі, 88	8 (72633) 3-16-76 8 (7262) 51-23-24

«Батыс Қазақстан облысы бойынша ХҚО» РМК филиалы

1.	«Батыс Қазақстан облысы бойынша ХҚО» РМК филиалы	Орал қ., Жамбыл к-сі, 81/2 үй	8 (7112) 23-68-81 8 (7112) 28-25-27 8 (7112) 28-29-14
2.	Ақжайық аудандық бөлімі	Чапаев ауылы, Ақжайық тұйық к-сі, 2	8 (7113) 69-25-80
3.	Бекейорда ауданы бойынша бөлім	Сайқын қ., Берғалиев к-сі, 1	8 (7114) 02-18-47 8 (7114) 02-18-35
4.	Берлі ауданы бойынша бөлім	Ақсай қ., Железнодорожная к-сі, 121 «а» үй	8 (7113) 33-55-50 8 (7113) 33-67-78
5.	Жаңақала ауданы бойынша бөлім	Жаңақала ауылы, Халықтар достығы к-сі, 63 «а» үй	8 (7114) 12-24-03 8 (7114) 12-24-04
6.	Жәнібек ауданы бойынша бөлім	Жәнібек ауылы, Иманов к-сі, 79	8 (7113) 52-24-25
7.	Зеленов ауданы бойынша бөлім	Переметное ауылы, Гагарин к-сі, 69 «б» үй	8 (7113) 02-36-14 8 (7113) 02-36-16
8.	Казталов ауданы бойынша бөлім	Казталов ауылы, Лұқманов к-сі, 22 «а»	8 (7114) 43-22-04 8 (7114) 43-22-05
9.	Қаратөбе ауданы бойынша бөлім	Қаратөбе ауылы, Құрманғалиев к-сі, 23/1	8 (7114) 53-18-00 8 (7114) 53-14-63
10.	Сырым ауданы бойынша бөлім	Жымпиты ауылы, Қазақстан к-сі, 11/2	8 (7113) 43-14-46 8 (7113) 43-14-47
11.	Тасқала ауданы бойынша бөлім	Тасқала ауылы, Вокзальная к-сі, 6	8 (7113) 92-23-98 8 (7113) 92-19-79

12.	Теректі ауданы бойынша бөлім	Федоровка ауылы, Юбилейная к-сі, 24	8 (7113) 22-33-78 8 (7113) 22-33-79
13.	Шыңғырлау ауданы бойынша бөлім	Шыңғырлау ауылы, Тайманов к-сі, 95	8 (7113) 73-33-11 8 (7113) 73-44-20
14.	Казталов ауданы бойынша бөлім	Жалпақтал ауылы, С. Датұлы, 23	8 (7113) 82-10-44 8 (7113) 82-10-45
15.	Дарьинский ауылдық округі бойынша бөлім	Дарьинское ауылы, Балдырған к-сі, 27/1	8 (7113) 12-40-80 8 (7113) 12-40-82
16.	Ақжайық ауданы Тайпақ ауылдық округі бойынша бөлім	Тайпақ ауылы, Шемакин к-сі, 13	8 (7114) 22-18-84
17.	Теректі ауданы Ақжайық ауылдық округі бойынша бөлім	Ақжайық ауылы, Ақжайық к-сі, 5	8 (7114) 39-13-16
«Қарағанды облысы бойынша ХҚО» РМК филиалы			
1.	«Қарағанды облысы бойынша ХҚО» РМК филиалы	Қарағанды қ., Чкалов к-сі, 7	8 (7212) 41-63-10
2.	№ 1 қалалық бөлім	Қарағанды қ., Ержанов к-сі, 47/3	8 (7212) 33-13-10
3.	№ 2 қалалық бөлім	Қарағанды қ., Чкалов к-сі, 7	8 (7212) 41-03-92
4.	№ 3 қалалық бөлім	Қарағанды қ., Мұқанов к-сі, 5	8 (7212) 77-26-57
5.	№ 4 қалалық бөлім	Қарағанды қ., Архитектурная к-сі, 8	8 (7212) 45-71-01
6.	№ 5 қалалық бөлім	Қарағанды қ., 21-шағын ауданы, 6/7 үй	8 (7212) 32-92-51
2) порталға call-орталықтың (1414) телефон нөмірі арқылы жолданады.

23. Мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда мемлекеттік қызметті алушының заңнамада белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

24. Шағым көрсетілген мәселелерді шешу құзыретіне кіретін субъект немесе лауазымды тұлғаның атына жіберілуі керек.

Шағымда тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатта болған жағдайда), пошталық мекенжайы, мерзімі көрсетіледі. Шағымға мемлекеттік қызметті алушының қолы қойылуы тиіс. Шағым берілген кезде шағымданған лауазымды тұлғаның аты-жөні, лауазымы, шағымдану себебі мен талаптары көрсетіледі.

25. Қабылданған шағым уәкілетті органның жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін есепке алу журналында тіркеледі және «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы Заңында белгіленген мерзімде қаралады. Өтініш берушіге мерзімі мен уақыты, өтінішті (шағымды) қабылдаған тұлғаның аты-жөні көрсетілген талон беріледі. Шағымданушыға шағымның нәтижелері туралы жазбаша түрде пошта арқылы хабарланады.

26. Мемлекеттік қызметті алушының «жеке кабинетінен» портал арқылы электрондық өтініш жіберілгеннен кейін мемлекеттік органда өтініштерді өңдеу барысында жаңартылатын өтініш туралы (жеткізілгені туралы белгі, тіркеу, орындалуы, қаралғаны туралы немесе қаралудан бас тартылғаны туралы жауапты) ақпарат қолжетімді болады.

«Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруге лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік қызмет стандартына
1-қосымша

Кесте. Сапа және тиімділік көрсеткіштерінің мәні

Сапа және тиімділік көрсеткіштері	Көрсеткіштің нормативтік мәні	Келесі жылдағы көрсеткіштің нысаналы мәні	Есеп жылындағы көрсеткіштің ағымдағы мәні
1	2	3	4
1. Уақытылық			
1.1. құжат тапсырылған кезден белгіленген мерзімде қызмет көрсету жағдайларының % (үлесі)			
2. Сапа			
2.1. қызмет көрсету барысының сапасына қанағат болған тұтынушылар % (үлесі)			
3. Қолжетімділік			
3.1. қызмет көрсету сапасы және қызмет көрсету туралы ақпаратқа қанағат болған тұтынушылар % (үлесі)			
3.2. ол туралы ақпарат электрондық түрде қолжетімді қызметтер % (үлесі)			
4. Шағымдану барысы			
4.1. осы қызмет бойынша қызмет көрсетілген тұтынушылардың жалпы санына негізделген шағымдардың % (үлесі)			
5. Сыпайылық			
5.1. персоналдың сыпайылығына қанағат болған тұтынушылардың % (үлесі)			

«Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруге лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік қызмет стандартына
2-қосымша

Лауазымдың тұлғалардың байланыс деректері

№	Аты-жөні	Лауазымы	Мекенжай	Телефон
1	2	3	4	5
1	Ахметов Әлтайыр Амангелдіұлы	ҚР БҒМ білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті төрағасының орынбасары	Астана қаласы Орынбор көшесі, 8, Министрліктер үйі 11-кіреберіс, 841-каб.	74-15-43
2	Бөлебаева Ләззат Кайдирбекқызы	ҚР БҒМ білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті төрағасының орынбасары	Астана қаласы Орынбор көшесі, 8, Министрліктер үйі 11-кіреберіс, 946-каб.	74-22-14
3	Гаипов Зұлфұхар Сұлтанұлы	ҚР БҒМ білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті төрағасының орынбасары	Астана қаласы Орынбор көшесі, 8, Министрліктер үйі 11-кіреберіс, 837-каб.	74-23-75

«Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруге лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік қызмет стандартына
3-қосымша

Жоғары және жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын заңды тұлғалардың білім беру қызметін лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптары

Ескерту. Стандарт 3-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 09.07.2013 № 699 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р/с №	Біліктілік талаптары	Құжаттар	Ескертпе
1	2	3	4
Жоғары және жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін			
		Бакалавриат және магистратура мамандықтары бойынша лицензияларының болуы туралы	

1.	Жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыру	деректер нысаны (осы біліктілік талаптарына 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша)	Лицензиялардың мәртебесі «Е-лицензиялау» МДҚ А пайдалана отырып текс
2.	Оқу жұмыс жоспарларының үлгілік оқу жоспарларына сәйкестігі	Білім беру ұйымының басшысы бекіткен үлгілік оқу жоспарларына сәйкес әзірленген оқу жұмыс жоспарларының көшірмелері	
3.	Сұратылып отырған мамандыққа сәйкес ұлттық зерттеу университеттері, зерттеу университеттері, ұлттық жоғары оқу орындары, университеттер, академиялар үшін - ғылыми-зерттеу және педагогикалық қызмет жүргізу, кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау; институттар (консерваториялар, жоғары мектептер, жоғары училищелер) үшін - педагогикалық қызмет, кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау	Білім беру ұйымының ғылыми-зерттеу және педагогикалық жұмыстары туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша)	
		Сұратылып отырған мамандыққа сәйкес соңғы үш жылда өткен курстары, пәндері, орны мен уақыты көрсетіле отырып, біліктілігін арттыру туралы ақпаратты қамтитын кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлану туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша)	
4.	Бір оқытушыға есептегендегі студенттер контингентінің білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандартына сәйкестігі	Сұратылып отырған мамандыққа алдын ала контингент туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша)	
5.	Олардың жалпы санынан штаттағы оқытушылардың үлесі, оның ішінде білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандартының базалық циклдері мен бейінді пәндері бойынша: ұлттық зерттеу университеттері, ұлттық жоғары оқу орындары, университеттер, академиялар үшін кемінде 80 %; институттар (консерваториялар, жоғары мектептер, жоғары училищелер) - кемінде 70 %; педагогикалық мамандықтар үшін білім беру ұйымының түріне қарамастан кемінде 80 %	Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша)	
	Ұлттық зерттеу университеттері, зерттеу университеттері үшін ғылыми дәрежелері және атақтары бар оқытушылардың үлесі штаттағы оқытушылар санының кемінде 70 %; ұлттық жоғары оқу орындары (өнер және мәдени білім беру		

6.	<p>ұйымдарынан басқа) үшін кемінде 55 %;</p> <p>университеттер, академиялар үшін кемінде 50 %;</p> <p>институттар (жоғары мектептер, жоғары училищелер) үшін кемінде 45 %;</p> <p>педагогикалық институттар үшін кемінде 50 %;</p> <p>өнер және мәдени білім беру ұйымдары үшін ғылыми дәрежелері, сондай-ақ оған теңестірілген құрметті атақ иелері үшін кемінде 35 %;</p> <p>Қорғаныс, Ішкі істер, Төтенше жағдайлар министрліктеріне, Ұлттық қауіпсіздік комитетіне, Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігіне (қаржы полициясы) ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдары үшін ғылыми дәрежесі мен атағы бар оқытушылар үлесі, әскери атағы полковниктен төмен болмағанда, «спорт шебері» және одан жоғары атағы болған жағдайда – кемінде 40 %</p>	<p>Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша)</p>
7.	<p>Студенттер контингентіне шаққанда толық оқу цикліне саны кемінде 140 бірлік басылымнан келетін оқу және ғылыми әдебиет қорының болуы. Бұл ретте қазақ және орыс тілдеріндегі басылымдар оқыту тілдері бойынша білім алушылар контингентіне барабар болуы тиіс.</p> <p>Кітапхана қоры әлеуметтік-гуманитарлық бейіндегі пәндер бойынша соңғы 5 жылда;</p> <p>жаратылыстану, техникалық, ауыл шаруашылығы пәндері бойынша соңғы 10 жылда басылып шығарылған негізгі оқу әдебиетін қамтуы тиіс.</p> <p>Мамандықтың (әскери мамандықтардан басқа) оқу жоспарының базалық және бейінді пәндерінің цифрлы тасымалдағыштардағы оқу әдебиетімен қамтамасыз етілуі 40 %-дан кем болмауы. Басқа</p>	<p>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі ұсынған оқу жоспарына және оқу әдебиеті тізбесіне сәйкес оқу әдебиетінің тізбесін қамтитын оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттер қорының болуы туралы (осы біліктілік талаптарына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша)</p> <p>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі ұсынған оқу жоспарына және оқу әдебиеті тізбесіне сәйкес оқу әдебиетінің тізбесін қамтитын цифрлы тасымалдағыштардағы оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттер қорының болуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша)</p> <p>Басқа кітапханалар және ғылыми қорлармен, оның ішінде</p>

	кітапхана және ғылыми қорлармен, оның ішінде республикалық жоғары оқу орындары аралық электрондық кітапханамен шарттарының болуы	республикалық жоғары оқу орындары аралық электрондық кітапхана мен шарттардың көшірмелері	
8.	Кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыру үшін қажетті компьютерлік сыныптармен, материалдық-техникалық және оқу-зертхана базасымен, жабдықтарымен жарақтандырылуы	Компьютерлік сыныптардың, оқу-зертхана базаларының, оқу пәндері кабинеттерінің болуы туралы ақпараттар қамтылған, оқу үдерісін материалдық-техникалық қамтамасыз ету туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша)	
9.	Студенттің бір жылғы оқуына жұмсалатын ең төменгі шығыстардың Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті оқу жылына жоғары білімді мамандар даярлауға арналған мемлекеттік тапсырысты бекіту жөніндегі қаулысында көзделген шығыстар деңгейіне сәйкестігі	Ағымдағы жылға сұратылып отырған мамандық немесе біліктілік бойынша бір маманға кететін ең төменгі шығыс туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша)	
10.	Практикадан өткізу базалары ретінде айқындалған ұйымдармен жасалған шарттардың болуы; педагогикалық мамандықтар үшін педагогикалық практика базалары бойынша мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарымен тікелей шарттардың болуы	Сұратылып отырған мамандыққа сәйкес практика базалары ретінде айқындалған ұйымдармен жасалған шарттардың көшірмелері	
11.	Әскери мамандықтардан басқа, ұйымдармен және кәсіпорындармен ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар жүргізуге шарттардың болуы	Республикалық бюджеттен де, басқа да қаржы көздерінен қаржыландырылатын, сұратылып отырған мамандыққа сәйкес ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар жүргізуге (зерттеу тақырыптары көрсетілген) ұйымдармен және кәсіпорындармен шарттардың көшірмелері	
12.	Білім алушыларға медициналық қызмет көрсетудің болуы	Медициналық пункттің болуы және медициналық қызметке лицензияның нөмірі туралы ақпаратты қамтитын медициналық қызмет көрсетудің болуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша)	Лицензиялардың мәртеб «Е-лицензиялау» МДҚ А пайдалана отырып текс
		Санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкес келетін	Лицензиар санитарияль эпидемиологиялық қорь

13.	Әр оқу корпусында білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісінің болуы	тамақтандыру объектісінің болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша)	«Лицензиялау туралы» 11 қаңтардағы Қазақст Республикасы Заңының 5-тармағына сәйкес де сақтау саласындағы уә орган келісу тәртібім
14.	Білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз ететін меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында тиесілі материалдық және материалдық емес активтердің болуы	1. Пайдалы оқу алаңы, материалдық-техникалық базасы мен техникалық оқу құралдары туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша) 2. Ғимараттарға шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығын растайтын құжаттардың көшірмелері	Жылжымайтын мүлікке т құқығы және оның техн сипаттамасы туралы ак «Жылжымайтын мүлік ті МДҚ АЖ-дан деректер а болған жағдайда ұсын
«Магистр» академиялық дәрежесін бере отырып, жоғары білімнен кейінгі кәсіптік оқу бағдарламала асыратын білім беру ұйымдары мен ғылыми ұйымдардың қызметі үшін:			
1.	Оқу жұмыс жоспарларының үлгілік оқу жоспарларына сәйкестігі	Білім беру ұйымының басшысы бекіткен үлгілік оқу жоспарларына сәйкес әзірленген оқу жұмыс жоспарларының көшірмелері	
2.	Жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыру; педагогикалық мамандықтар үшін қазіргі заманғы педагогикалық оқу технологиялары саласында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу	1. Бакалавриат және магистратура мамандықтары бойынша лицензияның бар болуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша) 2. Қазіргі заманғы педагогикалық оқу технологиялары саласында ғылыми зерттеу жұмысын жүргізу туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша)	Лицензиялардың мәртеб «Е-лицензиялау» МДҚ А пайдалана отырып текс
3.	Магистранттарды даярлау мамандығының білім беру ұйымы ғылыми зерттеулерінің тақырыптарына сәйкестігі	Ұлттық ғылыми-техникалық ақпараттар орталығында тіркелген, жоғары оқу орнының негізгі және қосалқы тақырыптары бойынша ақпарат қамтылған, білім беру ұйымының ғылыми-зерттеу жұмысы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша)	
	Тиісті даярлау бағыттары бойынша ғылыми, ғылыми-білім беру, өндірістік және ғылыми-өндірістік орталықтармен ынтымақтастық туралы келісімдердің болуы; педагогикалық мамандықтар үшін - бірлескен білім беру және ғылыми жобаларды, оқытушылар және магистранттардың тағылымдамадан өтуін орындау	Ғылыми, ғылыми-білім беру, өндірістік және ғылыми-өндірістік орталықтармен ынтымақтастық туралы келісімдердің көшірмелері	Шетел тілінде жасалға келісімдер мен/немесе ұсынылған жағдайда, с мемлекеттік немесе ор

4.	жөнінде шетелдік университеттермен тікелей шарттардың болуы	Шетел университеттерімен шарттардың көшірмелері	аударылып, нотариалды нұсқасы қоса берілуі етіледі
5.	Тиісті мамандық бойынша штатта ғылым докторының немесе екі философия (PhD) докторының болуы; әскери мамандықтар үшін - ғылым докторының немесе философия (PhD) докторының болуы	Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша)	
6.	Ғылыми дәрежелері және атақтары бар оқытушылардың үлесі штаттағы оқытушылар санының кемінде 70 %-ы; мәдениет және өнер білім беру ұйымдары үшін, оның ішінде Қазақстан Республикасының құрметті атағы бар және оларға теңестірілген оқытушылар үлесінің 60 %-дан кем болмауы; Қорғаныс, Ішкі істер, Төтенше жағдайлар министрліктеріне, Ұлттық қауіпсіздік комитетіне, Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігіне (қаржы полициясы) ведомстволық бағыныстағы білім беру ұйымдары үшін әскери (арнайы) атағы полковниктен төмен емес ғылыми дәрежелері және атақтары бар оқытушылардың үлесі 60 %-дан кем болмауы	Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша)	
7.	Тиісті бейіндегі ғылыми дәрежесі, кемінде үш жыл ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі бар, отандық және шетелдік басылымдарда ғылыми жарияланымдардың, магистрлік даярлық мамандығы бойынша оқу құралдарының авторы болып табылатын жетекші мамандардың, штаттағы оқытушылардың магистранттарға ғылыми жетекшілікті жүзеге асыруы	Тиісті мамандықтар бойынша жұмыс өтілі, ғылыми жарияланымдары мен оқу құралдары, көрсетілген ғылыми жетекшілер туралы ақпараттарды қамтитын ғылыми жетекшілікті жүзеге асыру туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша)	

8.	Әскери мамандықтардан басқа, ұйымдармен және кәсіпорындармен ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар жүргізуге шарттардың болуы	Республикалық бюджеттен де, басқа да қаржы көздерінен қаржыландырылатын, сұратылып отырған мамандыққа сәйкес ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар жүргізуге (зерттеу тақырыптары көрсетілген) ұйымдармен және кәсіпорындармен шарттардың көшірмелері	
9.	Тиісті ғылыми мамандықтарды даярлау бойынша мамандандырылған ғылыми-техникалық, ғылыми-әдістемелік, клиникалық, эксперименттік базаның болуы	Сұратылып отырған мамандықтың бейініне сәйкес ғылыми-зерттеу институтының, клиникалық базасының ғылыми зертханасының, техникалық паркінің, бизнес-инкубаторының болуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша)	
10.	Білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз ететін меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында тиесілі материалдық және материалдық емес активтердің болуы	1. Пайдалы оқу алаңы, материалдық-техникалық базасы мен техникалық оқу құралдары туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша) 2. Ғимараттарға шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығын растайтын құжаттардың көшірмелері	Жылжымайтын мүлікке т құқығы және оның техн сипаттамасы туралы ак «Жылжымайтын мүлік ті МДҚ АЖ-ны деректер ал болған жағдайда ұсын
11.	Магистранттың бір жылғы оқуына арналған ең төменгі шығыстардың Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті оқу жылына арналған жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандар даярлауға арналған мемлекеттік тапсырысты бекіту жөніндегі қаулысында көзделген шығыстар деңгейіне сәйкестігі	Ағымдағы оқу жылына сұратылып отырған мамандық немесе біліктілік бойынша бір маманға кететін ең төменгі шығыс көлемі туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша)	
12.	Білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін қажетті және қазіргі заманғы талаптарға сай келетін оқу-зертхана жабдықтарымен жарақтандырылуы	Компьютерлік сыныптардың, оқу зертханаларының, оқу пәндері кабинеттерінің болуы туралы ақпараттар қамтылған, оқу процесін материалдық-техникалық қамтамасыз ету туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша)	
13.	Практика базалары ретінде айқындалған ұйымдармен, оның ішінде шетелдік ғылыми тағылымдамадан өтуге жасалған шарттардың болуы	Практика базалары ретінде айқындалған, оның ішінде ғылыми тағылымдамадан өтетін ұйымдармен шарттардың көшірмелері	Шетел тілінде жасалға ұсынылған жағдайда, с мемлекеттік немесе оғ аударылып, нотариалд аудармасын қоса беру етіледі

14.	Білім алушыларға медициналық қызмет көрсетудің болуы	Медициналық пунктiнiң болуы және медициналық қызметке лицензияның нөмірі туралы ақпаратты қамтитын медициналық қызметтің болуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша)	Лицензиялардың мәртебесі «Е-лицензиялау» МДҚ А пайдалана отырып текс
15.	Білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісінің болуы	Санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкес келетін тамақтандыру объектісінің болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша)	Лицензиар санитариялық эпидемиологиялық қоры «Лицензиялау туралы» 11 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 5-тармағына сәйкес де сақтау саласындағы уәкілдермен келісу тәртібі сұралады
Жоғары оқу орнынан кейінгі медициналық білімнің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын (резиденттік) білім беру ұйымдары мен ғылыми ұйымдардың қызметі үшін:			
1.	Оқу жұмыс жоспарларының үлгілік оқу жоспарларына сәйкестігі	Білім беру ұйымының басшысы бекіткен үлгілік оқу жоспарларына сәйкес әзірленген оқу жұмыс жоспарларының көшірмелері	
2.	Кемінде үш жыл ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі бар, даярлық бейіні бойынша отандық және шетелдік басылымдарда, халықаралық конференциялардағы еңбектерінде ғылыми жарияланымдары, оқу құралдарының авторы болып табылатын даярлық бейіні бойынша штатта кемінде екі ғылыми дәрежелі маманның болуы	Тиісті мамандықтар бойынша жұмыс өтілі, ғылыми жарияланымдары мен оқу құралдары көрсетілген ғылыми жетекшілер туралы ақпараттарды қамтитын ғылыми жетекшілікті жүзеге асыру туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша)	
3.	Тиісті ғылыми мамандықтарды даярлау бойынша мамандандырылған ғылыми-әдістемелік, клиникалық, материалдық-техникалық базаларының болуы	Сұратылып отырған мамандықтың бейініне сәйкес ғылыми-зерттеу институтының, клиникалық базасының, ғылыми зертханасының, техникалық паркiнiң, бизнес-инкубаторының болуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 16-қосымшаға сәйкес нысаны бойынша)	
4.	Қажетті құрал-жабдықтармен, зертханалармен, кітапханалармен қамтамасыз ету	Компьютерлік сыныптардың, оқу зертханаларының, оқу пәндері кабинеттерінің болуы туралы ақпараттар қамтылған, оқу процесін материалдық-техникалық қамтамасыз ету туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша)	
	Тыңдаушының бір жылғы оқуына жұмсалатын ең төменгі шығыстардың Қазақстан		

5.	Республикасы Үкіметінің тиісті оқу жылына арналған жоғары оқу орнынан кейінгі білімді мамандар даярлауға арналған мемлекеттік тапсырысты бекіту жөніндегі қаулысында көзделген шығыстар деңгейіне сәйкестігі	Ағымдағы оқу жылына сұратылып отырған мамандық немесе біліктілік бойынша бір маманға кететін ең төменгі шығыс көлемі туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша)	
6.	Практика базасы ретінде айқындалған ұйымдармен (ғылыми ұйымдарды қоспағанда) шарттың болуы	Практика базасы ретінде айқындалған ұйымдармен жасалған шарттардың көшірмелері	
7.	Білім алушыларға медициналық қызмет көрсетудің болуы	Медициналық пунктiнiң болуы және медициналық қызметке лицензияның нөмірі туралы ақпаратты қамтитын медициналық қызмет көрсетудің болуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша)	Лицензиялардың мәртебесі «Е-лицензиялау» МДҚ А пайдалана отырып текс
8.	Білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісінің болуы	Санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкес келетін тамақтандыру объектісінің болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша)	Лицензиар санитариялық-эпидемис қорытындыны «Лицензия 2007 жылғы 11 қаңтард Қазақстан Республикас 42-бабының 5-тармағын- денсаулық сақтау сала уәкілетті органмен ке тәртібімен сұратады
9.	Меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығындағы білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз ететін материалдық және материалдық емес активтердің болуы	1. Пайдалы оқу алаңы, материалдық-техникалық базасы мен техникалық оқу құралдарының болуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша) 2. Ғимараттарға шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығын растайтын құжаттардың көшірмелері	Жылжымайтын мүлікке т құқығы және оның техн сипаттамасы туралы ак «Жылжымайтын мүлік ті МДҚ АЖ-дан деректер а болған жағдайда ұсын
Қорғаныс, Ішкі істер, Төтенше жағдайлар министрліктеріне, Ұлттық қауіпсіздік комитетіне, Экон қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігіне (қаржы полициясы) ведомстволық бағын беру ұйымдарының, сондай-ақ философия (PhD) докторы және бейіні бойынша доктор (адъюнктура) ғылым бере отырып, жоғары оқу орнынан кейінгі әскери білімнің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыра беру ұйымдарының қызметі үшін			
1.	Оқу жұмыс жоспарларының үлгілік оқу жоспарларына сәйкестігі	Білім беру ұйымының басшысы бекіткен үлгілік оқу жоспарларына сәйкес әзірленген оқу жұмыс жоспарларының көшірмесі	
2.	Ғылыми дәрежелері мен ғылыми атақтары бар және әскери (арнайы) атағы полковниктен төмен емес оқытушылардың үлесі штаттағы оқытушылар санының 100 %-нан кем болмауы	Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша)	

3.	Кемінде үш жыл ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі бар, даярлық бейіні бойынша отандық және шетелдік басылымдарда, халықаралық конференциялардағы еңбектерінде ғылыми жарияланымдардың, оқу құралдарының авторы болып табылатын әрбір ғылыми даярлау мамандығы бойынша кемінде бір штаттық ғылым докторының болуы	Тиісті мамандықтар бойынша жұмыс өтілі, ғылыми жарияланымдары мен оқу құралдары көрсетілген ғылыми жетекшілер туралы ақпараттарды қамтитын ғылыми жетекшілікті жүзеге асыру туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша)	
4.	Тиісті мамандық бойынша ғылыми алмасу мәселелерін регламенттейтін ведомствоаралық келісімдердің болуы	Ғылыми алмасу мәселелерін регламенттейтін келісімдердің көшірмелері	Шетел тілінде жасалға келісімдер ұсынылған, олардың мемлекеттік тіліне аударылып, нот расталған аудармасын талап етіледі
5.	Тиісті ғылыми мамандықтарды даярлау бойынша мамандандырылған ғылыми-техникалық, ғылыми-әдістемелік, эксперименталдық және материалдық-техникалық базалардың болуы	Сұратылған мамандықтың бейініне сәйкес ғылыми-зерттеу институтының, клиникалық базасының, ғылыми зертханасының, техникалық паркінің, бизнес-инкубаторының болуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша)	
6.	Қажетті жабдықтармен, зертханалармен, кітапханамен қамтамасыз ету	Компьютерлік сыныптардың, оқу зертханаларының, оқу пәндері кабинеттерінің болуы туралы ақпараттар қамтылған, оқу процесін материалдық-техникалық қамтамасыз ету туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша)	
7.	Тыңдаушының бір жылғы оқуына жұмсалатын ең төменгі шығыстардың, тиісті оқу жылына арналған жоғары оқу орнынан кейінгі білімді мамандар даярлауға мемлекеттік тапсырысты бекіту жөніндегі тиісті нормативтік актілерде қарастырылған шығыстар деңгейіне сәйкестігі	Ағымдағы оқу жылына сұратылып отырған мамандық немесе біліктілік бойынша бір маманға жұмсалатын ең төменгі шығыс көлемі туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша)	
8.	Практика базасы ретінде айқындалған ұйымдарымен келісім-шарттың болуы	Сұратылып отырған мамандыққа сәйкес практика базасы ретінде айқындалған ұйымдармен шарттардың көшірмелері	

9. Білім алушыларға медициналық қызмет көрсетудің болуы

Медициналық пунктiнiң болуы және медициналық қызметке лицензияның нөмірі туралы ақпаратты қамтитын медициналық қызметтің болуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша)

			«Е-лицензиялау» МДҚ А пайдалана отырып текс
10.	Білім алушыларға арналған тамақтандыру объектілерінің болуы	Санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкес келетін тамақтандыру объектісінің болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 4-қосымшаға сәйкес)	Лицензиар санитарлық-эпидемиолс қорытындыны «Лицензия 2007 жылғы 11 қаңтард Қазақстан Республикас 42-бабының 5-тармағын денсаулық сақтау сала уәкілетті органмен ке тәртібімен сұратады
11.	Беру қызметінің сапасын қамтамасыз ететін меншік не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында тиесілі білім материалдық және материалдық емес активтердің болуы	1. Пайдалы оқу алаңы, материалдық-техникалық базасы мен техникалық оқу құралдарының болуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша) 2. Ғимараттарға шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығын растайтын құжаттардың көшірмелері	Жылжымайтын мүлікке т құқығы және оның техн сипаттамасы туралы ак «Жылжымайтын мүлік ті МДҚ АЖ-ны деректер ал болған жағдайда ұсынь
Философия докторы (PhD) және бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін бере отырып, докторантура бағ бойынша жоғары білікті ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау жөніндегі білім беру ұ және ғылыми ұйымдардың қызметі үшін:			
1.	Оқу жұмыс жоспарларының үлгілік оқу жоспарларына сәйкестігі	Білім беру ұйымының басшысы бекіткен үлгілік оқу жоспарларына сәйкес әзірленген оқу жұмыс жоспарларының көшірмесі	
2.	Ғылыми дәрежелері және атақтары бар оқытушылардың үлесі штаттағы оқытушылар санының – 100 %-нан кем болмауы	Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша)	
3.	Дәрежелері бар шетелдік ғалымдардың болуы: (PhD) философия докторы - кемінде біреу; тиісті мамандық бейіні бойынша доктор – кемінде біреу	Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 1-қосымшаға сәйкес нысаны бойынша)	
4.	Даярлаудың тиісті мамандығы бойынша шетелдік ғалымдармен келісімдердің болуы	Шетелдік ғалымдармен келісімдердің көшірмелері	Шетел тілінде жасалға келісімдер ұсынылған олардың мемлекеттік н тіліне аударылып, нот расталған аудармасын талап етіледі
5.	Бакалавриаттың және магистратураның кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыру	Бакалавриат және магистратура мамандықтары бойынша лицензиялардың болуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша)	Лицензиялардың мәртеб «Е-лицензиялау» МДҚ А пайдалана отырып текс
	Ұйымдармен және кәсіпорындармен ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық	Республикалық бюджеттен де, басқа да қаржы көздерінен қаржыландырылатын, сұратылып отырған мамандыққа сәйкес	

6.	жұмыстар жүргізуге шарттардың болуы	ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар жүргізуге (зерттеу тақырыптары көрсетілген) ұйымдармен және кәсіпорындармен шарттардың көшірмелері	
7.	Докторантура бағдарламаларын іске асыратын аккредиттелген шетелдік жоғары оқу орындарымен және (немесе) ғылыми ұйымдармен ғылыми алмасу туралы шарттардың болуы	1. ғылыми алмасу туралы шарттардың көшірмелері 2. Шетелдік жоғары оқу орнының тиісті бағдарламаларын аккредиттеу туралы куәлігінің көшірмелері	Шетел тілінде жасалға ұсынылған жағдайда, с мемлекеттік немесе оқ аударылып, нотариалды аудармасын қоса беру етіледі
8.	Тиісті ғылыми даярлық мамандықтары бойынша мамандандырылған ғылыми-техникалық, ғылыми-әдістемелік, клиникалық, эксперименталдық және материалдық-техникалық базалардың болуы	Сұратылып отырған мамандық бейініне сәйкес ғылыми-зерттеу институтының, клиникалық базасының ғылыми зертханасының, техникалық паркінің, бизнес-инкубаторының болуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша)	
9.	Докторантура мамандықтары бойынша білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін қажетті ақпараттық желілерге қолжетімді компьютерлік сыныптармен, тиісті мамандық бойынша электрондық дерекқоры бар кітапханалық қормен жарақтандырылуы, ғылыми зертханалардың және мультимедиялық оқу материалдардың болуы	Компьютерлік сыныптардың, оқу зертханаларының, оқу пәндері кабинеттерінің болуы туралы ақпараттар қамтылған, оқу процесін материалдық-техникалық қамтамасыз ету туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша)	
10.	Практика базалары ретінде айқындалған ұйымдармен, оның ішінде шетелдік ғылыми тағылымдамадан өту үшін шарттардың болуы	Сұратылып отырған мамандыққа сәйкес практика базалары ретінде айқындалған, оның ішінде шетелдік ғылыми тағылымдамадан өтетін ұйымдармен шарттардың көшірмелері	Шетел тілінде жасалға ұсынылған жағдайда, с мемлекеттік немесе оқ аударылып, нотариалды аудармасын қоса беру етіледі
11.	Білім алушыларға медициналық қызмет көрсетудің болуы	Медициналық пунктінің болуы және медициналық қызметке лицензияның нөмірі туралы ақпаратты қамтитын медициналық қызмет көрсетудің болуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша)	Лицензиялардың мәртеб «Е-лицензиялау» МДҚ А пайдалана отырып текс
12.	Білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісінің болуы	Санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкес келетін тамақтандыру объектісінің болуы туралы ақпаратты қамтитын	Лицензиар санитариялық-эпидемис қорытындыны «Лицензия 2007 жылғы 11 қаңтард Қазақстан Республикас 42-бабының 5-тармағын денсаулық сақтау сала

		мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша)	уәкілетті органмен келісетін тәртібімен сұратады.
13.	Білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз ететін меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында тиесілі материалдық және материалдық емес активтердің болуы	1. Пайдалы оқу алаңы, материалдық-техникалық базасы мен техникалық оқу құралдары туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша) 2. Ғимараттарға шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығын растайтын құжаттардың көшірмелері	Жылжымайтын мүлікке тән құқығы және оның техникалық сипаттамасы туралы актілер мен «Жылжымайтын мүлік тізімі» МДҚ АЖ-ны деректер алдында болған жағдайда ұсынылады.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2012 жылғы 31 тамыздағы
№ 1119 қаулысымен
бекітілген

«Діни білім беретін білім беру ұйымдарына лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік қызмет стандарты

1. Жалпы ережелер

1. «Діни білім беретін білім беру ұйымдарына лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті (бұдан әрі – уәкілетті орган) мемлекеттік қызметті алушының электрондық цифрлы қолы болған жағдайда www.e.gov.kz «электрондық үкіметі» веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы немесе www.elicense.kz «Е-лицензиялау» веб-порталы арқылы көрсетеді.

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нысаны: ішінара автоматтандырылған.

3. Мемлекеттік қызмет:

1) Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексінің 34-бабының 1,2, 3-тармақтары;

2) «Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңының 9-1-бабының 2, 3-тармақтары;

3) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 57-бабы;

4) «Лицензиялау туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қаңтардағы Заңының 8 және 23-баптары;

5) «Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қаңтардағы Заңының 29-бабы;

6) «Білім беру қызметін лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 2 маусымдағы № 452 қаулысы негізінде көрсетіледі.

4. Мемлекеттік қызмет туралы ақпарат:

1) www.educontrol.kz уәкілетті органның интернет-ресурсында;

2) порталда орналасқан.

Сондай-ақ, мемлекеттік қызмет туралы ақпаратты Call-орталықтың (1414) телефоны арқылы алуға болады.

5. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нәтижесі www.elicense.kz порталында уәкілетті органның уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлы қолы қойылған электрондық құжат түрінде лицензия беру,

оларды қайта ресімдеу немесе электрондық цифрлы қолмен расталған мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап беру болып табылады.

6. Мемлекеттік қызмет діни білім беретін білім беру бағдарламаларын іске асыратын заңды тұлғаларға (бұдан әрі – мемлекеттік қызметті алушылар) көрсетіледі.

7. Мемлекеттік қызмет мерзімдері мемлекеттік қызметті алушы өтініш берген сәттен бастап:

1) лицензия және лицензияға қосымша берілген жағдайда f– 15 жұмыс күнін;

2) лицензия және лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде – 10 жұмыс күнін құрайды.

8. Мемлекеттік қызмет ақылы түрде көрсетіледі.

«Салық және бюджетке басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) Қазақстан Республикасы Кодексінің 471-бабына сәйкес білім беру қызметін жүргізу үшін лицензиялық алым алынады.

1) лицензия және/немесе лицензияға қосымшаны беру кезінде төленген күнге белгіленетін 10 айлық есептік көрсеткішті;

2) лицензияны және/немесе лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу барысында төленген күнге белгіленетін 1 айлық есептік көрсеткішті құрайды.

Төлем тапсырмасы ақының төленгенін растайтын құжат болып табылады.

Төлем «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі арқылы жүзеге асырылады.

9. Порталда тәулік бойы құжаттар қабылданады. Алдын ала жазылу және жедел ресімдеу қарастырылмаған.

10. Порталда мемлекеттік қызмет «жеке кабинет» арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

11. Мемлекеттік қызметті алушы мемлекеттік қызметті алу үшін портал арқылы мынадай құжаттардың тізбесін тапсырады:

1) лицензияны алған кезде мемлекеттік қызметті алушының электрондық цифрлы қолы қойылған электрондық түрдегі өтініші;

2) лицензияны қайта ресімдеу кезінде мемлекеттік қызметті алушының электрондық цифрлы қолы қойылған электрондық түрдегі өтініші;

3) лицензияның телнұсқаларын беру кезінде мемлекеттік қызметті алушының электрондық цифрлы қолы қойылған электрондық түрдегі өтініші;

4) Жарғы сканерленген көшірме түрінде электрондық сұранысқа тіркеледі;

5) біліктілік талаптарына сәйкес мәліметтер мен құжаттар сканерленген көшірмелер түрінде электрондық сұранысқа тіркеледі.

Мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстар болып табылатын мәліметтерді уәкілетті орган тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден портал арқылы электрондық цифрлы қолтаңбамен расталған электрондық құжаттар түрінде алады.

Заңды тұлғаның бірігу, қосылу, бөлініп шығу немесе қайта құру нысанында қайта ұйымдастырылуына немесе атауы және (немесе) заңды мекенжайының өзгеруіне байланысты лицензияны қайта ресімдеу кезінде бюджетке қызметтің жекелеген түрімен шұғылдану құқығына лицензиялық алымның төленгенін растайтын мәлімет ұсынылады.

Заңды тұлғаның бірігу, қосылу, бөлініп шығу немесе қайта құру нысанында қайта ұйымдастырылуына немесе атауы және (немесе) заңды мекенжайының өзгеруіне байланысты лицензияны қайта ресімдеу кезінде лицензияның және лицензияға қосымшалардың деректері немесе лицензияның және лицензияға қосымшаның сканерленген көшірмелері электрондық сұранысқа тіркеледі.

Бланктің бүлінуі себебінен лицензияның телнұсқаларын беру кезіндегі бүлінген бланк уәкілетті органға қайтарылады.

Жоғалуына байланысты лицензияның телнұсқасын беру кезінде жоғалған заттарды табу бюросының анықтамасы сканерленген көшірме түрінде электрондық сұранысқа тіркеледі.

Жоғалуына байланысты лицензияның телнұсқасын беру кезінде лицензияның жоғалуы жөнінде бұқаралық ақпарат құралдарына хабарландыру бергені туралы ақпараттың сканерленген көшірмесі электрондық сұранысқа тіркеледі

Лицензияның телнұсқасын беру кезінде жекелеген қызмет түрімен айналысу құқығы үшін

бюджетке лицензиялық алымның төленгені туралы мәлімет ұсынылады.

12. Мемлекеттік қызметті портал арқылы алу үшін сұранысты электрондық нысанда толтыру қажет.

13. Порталда электрондық өтініштерді қабылдау мемлекеттік қызметті алушының «жеке кабинетінде» жүзеге асырылады.

Электронды сұраныс мемлекеттік қызметті алушының «жеке кабинетінен» жіберіледі. Сұраныс автоматты түрде таңдалған қызметті көрсететін уәкілетті органға жолданады.

14. Мемлекеттік қызметті алушы портал арқылы өтініш берген жағдайда оның порталдағы «жеке кабинетіне» мемлекеттік қызмет көрсету үшін берілген сұранысының қабылданғаны туралы хабарлама-есеп жіберіледі.

15. Көрсетілген қызметтің нәтижесін порталда жеткізу тәсілі – «жеке кабинетте».

16. Егер:

1) осы стандарттың 11-тармағына сәйкес барлық тиісті құжаттар ұсынылмаса (мемлекеттік қызметті алушы аталған кедергілерді жойған кезде берілген өтініш жалпы негізде қаралады);

2) лицензияны қайта ресімдеуге, лицензияның телнұсқасын алуға, білім беру қызметін жүргізу құқығына бюджетке лицензиялық алым төленбеген жағдайда;

3) өтініш беруші біліктілік талаптарына сәйкес келмесе;

4) өтініш берушіге қатысты оған қызметтің жекелеген түрімен айналысуға тыйым салатын заңды күшіне енген сот үкімі болса;

5) «Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 40-бабында қарастырылған негіздемелер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартылады.

Мемлекеттік қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты порталда «жеке кабинет» арқылы электрондық құжат түрінде алады.

3. Жұмыс қағидаттары

17. Мемлекеттік қызметті алушыға қатысты уәкілетті органның қызметі:

1) тұлғаның конституциялық құқығы мен бостандығын сақтау;

2) қызметтік міндетті орындау кезінде заңдылықты сақтау;

3) мемлекеттік қызметті алушымен жұмыс кезінде сыпайылық таныту;

4) мемлекеттік қызмет көрсету туралы ақпаратты толық және жеткілікті түрде беру;

5) өтінішті қарау барысында лауазымдық тұлға қызметінің айқындылығы;

6) мемлекеттік қызметті алушы құжаттарының сақталуын қамтамасыз ету;

7) мемлекеттік қызметті алушы құжаттарының мазмұны туралы ақпаратты қорғау және құпиялығын сақтау қағидаттарына негізделеді.

4. Жұмыс нәтижелері

18. Мемлекеттік қызметті алушыларға мемлекеттік қызметтерді көрсету нәтижелері осы стандартқа 1-қосымшаға сәйкес сапа және тиімділіккөрсеткіштерімен өлшенеді.

19. Мемлекеттік қызметтің сапа және тиімділік көрсеткіштерінің мақсаты мәні Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығымен бекітіледі.

5. Шағымдану тәртібі

20. Осы стандартқа 2-қосымшада уәкілетті орган қызметкерлерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасау тәртібін түсіндіретін және шағымды дайындауға жәрдем көрсететін лауазымды тұлғаның байланыс деректері көрсетілген.

Портал жұмысына шағымдану тәртібі туралы ақпаратты call-орталықтың (1414) телефоны арқылы алуға болады.

21. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда шағымдар мемлекеттік

қызметті алушының таңдауы бойынша:

1) уәкілетті органның www.educontrol.kz мекенжайы бойынша интернет-ресурсының «сұрақ-жауап» бөлімінде;

2) www.edu.gov.kz адресі бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің блогына;

3) 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Орынбор көшесі, 8 үй, 11-кіреберіс мекен-жайы бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінде орналасқан шағымдар мен ұсыныстарға арналған жәшік арқылы;

4) 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Орынбор көшесі, 8 үй, 11-кіреберіс мекен-жайы бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне жазбаша түрде арыз беру арқылы жіберіледі.

22. Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде дәрекі қызмет көрсетуге байланысты мемлекеттік қызметті алушы тарапынан шағымдар:

1) осы стандарттың 21-тармағының 3) тармақшасында мекенжайы мен телефондары көрсетілген уәкілетті орган басшысының атына;

2) порталға call-орталықтың (1414) телефон нөмірі арқылы жолданады.

23. Мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда мемлекеттік қызметті алушының заңнамада белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

24. Шағым көрсетілген мәселелерді шешу құзыретіне кіретін субъект немесе лауазымды тұлғаның атына жіберілуі керек.

Шағымда тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатта болған жағдайда), пошталық мекенжайы, мерзімі көрсетіледі. Шағымға мемлекеттік қызметті алушының қолы қойылуы тиіс. Шағым берілген кезде үстінен шағымданған лауазымды тұлғаның аты-жөні, лауазымы, шағымдану себебі мен талаптары көрсетіледі.

25. Қабылданған шағым уәкілетті органның жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін есепке алу журналында тіркеледі және «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы Заңында белгіленген мерзімде қаралады. Өтініш берушіге мерзімі мен уақыты, өтінішті (шағымды) қабылдаған тұлғаның аты-жөні көрсетілген талон беріледі. Шағымданушыға шағымның нәтижелері туралы жазбаша түрде пошта арқылы хабарланады.

26. Портал: мемлекеттік қызметті алушының «жеке кабинетінен» портал арқылы электрондық өтініш жіберілгеннен кейін мемлекеттік органда өтініштерді өңдеу барысында жаңартылатын өтініш туралы (жеткізілгені туралы белгі, тіркеу, орындалуы, қаралғаны туралы немесе қаралудан бас тартылғаны туралы жауапты) ақпарат қолжетімді болады.

«Діни білім беретін білім беру ұйымдарына лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік қызмет стандартына 1-қосымша

Кесте. Сапа және қолжетімділік көрсеткіштерінің мәні

Сапа жәнетиімділік көрсеткіштері	Көрсеткіштің нормативтік мәні	Келесі жылдағы көрсеткіштің нысаналы мәні	Есеп жылындағы көрсеткіштің ағымдағы мәні
1	2	3	4
1. Уақытылық			
1.1. құжат тапсырылған кезден белгіленген мерзімде қызмет көрсету жағдайларының % (үлесі)			
2. Сапа			

2.1. қызмет көрсету барысының сапасына қанағаттанған тұтынушылар % (үлесі)			
3. Қолжетімділік			
3.1. қызмет көрсету сапасы және қызмет көрсету туралы ақпаратқа қанағаттанған тұтынушылар % (үлесі)			
3.2. ақпарат электрондық түрде қолжетімді қызметтер % (үлесі)			
4. Шағымдану үдерісі			
4.1 Шағымданудың қолданыстағы тәртібіне қанағаттанған мемлекеттік қызметті алушылардың %-ы (үлесі)			
5. Сыпайылық			
5.1. персоналдың сыпайылығына қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)			

«Діни білім беретін білім беру ұйымдарына лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік қызмет стандартына 2-қосымша

Лауазымдың тұлғалардың байланыс мәліметтер

№	Аты-жөні	Лауазымы	Мекен-жай	Телефон
1	2	3	4	5
1	Ахметов Әлтайыр Амангелдіұлы	ҚР БҒМ білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті төрағасының орынбасары	Астана қаласы Орынбор көшесі, 8, Министрліктер үйі 11-кіреберіс, 841-бөлме	74-15-43
2	Бөлебаева Ләззат Кайдирбекқызы	ҚР БҒМ білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті төрағасының орынбасары	Астана қаласы Орынбор көшесі, 8, Министрліктер үйі 11-кіреберіс, 946-бөлме	74-22-14
3	Гаипов Зулфухар Султанұлы	ҚР БҒМ білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті төрағасының орынбасары	Астана қаласы Орынбор көшесі, 8, Министрліктер үйі 11-кіреберіс, 837-бөлме	74-23-75

**«Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама өткізуге арналған
құжаттарды қабылдау» мемлекеттік қызмет стандарты**

Ескерту. Стандарттың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 04.02.2014 N 45 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2012 жылғы 31 тамыздағы
№ 1119 қаулысымен
бекітілген

**«Техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламалары бойынша
білім беру қызметіне лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның
телнұсқаларын беру» мемлекеттік қызмет стандарты**

1. Жалпы ережелер

1. «Техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламалары бойынша білім беру қызметіне лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) осы стандарттың 1-қосымшасында көрсетілген мекенжайлар бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің аумақтық Білім саласындағы бақылау департаменттері тарапынан (бұдан әрі – уәкілетті орган), сондай-ақ мемлекеттік қызметті алушыда электрондық цифрлы қолтаңба болған жағдайда, www.e.gov.kz «электрондық үкіметі» веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы немесе www.elicense.kz «Е-лицензиялау» веб-порталы арқылы көрсетіледі.

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нысаны: ішінара автоматтандырылған.

3. Мемлекеттік қызмет:

1) Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексінің 34-бабының 1,2, 3-тармақтары;

2) «Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңының 9-1-бабының 2, 3-тармақтары;

3) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 57-бабы;

4) «Лицензиялау туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қаңтардағы Заңының 8 және 23-баптары;

5) «Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қаңтардағы Заңының 29-бабы;

6) «Білім беру қызметін лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 2 маусымдағы № 452 қаулысы негізінде көрсетіледі.

4. Мемлекеттік қызмет туралы ақпарат:

1) уәкілетті органның www.educontrol.kz интернет-ресурсында;

2) порталда орналасады.

Сондай-ақ, мемлекеттік қызмет туралы ақпаратты порталдың Call-орталығының (1414) телефоны арқылы алуға болады.

5. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нәтижесі www.elicense.kz порталында уәкілетті органның уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлы қолы қойылған электрондық құжат түрінде лицензия беру, оларды қайта ресімдеу немесе электрондық құжат түрінде мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап беру болып табылады.

6. Мемлекеттік қызмет техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыратын заңды тұлғаларға (бұдан әрі – мемлекеттік қызметті алушылар) көрсетіледі.

7. Мемлекеттік қызмет мерзімдері мемлекеттік қызметті алушы өтініш берген сәттен бастап

1) лицензия және лицензияға қосымша берілген жағдайда – 15 жұмыс күнін;

2) лицензия және лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде – 10 жұмыс күнін құрайды.

8. Мемлекеттік қызмет ақылы түрде көрсетіледі.

«Салық және бюджетке басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) Қазақстан Республикасы Кодексінің 471-бабына сәйкес білім беру қызметін жүргізу үшін лицензиялық алым алынады.

1) лицензия және/немесе лицензияға қосымшаны беру кезінде төленген күнге белгіленетін 10 айлық есептік көрсеткішті;

2) лицензияны және/немесе лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде төленген күнге белгіленетін 1 айлық есептік көрсеткішті құрайды.

Төлем тапсырмасы ақының төленгенін растайтын құжат болып табылады.

Төлем «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі арқылы жүзеге асырылады.

9. Порталда тәулік бойы құжаттар қабылданады. Алдын ала жазылу және жедел ресімдеу қарастырылмаған.

10. Порталда мемлекеттік қызмет «жеке кабинет» арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

11. Мемлекеттік қызметті алушы мемлекеттік қызметті алу үшін портал арқылы мынадай құжаттардың тізбесін тапсырады:

1) лицензияны алған кезде мемлекеттік қызметті алушының электрондық цифрлы қолы қойылған электрондық түрдегі өтініш;

2) лицензияны қайта ресімдеу кезінде мемлекеттік қызметті алушының электрондық цифрлы қолы қойылған электрондық түрдегі өтініш;

3) лицензияның телнұсқаларын беру кезінде мемлекеттік қызметті алушының электрондық цифрлы қолы қойылған электрондық түрдегі өтініш;

4) Жарғы сканерленген көшірме түрінде электрондық сұранысқа тіркеледі;

5) біліктілік талаптарына сәйкес мәліметтер мен құжаттар сканерленген көшірмелері түрінде электрондық сұранысқа тіркеледі.

Құжаттардың деректері:

өтініш берушінің заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәлігі;

лицензиялық алымның бюджетке төленгені туралы мәлімет.

Мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстар болып табылатын мәліметтерді уәкілетті орган тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден портал арқылы электрондық цифрлы қолтаңбамен расталған электрондық құжаттар түрінде өздігінен алады.

Заңды тұлғаның бірігу, қосылу, бөлініп шығу немесе қайта құру нысанында қайта ұйымдастырылуына немесе атауы және (немесе) заңды мекенжайының өзгеруіне байланысты лицензияны қайта ресімдеу кезінде бюджетке қызметтің жекелеген түрімен шұғылдану құқығына лицензиялық алымның төленгенін растайтын мәлімет ұсынылады.

Құжаттардың мәліметтері, мемлекеттік қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттар, мемлекеттік қызметті алушының заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәлігі; лицензиялық алымның бюджетке төленгені туралы мәлімет, мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстар болып табылатын мәліметтерді уәкілетті органның қызметкері тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден портал арқылы электрондық цифрлы қолтаңбамен расталған электрондық құжаттар түрінде алады.

Заңды тұлғаның бірігу, қосылу, бөлініп шығу немесе қайта құру нысанында қайта ұйымдастырылуына немесе атауы және (немесе) заңды мекенжайының өзгеруіне байланысты лицензияны қайта ресімдеу кезінде лицензияның және лицензияға қосымшалардың деректері немесе лицензияның және лицензияға қосымшаның сканерленген көшірмелері электрондық сұранысқа тіркеледі.

Бланктің бүлінуі себебінен лицензияның телнұсқаларын беру кезінде бүлінген бланк уәкілетті органға қайтарылады.

Жоғалуына байланысты лицензияның телнұсқасын беру кезінде жоғалған заттарды табу бюросының анықтамасы сканерленген көшірме түрінде электрондық сұранысқа тіркеледі.

Жоғалуына байланысты лицензияның телнұсқасын беру кезінде лицензияның жоғалуы жөнінде бұқаралық ақпарат құралдарына хабарландыру бергені туралы ақпараттың сканерленген көшірмесі электрондық сұранысқа тіркеледі.

Лицензияның телнұсқасын беру кезінде жекелеген қызмет түрімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгені туралы мәлімет ұсынылады.

12. Мемлекеттік қызметті портал арқылы алу үшін сұранысты электрондық нысанда толтыру қажет.

13. Порталда электрондық өтініштерді қабылдау мемлекеттік қызметті алушының «жеке кабинетінде» жүзеге асырылады.

14. Мемлекеттік қызметті алушы портал арқылы өтініш берген жағдайда оның порталдағы «жеке кабинетіне» мемлекеттік қызмет көрсету үшін берілген сұранысының қабылданғаны туралы хабарлама-есеп жіберіледі.

15. Көрсетілген қызметтің порталда нәтижесін жеткізу тәсілі f- «жеке кабинетте».

16. Егер:

1) осы стандарттың 11-тармағына сәйкес барлық тиісті құжаттар ұсынылмаса (мемлекеттік қызметті алушы аталған кедергілерді жойған кезде берілген өтініш жалпы негізде қаралады);

2) лицензияны қайта ресімдеуге, лицензияның телнұсқасын алуға, білім беру қызметін жүргізу құқығына бюджетке лицензиялық алым төленбеген жағдайда;

3) өтініш беруші біліктілік талаптарына сәйкес келмесе;

4) өтініш берушіге қатысты оған қызметтің жекелеген түрімен айналысуға тыйым салатын заңды күшіне енген сот үкімі болса;

5) «Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 40-бабында қарастырылған негіздемелер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартылады.

Мемлекеттік қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты порталда «жеке кабинет» арқылы электрондық құжат түрінде алады.

3. Жұмыс қағидаттары

17. Мемлекеттік қызметті алушыға қатысты уәкілетті органның қызметі:

1) тұлғаның конституциялық құқығы мен бостандығын сақтау;

2) қызметтік міндетті орындау кезінде заңдылықты сақтау;

3) мемлекеттік қызметті алушымен жұмыс кезінде сыпайылық таныту;

4) мемлекеттік қызмет көрсету туралы ақпаратты толық және жеткілікті түрде беру;

5) өтінішті қарау барысында лауазымды тұлға қызметінің айқындылығы;

6) мемлекеттік қызметті алушы құжаттарының сақталуын қамтамасыз ету;

7) мемлекеттік қызметті алушы құжаттарының мазмұны туралы ақпаратты қорғау және құпиялығын сақтау қағидаттарына негізделеді.

4. Жұмыс нәтижелері

18. Мемлекеттік қызметті алушыларға мемлекеттік қызметтерді көрсету нәтижелері осы стандартқа 2-қосымшаға сәйкес сапа және тиімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

19. Мемлекеттік қызметтің сапа және тиімділік көрсеткіштерінің мақсаты мәні жыл сайын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығымен бекітіледі.

5. Шағымдану тәртібі

20. Осы стандартқа 2-қосымшада уәкілетті орган қызметкерлерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасау тәртібін түсіндіретін және шағымды дайындауға жәрдем көрсететін

лауазымды тұлғаның байланыс деректері көрсетілген.

Портал жұмысына шағымдану тәртібі туралы ақпаратты call-орталықтың (1414) телефоны арқылы алуға болады.

21. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда шағымдар мемлекеттік қызметті алушының таңдауы бойынша:

1) уәкілетті органның www.educontrol.kz мекенжайы бойынша интернет-ресурсының «сұрақ-жауап» бөліміне;

2) www.edu.gov.kz мекенжайы бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің блогына;

3) 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Орынбор көшесі, 8 үй, 11-кіреберіс мекен-жайы бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінде орналасқан шағымдар мен ұсыныстарға арналған жәшік арқылы;

4) 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Орынбор көшесі, 8 үй, 11-кіреберіс мекен-жайы бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне жазбаша түрде арыз беру арқылы жіберіледі.

22. Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде дөрекі қызмет көрсетуге байланысты мемлекеттік қызметті алушы тарапынан шағымдар:

1) осы стандарттың 21-тармағының 3) тармақшасында мекенжайы мен телефондары көрсетілген уәкілетті орган басшысының атына;

2) порталға call-орталықтың (1414) телефон нөмірі арқылы жолданады.

23. Мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда мемлекеттік қызметті алушының заңнамада белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

24. Шағым көрсетілген мәселелерді шешу құзыретіне кіретін субъект немесе лауазымды тұлғаның атына жіберілуі керек.

Шағымда тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатта болған жағдайда), пошталық мекенжайы, мерзімі көрсетіледі. Шағымға мемлекеттік қызметті алушының қолы қойылуы тиіс. Шағым берілген кезде шағымданған лауазымды тұлғаның аты-жөні, лауазымы, шағымдану себебі мен талаптары көрсетіледі.

25. Қабылданған шағым уәкілетті органның жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін есепке алу журналында тіркеледі және «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы Заңында белгіленген мерзімде қаралады. Өтініш берушіге мерзімі мен уақыты, өтінішті (шағымды) қабылдаған тұлғаның аты-жөні көрсетілген талон беріледі. Шағымданушыға шағымның нәтижелері туралы жазбаша түрде пошта арқылы хабарланады.

26. Портал: мемлекеттік қызметті алушының «жеке кабинетінен» портал арқылы электрондық өтініш жіберілгеннен кейін мемлекеттік органда өтініштерді өңдеу барысында жаңартылатын өтініш туралы (жеткізілгені туралы белгі, тіркеу, орындалуы, қаралғаны туралы немесе қаралудан бас тартылғаны туралы жауапты) ақпарат қолжетімді болады.

«Техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламалары бойынша білім беру қызметіне лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік қызмет стандартына
1-қосымша

Уәкілетті органдардың мекенжайы

№	Департаменттің атауы	Мекенжайы	Байланыс телефоны
1	2	3	4

1	«Ақмола облысының Білім саласындағы бақылау департаменті» ММ	020000, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Абай к-сі, 76	8 (716 2) 25-55-95.
2	«Ақтөбе облысының Білім саласындағы бақылау департаменті» ММ.	030000, Ақтөбе қаласы, Әлия Молдағұлова даңғылы,34.	8 (7132) 95-46-03.
3	«Алматы облысының Білім саласындағы бақылау департаменті» ММ	040000, Алматы облысы, Талдықорған қаласы, Каблиса Жырау к-сі, 202.	8 (7282) 22-21-22.
4	«Атырау облысының Білім саласындағы бақылау департаменті» ММ	060011, Атырау қаласы, Студенттер даңғылы, 212,	8 (7122)27-63-14.
5	«Шығыс Қазақстан облысының Білім саласындағы бақылау департаменті» ММ	070020, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Амурская к-сі, 18 А.	8 (7232) 52-60-80, тел/факс 78-52-65.
6	«Батыс Қазақстан облысының Білім саласындағы бақылау департаменті» ММ	090000, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Студенттер к-сі, 1	8 (7112) 26-03-80.
7	«Жамбыл облысының Білім саласындағы бақылау департаменті» ММ	080000, Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Сүлейманов к-сі, 7	8 (7262) 45-46-97.
8	«Қарағанды облысының Білім саласындағы бақылау департаменті» ММ	100028, Қарағанды қаласы, Сәбит Мұқанов к-сі, 1	8 (7212) 79-39-96.
9	«Қостанай облысының Білім саласындағы бақылау департаменті» ММ	110000, Қостанай қаласы, Абай даңғылы, 32	8 (7142) 12-00-14.
10	«Қызылорда облысының Білім саласындағы бақылау департаменті» ММ	120014, Қызылорда қаласы, Төле би к-сі, 36	8 (7242) 27-05-47.
11	«Маңғыстау облысының Білім саласындағы бақылау департаменті» ММ	130000, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 14-шағын аудан, 50	8 (7292) 43-84-63.
12	«Павлодар облысының Білім саласындағы бақылау департаменті» ММ	140000, Павлодар қаласы, Толстой к-сі, 99	8 (7182) 62-26-44, 62-64-89
13	«Солтүстік Қазақстан облысының Білім саласындағы бақылау департаменті» ММ	150000, Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавловск қаласы, Пушкин к-сі, 85	8 (7152) 46-13-35.
14	«Оңтүстік Қазақстан облысының Білім саласындағы бақылау департаменті» ММ	160012, Оңтүстік Қазақстан облысы, Шымкент қаласы, Тәуке хан даңғылы, 5	8 (7252) 21-46-77.
15	«Астана қаласының Білім саласындағы бақылау департаменті» ММ	010000 Астана қаласы, 19 Магистраль, 29	
16	«Алматы қаласының Білім саласындағы бақылау департаменті» ММ	050010, Алматы қаласы, Жамбыл к-сі, 25	8 (7272) 91-13-14.

«Техникалық және кәсіптік білім беру
бағдарламалары бойынша білім беру
қызметіне лицензия беру, қайта ресімдеу,
лицензияның телнұсқаларын беру»
мемлекеттік қызмет стандартына
2-қосымша

Кесте. Сапа және тиімділік көрсеткіштерінің мәні

Сапа және тиімділік көрсеткіштері	Көрсеткіштің нормативтік мәні	Келесі жылдағы көрсеткіштің нысаналы мәні	Есеп жылындағы көрсеткіштің ағымдағы мәні
1	2	3	4
1. Уақытылық			
1.1. құжат тапсырылған кезден белгіленген мерзімде қызмет көрсету жағдайларының % (үлесі)			
2. Сапа			
2.1. қызмет көрсету барысының сапасына қанағат болған тұтынушылар % (үлесі)			
3. Қолжетімділік			
3.1. қызмет көрсету сапасы және қызмет көрсету туралы ақпаратқа қанағат болған тұтынушылар % (үлесі)			
3.2. ол туралы ақпарат электрондық түрде қол жетімді қызметтер % (үлесі)			
4. Шағымдану барысы			
4.1. осы қызмет бойынша қызмет көрсетілген тұтынушылардың жалпы санына негізделген шағымдардың % (үлесі)			
5. Сыпайылық			
5.1. персоналдың сыпайылығына қанағат болған тұтынушылардың % (үлесі)			

«Техникалық және кәсіптік білім беру
бағдарламалары бойынша білім беру
қызметіне лицензия беру, қайта ресімдеу,
лицензияның телнұсқаларын беру»
мемлекеттік қызмет стандартына
3-қосымша

Лауазымды тұлғалардың байланыс деректері

№	Аты-жөні	Лауазымы	Мекенжай	Телефон
1	2	3	4	5
1	Ахметов Әлтайыр Амангелдіұлы	ҚР БҒМ білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті төрағасының орынбасары	Астана қаласы Орынбор көшесі, 8, Министрліктер үйі 11-кіреберіс, 841-каб.	74-15-43
2	Бөлебаева Ләззат Кайдирбекқызы	ҚР БҒМ білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті төрағасының орынбасары	Астана қаласы Орынбор көшесі, 8, Министрліктер үйі 11-кіреберіс, 946-каб.	74-22-14
3	Гаипов Зұлфұхар Сұлтанұлы	ҚР БҒМ білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті төрағасының орынбасары	Астана қаласы Орынбор көшесі, 8, Министрліктер үйі 11-кіреберіс, 837-каб.	74-23-75

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2012 жылғы 31 тамыздағы
№ 1119 қаулысымен
бекітілген

«Қазақ тілін білу деңгейін бағалауға (ҚАЗТЕСТ) құжаттарды қабылдау және қатысу» мемлекеттік қызмет стандарты

1. Жалпы ережелер

1. «Қазақ тілін білу деңгейін бағалауға (ҚАЗТЕСТ) құжаттарды қабылдау және қатысу» мемлекеттік қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) Астана қаласы, Жеңіс даңғылы, 67 мекенжайы бойынша орналасқан Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Ұлттық тестілеу орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі – ҚР БҒМ «Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚК) көрсетеді.

2. Мемлекеттік қызмет нысаны: автоматтандырылмаған.

3. Құжаттарды қабылдау және қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалауға (ҚАЗТЕСТ) қатысу мынадай нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асырылады:

1) Қазақстан Республикасы Конституциясының 7, 93-баптары;

2) «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі Заңының 4, 23-баптары.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы ақпарат ҚАЗТЕСТ жүйесінің www.kazakhtest.kz ресми сайтында орналастырылған. Мемлекеттік қызмет көрсету стандарты міндетті түрде орналастырылатын орын: Астана қаласы, Жеңіс даңғылы, 67, ҚР БҒМ «Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚК, 3-қабат, 15-кабинет.

5. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесі мемлекеттік сертификат (тестіленуші қажетті балды жинай алмаған жағдайда, жүйенің блоктары бойынша нәтижелері көрсетілген ведомость беріледі) немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап болып табылады.

6. Мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға (бұдан әрі – мемлекеттік қызметті алушы)

көрсетіледі.

7. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі мемлекеттік қызметті алуға өтініш берген (тіркелу, талон алу сәтінен бастап және т.б.) уақыттан бастап – 30 минут;

1) мемлекеттік қызметті алушының өтініш берген күні сол жерде мемлекеттік қызмет түрін алуға дейінгі күтудің рұқсат берілген ең ұзақ уақыты – 30 минут;

2) мемлекеттік қызметті алушыға өтініш берген күні сол жерде қызмет көрсетудің рұқсат берілген ең ұзақ уақыты – 3 сағат.

8. Мемлекеттік қызмет ақылы негізде көрсетіледі. Аталған қызмет түрінің құны ҚР БҒМ «Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚК-ның білім беру ұйымдарында білім деңгейін тестілік бақылау жүргізу кезіндегі қосымша қызметтердің баға көрсеткішіне сай келеді.

Мемлекеттік қызметті алушы мемлекеттік қызмет алу үшін келесі тәсілдердің біреуі арқылы ақы төлей алады:

1) 1-тәсіл – Ұлттық тестілеу орталығында;

2) 2-тәсіл – екінші деңгейлі Банкте (филиалында).

9. Мемлекеттік қызмет Ұлттық тестілеу орталығының белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес 8 (7172) 518306, 8 (7172) 518310 телефондары бойынша алдын ала жазылу арқылы көрсетіледі.

10. Аталған мемлекеттік қызметті көрсету орны: Астана қаласы, Жеңіс даңғылы, 67, ҚР БҒМ «Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚК, 3-қабат, 14-кабинет. Мемлекеттік қызмет «Тыңдалым» бөлігі бойынша аудиоматериалдарды тыңдауға мүмкіндік қарастырылған мәжіліс залында көрсетіледі.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

11. Мемлекеттік қызметті алушы мемлекеттік қызметті алу үшін Ұлттық тестілеу орталығына (Астана қаласы, Жеңіс даңғылы, 67, № 14-кабинет, байланыс телефоны 51-83-06) мынадай құжаттарды ұсынуы қажет:

1) мемлекеттік қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжатының түпнұсқасы;

2) Ұлттық тестілеу орталығы берген қазақ тілін белгілі бір деңгейде меңгергендігін растайтын сертификат көшірмесі (бар болған жағдайда);

3) төлем туралы түбіртек;

4) толтырылған өтініш бланкісі.

12. Мемлекеттік қызметті алу үшін толтыруға қажетті өтініш бланкісін Астана қаласы, Жеңіс даңғылы, 67, № 14 кабинеттен алуға болады, байланыс телефоны: 51-83-06.

13. Мемлекеттік қызметті алу үшін толтырылған өтініш бланкісін, төлем жасалғанын растайтын түбіртекте қабылдап алуға жауапты қызметкерлер болып Астана қ., Жеңіс даңғылы, 67 мекенжайында орналасқан Ұлттық тестілеу орталығы «Тестілеуді ұйымдастыру» ғылыми-әдістемелік зертханасының қызметкерлері саналады.

14. Ұлттық тестілеу орталығына өтініш білдірген кезде мемлекеттік қызметті алушы осы стандарттың 11-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынады және өтініш бланкісін келесі ақпараттарды көрсете отырып толтырады:

1) мемлекеттік қызметті алушы туралы деректер;

2) тестілеуден өту мерзімі;

3) тестілеу түрі:

деңгейді анықтау (жалпы меңгеру);

деңгейді бағалау (қарапайым, база, орта, ортадан жоғары және жоғары);

4) өтінішті қабылдаған қызметкердің Т.А.Ә.;

5) өтініш толтырылған күн;

6) басқа да қажетті ақпарат.

15. Қолхат мемлекеттік қызметті алу үшін барлық қажетті құжаттарды тапсырғандығын растайтын құжат болып табылады.

16. Қызмет көрсету нәтижесін жеткізу тәсілі F- мемлекеттік қызметті алушының (заңды өкілінің) өзі келіп алуы.

17. Осы стандарттың 11-тармағында қарастырылған құжаттар пакеті толық ұсынылмаған жағдайда мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартылады.

3. Жұмыс қағидаттары

18. Мемлекеттік қызметті алушыға қатысты мемлекеттік ұйым басшылыққа алатын қағидалар:

- 1) тестіленуші құжаттарының мазмұны туралы ақпаратты қорғау және оның құпиялығын сақтау;
- 2) көрсетілетін мемлекеттік қызмет жөнінде толық ақпарат беру;
- 3) белгіленген уақытта ала алмаған мемлекеттік қызметті алушының құжаттарын сақтауды қамтамасыз ету;
- 4) қызмет көрсету үдерісінің айқындылығы;
- 5) емтихан материалдарының құпиялығын қамтамасыз ету;
- 6) мемлекеттік қызмет көрсетумен айналысатын қызметкерлердің сыпайылығы;
- 7) емтихан өткізу орындарында ыңғайлылық және қауіпсіздік жағдайларын қамтамасыз ету.

4. Жұмыс нәтижелері

19. Мемлекеттік қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері осы стандарттың қосымшасына сай сапа және тиімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

20. ҚР БҒМ «Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚК жұмысы бағаланатын мемлекеттік қызмет көрсетудің сапалық және қолжетімділік көрсеткіштерінің мақсатты мәндері жыл сайын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің тиісті бұйрығымен бекітіледі.

5. Шағымдану тәртібі

21. Уәкілетті лауазымды тұлғаның әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібін Астана қаласы, Жеңіс даңғылы, 67 мекенжайында орналасқан ҚР БҒМ «Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚК Мемлекеттік тілді дамыту басқармасының бастығы түсіндіреді.

22. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижесімен келіспеген жағдайда мемлекеттік қызметті алушы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетіне жүгіне алады, байланыс телефондары 8-7172-74-23-69, 74-23-72, Астана қаласы, Орынбор к-сі, 8, Министрліктер үйі, № 11 кіреберіс, 8-қабат, № 835 кабинет.

23. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда мемлекеттік қызметті алушы заңнамада белгіленген тәртіппен сотқа шағымдануға құқығы бар.

24. Шағымдану кезінде мемлекеттік қызметті алушы еркін нысанда өтініш береді, өзімен бірге жеке басын куәландыратын құжаты болуы керек.

25. Қабылданған шағым жоғары оқу орнының кіріс ақпараттары журналына тіркеледі және «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы Заңында белгіленген мерзімде қарастырылады. Мемлекеттік қызметті алушыға қабылдау мерзімі мен уақыты көрсетілген, қабылдаған қызметкердің аты-жөні жазылған талон беріледі.

Шағымды қарастыру нәтижесі туралы мемлекеттік қызметті алушыға жазбаша түрде пошта арқылы хабарланады.

«Қазақ тілін білу деңгейін
бағалауға (ҚАЗТЕСТ) құжаттарды
қабылдау және қатысу»
мемлекеттік қызмет стандартына
қосымша

Кесте. Сапа мен тиімділік көрсеткіштері

Сапа мен тиімділік көрсеткіштері	Нормативті көрсеткіштер	Келесі жылға қойылған мақсатты көрсеткіштер	Есеп беру жылдағы ағымдық көрсеткіштер
1	2	3	4
1. Уақытылығы			
1.1. Құжатты тапсырған сәттен бастап белгіленген мерзімде қызметті ұсыну жағдайларының %-ы (үлесі)			
2.1. Қызметті ұсыну үдерісінің сапасына қанағаттанған тұтынушылардың %-ы (үлесі)			
2. Сапасы			
2.1. Қызмет көрсету үрдісінің сапасына қанағаттанған пайдаланушылардың %-ы (үлесі)			
2.2. Дұрыс ресімделген құжаттардың (шығарылған есептердің) %-ы (үлесі)			
3. Қол жетімділігі			
3.1. Қызметті ұсынудың сапасына және оны ұсыну тәртібі туралы ақпаратқа қанағаттанған тұтынушылардың %-ы (үлесі)			
3.2. Пайдаланушылар дұрыс толтырған және бірден тапсырған құжаттардың %-ы (үлесі)			
3.3. Интернет арқылы ақпарат алынған қызметтердің %-ы (үлесі)			
4. Шағымдану үрдісі			
4.1. Пайдаланушылардың аталған қызмет көрсетілген жалпы санынан негізделген шағымдардың %-ы (үлесі)			
4.2. Бекітілген мерзімде қарастырылған және қанағаттандырылған шағымдардың %-ы (үлесі)			
4.3. Шағымданудың қолданыстағы тәртібіне қанағаттанған мемлекеттік қызметті алушылардың %-ы (үлесі)			
4.4. Шағымдану мерзімімен қанағаттанған пайдаланушылардың %-ы (үлесі)			
5. Сыпайылық			
5.1. Қызметшілердің сыпайылығына қанағаттанған тұтынушылардың %-ы (үлесі)			

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2012 жылғы 31 тамыздағы
№ 1119 қаулысымен
бекітілген

«Жоғары білім беретін білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқуға рұқсат беру» мемлекеттік қызмет стандарты

Ескерту. Стандарт алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 26.05.2014 № 544 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2012 жылғы 31 тамыздағы
№ 1119 қаулысымен
бекітілген

«Кәсіптік жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін жоғары оқу орындарына құжаттарды қабылдау мен оқуға қабылдау» мемлекеттік қызмет стандарты

1. Жалпы ережелер

1. «Кәсіптік жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін жоғары оқу орындарына құжаттарды қабылдау мен оқуға қабылдау» мемлекеттік қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) жоғары оқу орындары көрсетеді.

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нысаны: автоматтандырылмаған.

3. Мемлекеттік қызмет «Жоғары кәсіптік білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 19 қаңтардағы № 111 қаулысы негізінде жүзеге асырылады.

4. Мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі туралы толық ақпарат жоғары оқу орындарының (бұдан әрі – ЖОО) интернет-ресурстарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің www.edu.gov.kz сайтына орналастырылады.

5. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нәтижесі ЖОО ректорының білім алушылар қатарына қабылдағандығы туралы жалпы бұйрығы немесе қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап болып табылады.

6. Мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасының азаматтарына, Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ тұлғаларға, Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын ұлты қазақ тұлғаларға және қолданыстағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шетелдік азаматтарға (бұдан әрі – мемлекеттік қызметті алушы) көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетіне және құқық қорғау органдарына ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдары үшін жоғары оқу орындарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау бойынша мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында айқындалған жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының азаматтарына ғана көрсетіледі.

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 09.07.2013 № 699 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

7. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

1) қабылдау комиссиясы жоғары оқу орындарында кешенді тестілеуге қатысу үшін өтініштер қабылдауды 20 маусым мен 9 шілде аралығында жүргізеді;

2) қабылдау комиссиясы шығармашылық мамандықтарға өтініштер қабылдауды 20 маусым мен 1 шілде аралығында жүргізеді;

3) Ұлттық бірыңғай тестілеуден өткені туралы сертификаттары бар бітірушілер үшін құжаттарды қабылдау – 20 маусым мен 10 тамыз аралығы;

4) жоғары оқу орнының қабылдау комиссиясы студенттер қатарына қабылдауды 10 - 25 тамыз аралығында жүргізеді.

8. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

9. Мемлекеттік қызмет білім беру ұйымы белгілеген жұмыс уақыты режиміне сәйкес көрсетіледі.

10. Мемлекеттік қызмет жоо-ларда көрсетіледі. Жоо ғимаратында күтуге арналған жұмсақ орындықтар, ақпарат тақталары, жұмыс үстелдері, құжаттардың ресімдеу үлгілері орналастырылады. Мемлекеттік қызметті алуға дене мүмкіндігі шектеулі мемлекеттік қызметті алушылардың кедергісіз қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында жоғары оқу орындарының ғимараттарында арнайы жабдықталған ұстайтын тұтқалар, пандустар қарастырылады.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

11. Мемлекеттік қызметті алу үшін мемлекеттік қызметті алушылар мынадай құжаттарды ұсынады:

1) Жоо-ға қабылдау туралы өтініш;

2) жалпы орта (орта жалпы) білімі, техникалық және кәсіптік (бастауыш және орта кәсіптік, ортадан кейінгі) немесе жоғары білімі туралы құжат (түпнұсқасы);

3) 3x4 көлеміндегі 6 (алты) дана фотосурет;

4) 086-У нысанындағы медициналық анықтама;

5) ҰБТ немесе кешенді тестілеу сертификаты;

6) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

7) білім беру грантын тағайындау туралы куәлік (бар болған жағдайда).

12. Мемлекеттік қызметті алу туралы сауалнамалардың нысандары Жоо-ның интернет-ресурстарына орналастырылады.

13. Мемлекеттік қызметті алу үшін қажетті құжаттар Жоо қабылдау комиссиясына тапсырылады.

14. Мемлекеттік қызметті алушыға осы стандарттың 11-тармағына сәйкес құжаттардың қабылданғандығы туралы қолхат беріледі, онда:

1) конкурстық іріктеуге жіберілгендігі туралы ақпарат;

2) тапсырылған құжаттардың тізбесі;

3) құжаттарды қабылдап алған қызметкердің тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы, сондай-ақ байланыс деректері;

4) құжаттарды қабылдау шарттары көрсетіледі.

15. Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін беру мемлекеттік қызметті алушының (заңды өкілінің) жеке өзі келген жағдайда жүзеге асырылады.

16. Мемлекеттік қызмет көрсетудің тоқтатылуына немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартуға төмендегі жағдайлар негіз болады:

1) осы стандарттың 11-тармағында көрсетілген құжаттардың ұсынылмауы немесе толық ұсынылмауы;

2) ҰБТ тапсырған, кешенді тестілеуге қатысқан ағымдағы жылғы жалпы орта білім беру ұйымдары бітірушілерінің тестілеу нәтижесінде ұлттық жоғары оқу орындарының ақылы бөліміне білім алушылар қатарына қабылдану үшін төмендегі пәндерден 70 балдан төмен, басқа жоғары оқу орындарына 50 балдан төмен, «Жалпы медицина» мамандығына 55 балдан төмен балл жинауы: мемлекеттік немесе орыс тілі (оқу тіліне қарай), Қазақстан тарихы, математика және таңдау пәні, оның ішінде, таңдау пәні бойынша 7 балдан төмен балл алуы (әрбір шығармашылық емтиханы бойынша 10 балдан төмен), ал басқа пәндердің әрқайсысынан 4 балдан төмен балл жинауы;

3) ҰБТ немесе кешенді тестілеу аясында тест тапсырған пәндердің бірінен 4 балдан төмен балл жинауы (бұл тұлғалар ақылы негізде білім алушылар қатарына қабылдануға немесе мемлекеттік білім грантын тағайындау конкурсына қатысуға жіберілмейді).

3. Жұмыс қағидаттары

17. Жоғары оқу орындарының қызметі заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерді сақтауға негізделеді және сыпайылық, толық ақпарат беру, оны сақтау, қорғау және құпиялылығын қамтамасыз ету қағидаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

4. Жұмыс нәтижелері

18. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері осы стандарттың қосымшасына сәйкес сапа және қолжетімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

19. Мемлекеттік қызметтің сапасы мен тиімділігі көрсеткіштерінің мақсатты мәндері жыл сайын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығымен бекітіледі.

5. Шағымдану тәртібі

20. ЖОО қызметкерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі туралы ақпаратты жоғары оқу орны қабылдау комиссиясының бастығынан алуға болады. Шағымдар ауызша немесе жазбаша түрде телефонмен, поштамен немесе жоғары оқу орнының кеңсесі арқылы жұмыс күндері қолма-қол қабылданады.

21. Көрсетілген қызметтің нәтижесіне келіспеген жағдайда мемлекеттік қызметті алушылар апелляцияның жоғары инстанциясы –Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне хабарласа алады, мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Орынбор көшесі, 8, тел: +7 7172 742362 (интернет-ресурсы: www.edu.gov.kz).

22. Тиісті деңгейде қызмет көрсетілмеген жағдайда азаматтардың өтініштері ЖОО кеңсесі арқылы жазбаша түрде білім беру ұйымы белгілеген жұмыс уақытының режиміне сәйкес қабылданады.

23. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижесімен келіспеген жағдайда мемлекеттік қызметті алушының заңнамада белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

24. Азаматтардың өтініштері, оның ішінде, шағымдары еркін үлгіде жазбаша түрде қабылданады. Қажет болған жағдайда мәселенің сипатына байланысты қосымша құжаттар ұсынылады.

25. Қабылданған шағымдар жоғары оқу орнының кіріс хат-хабарлар журналына тіркеледі және «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы Заңында белгіленген мерзімде қарастырылады. Мемлекеттік қызметті алушыға қабылдау мерзімі мен уақыты көрсетілген, қабылдаған қызметкердің аты-жөні жазылған талон беріледі.

Шағымды қарастыру нәтижесі туралы мемлекеттік қызметті алушыға жазбаша түрде пошта арқылы хабарланады.

«Кәсіптік жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін жоғары оқу орындарына құжаттарды қабылдау мен оқуға қабылдау» мемлекеттік қызмет стандартына қосымша

Кесте. Сапа және тиімділік көрсеткіштерінің мәні

Сапа және тиімділік көрсеткіштері	Көрсеткіштің нормативтік мәні	Көрсеткіштің келесі жылдағы нысаналы мәні	Көрсеткіштің есепті жылдағы ағымдағы мәні
1	2	3	4

1. Уақтылылығы			
1.1. Құжатты тапсырған сәттен бастап белгіленген мерзімде қызметті ұсыну жағдайларының %-ы (үлесі)			
2. Сапасы			
2.1. Қызметті ұсыну үдерісінің сапасына қанағаттанған мемлекеттік қызметті алушылардың % (үлесі)			
3. Қолжетімділік			
3.1. Қызметті ұсынудың сапасына және оны ұсыну тәртібі туралы ақпаратқа қанағаттанған мемлекеттік қызметті алушылардың %-ы (үлесі)			
3.2. Ақпаратына электронды форматта қол жеткізуге болатын қызметтер %-ы (үлесі)			
4. Шағымдану үдерісі			
4.1. Шағымданудың қолданыстағы тәртібіне қанағаттанған мемлекеттік қызметті алушылардың %-ы (үлесі)			
5. Сыпайылық			
5.1. Персоналдың сыпайылығына қанағаттанған мемлекеттік қызметті алушылардың %-ы (үлесі) 5.1. % (доля) получателей государственной услуги, удовлетворенных вежливостью персонала			

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2012 жылғы 31 тамыздағы
№ 1119 қаулысымен
бекітілген

«Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін жоғары оқу орындарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік қызмет стандарты

1. Жалпы ережелер

1. «Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін жоғары оқу орындарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) жоғары оқу орындары, ғылыми ұйымдар көрсетеді.

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нысаны: автоматтандырылмаған.

3. Мемлекеттік қызмет «Жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 19 қаңтардағы № 109 қаулысының негізінде жүзеге асырылады.

4. Мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі туралы толық ақпарат жоғары оқу орындарының (бұдан әрі – ЖОО) интернет-ресурстарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің www.edu.gov.kz сайтына орналастырылады.

5. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нәтижесі ЖОО ректорының білім алушылар қатарына

қабылдағандығы туралы жалпы бұйрығы немесе қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап болып табылады.

6. Мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасының азаматтарына, Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ тұлғаларға, және Қазақстан Республикасының азаматы болып есептелмейтін ұлты қазақ тұлғаларға (бұдан әрі – мемлекеттік қызметті алушы) көрсетіледі.

7. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

Жоғары оқу орындарының магистратурасына, докторантурасына, әскери жоғары оқу орындарының адъюнктурасына, медициналық жоғары оқу орындары мен ғылыми ұйымдардың резидентурасына оқуға түсетіндер үшін өтініштерді қабылдау 20 маусым мен 20 шілде аралығында жүргізіледі.

Магистратураға, резидентураға, адъюнктураға және докторантураға түсу емтихандары 1 – 20 тамыз аралығында, білім алушылар қатарына қабылдау – 31 тамызға дейін жүргізіледі.

8. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

9. Мемлекеттік қызмет білім беру ұйымы белгілеген жұмыс уақыты режиміне сәйкес көрсетіледі.

10. Мемлекеттік қызмет жоо-ларда көрсетіледі. ЖОО ғимаратында күтуге арналған жұмсақ орындықтар, ақпарат тақталары, жұмыс үстелдері, құжаттардың ресімдеу үлгілері орналастырылады. Мемлекеттік қызметті алуға дене мүмкіндігі шектеулі мемлекеттік қызметті алушылардың кедергісіз қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында жоғары оқу орындарының ғимараттарында арнайы жабдықталған ұстайтын тұтқалар, пандустар қарастырылады.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

11. Мемлекеттік қызметті алу үшін мемлекеттік қызметті алушылар мынадай құжаттарды ұсынады:

Магистратураға, адъюнктураға және резидентураға оқуға түсетіндер үшін:

- 1) ұйым басшысы атына жазылған өтініш;
- 2) жоғары білімі туралы құжаттың көшірмесі;
- 3) интернатураны бітіргендігі туралы куәлік (резидентураға оқуға түсу үшін);
- 4) Жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидаларында бекітілген бағдарламалар бойынша тест тапсырғандығы туралы сертификаттың көшірмесі (бар болған жағдайда);
- 5) кадрларды есепке алу жөніндегі жеке парағы және еңбек жолын растайтын құжат (еңбек өтілі бар тұлғалар үшін);
- 6) 3x4 сантиметр көлеміндегі 6 (алты) дана фотосурет;
- 7) 086-У нысанындағы медициналық анықтама;
- 8) жеке куәлігінің көшірмесі;
- 9) ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстарының тізімі (бар болған жағдайда).

Докторантураға оқуға түсетіндер үшін:

- 1) ұйым басшысы атына жазылған өтініш;
- 2) болашақтағы отандық және шетелдік ғылыми кеңесшісімен келісілген, жоспарланып отырған диссертациялық зерттеуіне жасалған негіздеме;
- 3) жеке куәлігінің көшірмесі;
- 4) білімі туралы құжаттың көшірмесі;
- 5) Жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидаларында бекітілген бағдарламалар бойынша тест тапсырғандығы туралы сертификаттың көшірмесі (бар болған жағдайда);
- 6) ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстарының тізімі (бар болған жағдайда);
- 7) 3x4 сантиметр көлеміндегі 6 (алты) дана фотосурет;
- 8) 086-У нысанындағы медициналық анықтама;
- 9) кадрларды есепке алу жөніндегі жеке парағы және еңбек жолын растайтын құжат (еңбек өтілі бар тұлғалар үшін).

12. Мемлекеттік қызметті алу туралы сауалнамалардың нысандары жоо-лардың интернет-ресурстарында орналастырылады.

13. Мемлекеттік қызметті алу үшін қажетті құжаттар ЖОО қабылдау комиссиясына тапсырылады.

14. Мемлекеттік қызметті алушыларға осы стандарттың 11-тармағына сәйкес құжаттардың қабылданғандығы туралы қолхат беріледі, онда:

1) конкурстық іріктеуге жіберілгендігі туралы ақпарат;

2) тапсырылған құжаттардың тізбесі;

3) құжаттарды қабылдап алған қызметкердің тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы, сондай-ақ байланыс деректері;

4) құжаттарды қабылдау шарттары көрсетіледі.

15. Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін беру мемлекеттік қызметті алушының (заңды өкілінің) жеке қатысуымен жүзеге асырылады.

16. Мемлекеттік қызмет көрсетудің тоқтатылуына немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартуға төмендегі жағдайлар негіз болады:

1) осы стандарттың 11-тармағында көрсетілген құжаттардың ұсынылмауы немесе толық ұсынылмауы;

2) мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға түсушілердің әрбір емтиханды 100 баллға бағалайтын жүйе бойынша екі түсу емтиханының нәтижесінде 150 балдан кем балл жинауы.

3. Жұмыс қағидаттары

17. Жоғары оқу орындарының қызметі заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерді сақтауға негізделеді және сыпайылық, толық ақпарат беру, оны сақтау, қорғау және құпиялылығын қамтамасыз ету қағидаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

4. Жұмыс нәтижелері

18. Мемлекеттік қызметті алушыларға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері осы стандарттың қосымшасына сәйкес сапа және қолжетімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

19. Мемлекеттік қызметтің сапасы мен тиімділігі көрсеткіштерінің мақсатты мәндері жыл сайын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығымен бекітіледі.

5. Шағымдану тәртібі

20. ЖОО қызметкерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі туралы ақпаратты жоғары оқу орны қабылдау комиссиясының бастығынан алуға болады. Шағымдар ауызша немесе жазбаша түрде телефонмен, поштамен немесе жоғары оқу орнының кеңсесі арқылы жұмыс күндері қолма-қол қабылданады.

21. Көрсетілген қызметтің нәтижесіне келіспеген жағдайда мемлекеттік қызметті алушылар апелляцияның жоғары инстанциясы – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне хабарласа алады, мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Орынбор көшесі, 8, тел: +7 7172 742362 (интернет-ресурс: www.edu.gov.kz).

22. Тиісті деңгейде қызмет көрсетілмеген жағдайда азаматтардың өтініштері ЖОО кеңсесі арқылы жазбаша түрде білім беру ұйымы белгілеген жұмыс уақытының режиміне сәйкес қабылданады.

23. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижесімен келіспеген жағдайда мемлекеттік қызметті алушының заңнамада белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

24. Азаматтардың өтініштері, оның ішінде, шағымдары еркін үлгіде жазбаша түрде қабылданады. Қажет болған жағдайда мәселенің сипатына байланысты қосымша құжаттар ұсынылады.

25. Қабылданған шағымдар жоғары оқу орнының кіріс хат-хабарлар журналына тіркеледі және «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы Заңында белгіленген мерзімде қарастырылады. Мемлекеттік қызметті алушыға қабылдау мерзімі мен уақыты көрсетілген, қабылдаған қызметкердің аты-жөні жазылған талон беріледі.

Шағымды қарастыру нәтижесі туралы мемлекеттік қызметті алушыға жазбаша түрде пошта арқылы хабарланады.

«Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін жоғары оқу орындарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік қызмет стандартына қосымша

Кесте. Сапа және тиімділік көрсеткіштерінің мәні

Сапа және тиімділік көрсеткіштері	Көрсеткіштің нормативтік мәні	Көрсеткіштің келесі жылдағы нысаналы мәні	Көрсеткіштің есепті жылдағы ағымдағы мәні
1	2	3	4
1. Уақтылылығы			
1. 1.Құжатты тапсырған сәттен бастап белгіленген мерзімде қызметті ұсыну жағдайларының %-ы (үлесі)			
2. Сапасы			
2.1. Қызметті ұсыну үдерісінің сапасына қанағаттанған мемлекеттік қызметті алушылардың % (үлесі)т			
3. Қолжетімділік			
3.1.Қызметті ұсынудың сапасына және оны ұсыну тәртібі туралы ақпаратқа қанағаттанған мемлекеттік қызметті алушылардың %-ы (үлесі)			
3.2. Ақпаратына электронды форматта қол жеткізуге болатын қызметтер %-ы (үлесі)			
4. Шағымдану үдерісі			
4.1. Шағымданудың қолданыстағы тәртібіне қанағаттанған мемлекеттік қызметті алушылардың %-ы (үлесі)			
5. Сыпайылық			
5.1. Персоналдың сыпайылығына қанағаттанған мемлекеттік қызметті алушылардың %-ы (үлесі)5.1. % (доля) получателей государственной услуги, удовлетворенных вежливостью персонала			

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2012 жылғы 31 тамыздағы

«Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында, жоғары оқу орындарында оқытындарға жатақхана беру» мемлекеттік қызмет стандарты

1. Жалпы ережелер

1. «Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында, жоғары оқу орындарында оқытындарға жатақхана беру» мемлекеттік қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары (бұдан әрі – ТЖКБ) және жоғары оқу орындары (бұдан әрі –ЖОО) көрсетеді.

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нысаны: автоматтандырылмаған.

3. Мемлекеттік қызмет "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 43-бабына сәйкес жүзеге асады.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы толық ақпарат ТЖКБ және ЖОО веб-сайтарында орналасқан.

5. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесі жатақхана берілетіні туралы жолдама немесе қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап болып табылады.

6. Мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасының азаматтарына, Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ тұлғаларға және Қазақстан Республикасының азаматы болып есептелмейтін ұлты қазақ тұлғаларға (бұдан әрі – мемлекеттік қызметті алушы) көрсетіледі.

7. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:

1) мемлекеттік қызметті алушы осы стандарттың 11-тармағында айқындалған қажетті құжаттарды тапсырған сәттен бастап 20 минуттан артық емес;

2) мемлекеттік қызметті алу үшін өтініш берген сәттен бастап күнтізбелік 7 күннен аспайды.

8. Мемлекеттік қызмет ақысыз көрсетіледі.

9. Мемлекеттік қызмет демалыс және мереке күндерін қоспағанда, күн сайын сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі үзіліспен сағат 9.00-дан 18.30-ға дейін көрсетіледі. Қабылдау алдын ала жазылусыз және жедел қызмет көрсетусіз кезек күту тәртібімен жүргізіледі.

10. Мемлекеттік қызмет ТЖКБ ұйымдарында көрсетіледі. Мемлекеттік қызметті көрсету мақсатында күту үшін және қажетті құжаттарды дайындауға жағдайлар жасалады (күту залы, қажетті құжаттар тізбесі мен құжаттарды рәсімдеу үлгілері бар стенділермен жабдықталған құжаттарды толтыруға арналған орындар). Дене мүмкіндіктері шектеулі мемлекеттік қызметті алушылар кедергісіз қол жеткізуі үшін ғимараттарда пандусы бар кіреберіс қарастырылады.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

11. Мемлекеттік қызмет алушы мемлекеттік қызметті алу үшін мынадай құжаттарды ұсынады:

1) Стандарттың 1- қосымшасына сәйкес жатақханадан орын беру туралы өтініш;

2) 3x4 көлеміндегі 6 фотосурет;

3) 086-У нысандағы медициналық анықтама;

4) факультет деканатының қолдаухаты

5) отбасы болған жағдайда отбасының құрамы туралы анықтама;

6) ата-анасының біреуі немесе ана-аналары қайтыс болған жағдайда ата-анасының қайтыс болғаны туралы анықтама (жетімдер үшін);

7) отбасында 4 және одан да көп бала болған жағдайда, көп балалы отбасы туралы анықтама (көп балалы отбасының балалары үшін);

8) жеке тұлғаны куәландыратын құжаттың көшірмесі;

9) оқу орнынан анықтама.

12. Мемлекеттік қызметті алу туралы өтініштер нысандары техникалық және кәсіптік білім

беру ұйымдарының, жоғары оқу орындарының фойесінде орналасады немесе мамандарда болады.

13. Мемлекеттік қызметті алу үшін қажетті құжаттар ТжКБ беру ұйымының оқу бөліміне және ЖОО-ның деканаттарына өткізіледі.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.07.2013 № 699 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

14. Мемлекеттік қызметті алу үшін қажетті құжаттарды тапсырған кезде мемлекеттік қызметті алушыға барлық құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі, онда:

- 1) сұраныстың нөмірі мен қабылданған күні;
 - 2) сұратылған мемлекеттік қызмет түрлері;
 - 3) қосымша құжаттардың атауы мен саны;
 - 4) күні (уақыты) және құжаттарды беру орны;
 - 5) құжаттарды рәсімдеуге өтінішті қабылдап алған ТжКБ және ЖОО өкілінің тегі, аты, әкесінің аты;
 - 6) мемлекеттік қызметті алушының тегі, аты, әкесінің аты, оның байланыс деректері;
15. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру мемлекеттік қызметті алушының (заңды өкілінің) жеке қатысуымен жүзеге асырылады.

16. Мемлекеттік қызмет көрсетуден мынадай жағдайларда бас тартылады:

- 1) осы стандарттың 11-тармағында көрсетілген барлық құжаттар ұсынылмағанда. Мемлекеттік қызметті алушы көрсетілген кедергілерді жойған жағдайда өтініш жалпы негізде қарастырылады;
- 2) ТжКБ және ЖОО жатақханаларында орын болмағанда.

3. Жұмыс қағидаттары

17. ТжКБ және ЖОО қызметі заңнамалық және нормативтік құқықтық актілердің сақталуына негізделеді және сыпайылық, толық ақпарат беру, оны сақтау, қорғау және құпияда ұстау қағидаттарында жүзеге асырылады.

4. Жұмыс нәтижелері

19. Мемлекеттік қызметті алушыларға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері осы стандартқа 2-қосымшаға сәйкес сапа және қолжетімдік көрсеткіштерімен өлшенеді.

20. Мемлекеттік қызметтің сапа және нәтижелілік көрсеткіштерінің мақсатты мәні жыл сайын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығымен бекітіледі.

5. Шағымдану тәртібі

21. ТжКБ ұйымдары мен ЖОО қызметкерлерінің әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағымдану тәртібі туралы ақпаратты ТжКБ ұйымдары мен ЖОО оқу бөлімдерінен алуға болады. Арыздар ауызша және жазбаша түрде телефонмен, поштамен немесе ұйым кеңсесі арқылы жұмыс күндері қолма-қол қабылданады.

22. Мемлекеттік қызмет алушы көрсетілген қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда белгіленген жұмыс кестесін сәйкес жоғарғы апелляциялық инстанция – ҚР Білім және ғылым министрлігіне шағымдана алады.

23. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда мемлекеттік қызметті алушы заңнамада белгіленген тәртіппен сотқа шағымдануға құқылы.

24. Азаматтардың өтініштері, соның ішінде шағымдары жазбаша түрде еркін нысанда қабылданады. Қажет болған жағдайда мәселенің сипатына қарай қосымша құжаттарды беруге болады.

25. Қабылданған шағымдар жоғары оқу орнының кіріс хат-хабарлар журналына тіркеледі және «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы Заңында белгіленген мерзімде қарастырылады. Мемлекеттік қызметті алушыға қабылдау мерзімі мен уақыты көрсетілген, қабылдаған қызметкердің аты-жөні жазылған талон

беріледі.

Шағымды қарастыру нәтижесі туралы мемлекеттік қызметті алушыға жазбаша түрде пошта арқылы хабарланады.

«Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында, жоғары оқу орындарында оқитындарға жатақхана беру» мемлекеттік қызмет стандартына 1-қосымша

Өтініш

_____ (Т.А.Ә.)

_____ (факультет/бөлім, мамандық)

« _____ » _____ 20__ ж.

_____ (қолы)

«Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында, жоғары оқу орындарында оқитындарға жатақхана беру» мемлекеттік қызмет стандартына 2-қосымша

Кесте. Сапа және тиімділік көрсеткіштерінің мәні

Сапа және тиімділік көрсеткіштері	Көрсеткіштің нормативтік мәні	Көрсеткіштің келесі жылдағы нысаналы мәні	Көрсеткіштің есепті жылдағы ағымдағы мәні
1	2	3	4
1. Уақтылылығы			
1. 1.Құжатты тапсырған сәттен бастап белгіленген мерзімде қызметті ұсыну жағдайларының %-ы (үлесі)			
2. Сапасы			
2.1. Қызметті ұсыну үдерісінің сапасына қанағаттанған мемлекеттік қызметті алушылардың %-ы (үлесі)			

3. Қолжетімділік			
3.1. Қызметті ұсынудың сапасына және оны ұсыну тәртібі туралы ақпаратқа қанағаттанған мемлекеттік қызметті алушылардың %-ы (үлесі)			
3.2. Электронды форматта қол жеткізуге болатын ақпараттық қызметтер %-ы (үлесі)			
4. Шағымдану үдерісі			
4.1. Шағымданудың қолданыстағы тәртібіне қанағаттанған мемлекеттік қызметті алушылардың %-ы (үлесі)			
5. Сыпайылық			
5.1. Персоналдың сыпайылығына қанағаттанған мемлекеттік қызметті алушылардың %-ы (үлесі)			

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2012 жылғы 31 тамыздағы
№ 1119 қаулысымен
бекітілген

«Техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламалары бойынша кадрлар даярлауды жүзеге асыратын білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік қызмет стандарты

1. Жалпы ережелер

1. «Техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламалары бойынша кадрлар даярлауды жүзеге асыратын білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) техникалық және кәсіптік білімнің білім беру ұйымдары (бұдан әрі – ТжКБ) көрсетеді.

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нысаны: автоматтандырылмаған.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 26-бабымен және «Техникалық және кәсіптік білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 19 қаңтардағы № 130 қаулысымен (бұдан әрі – Үлгі қағидалар) реттеледі.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы толық ақпарат ТжКБ ұйымдарының интернет-ресурстарында және фойелерінде орналасқан стендтерде, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің (www.edu.gov.kz), әкімдіктердің, облыстар және Астана, Алматы қалаларының білім басқармаларының ресми сайттарында орналастырылады.

5. Мемлекеттік қызметті аяқтау нәтижесі оқуға қабылдау туралы жалпы бұйрық немесе қызмет көрсетуден бас тартатындығы туралы дәлелді жауап.

6. Мемлекеттік қызмет негізгі орта (жалпы негізгі), жалпы орта (орта жалпы), техникалық және кәсіптік (кәсіптік бастауыш және кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі, жоғары (кәсіптік жоғары) білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтарына, шетелдік азаматтарға және азаматтығы жоқ тұлғаларға (бұдан әрі – мемлекеттік қызметті алушы) көрсетіледі.

7. Мемлекеттік қызмет көрсетудің мерзімдері:

1) мемлекеттік қызметті алушы осы стандарттың 11-тармағында айқындалған қажетті құжаттарды тапсырған сәттен бастап құжаттарды қабылдау кезеңінде – 60 минуттан аспайды;

2) мемлекеттік қызмет көрсетуді алу үшін жүгінген сәттен – өтініш түскен күнінен бастап Үлгі қағидаларда белгіленген білім алушы қатарына қабылдау кезеңіне күндізгі оқу нысанына 30 тамызға, сырттай оқу нысанына 30 қыркүйекке дейін;

Құжаттар тіркелген күннен бастап бір аптадан аспайтын мерзімде қабылдау комиссиясы оқуға түсушілерге түсу емтихандарына жіберілгендіктері туралы хабарлайды.

8. Білім беру ұйымдары көрсететін қызмет көрсету білім беру ұйымы бекітетін және құрылтайшымен келісілген қызмет көрсету тарифіне сәйкес ақылы негізде жүргізіледі.

9. Мемлекеттік қызмет:

1) оқудың күндізгі нысанына – 20 маусым мен 20 тамыз аралығында;

2) оқудың кешкі және сырттай нысанына – 20 маусым мен 20 қыркүйек аралығында;

3) өнер және мәдениет мамандықтары бойынша 20 маусым мен 20 шілде аралығында жүзеге асырылады.

Түсу емтихандары күндізгі оқу бөліміне 1 тамыз бен 28 тамыз, кешкі және сырттай оқу бөліміне 1 тамыз бен 25 қыркүйек, өнер және мәдениет мамандықтарына немесе шығармашылық емтиханы 21 шілде мен 28 шілде аралығында өткізіледі.

Техникалық және кәсіптік білім беретін білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылар құрамына қабылдау күндізгі оқу бөліміне 25 тамыз бен 30 тамыз, кешкі және сырттай оқу нысанына 15 қыркүйек пен 30 қыркүйек аралығында жүргізіледі;

2) белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін көрсетіледі;

3) қабылдау алдын ала жазылусыз және жедел қызмет көрсетусіз кезек күту тәртібімен жүзеге асырылады.

10. Мемлекеттік қызмет меншік нысанына қарамастан мемлекеттік қызметті алушыларға, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға қызмет көрсету үшін жағдай қарастырылған училищелерде, колледжерде және жоғары техникалық мектептерде көрсетіледі. Оқу орындарының фойесі бланкілерді толтыру үлгілері бар ақпараттық стендтермен жарақтандырылады. Күту жағдайы және қажетті құжаттарды даярлауға қолайлы болуы үшін бөлмелер креслолармен және орындықтармен жабдықталған.

2. Мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі

11. Мемлекеттік қызметті алу үшін мемлекеттік қызметті алушылар мынадай құжаттарды ұсынады:

1) жеке басын куәландыратын құжат;

2) білімі туралы құжаттар (түпнұсқа);

3) білім беру ұйымына оқуға қабылдау туралы өтініш;

4) № 086-У нысанындағы медициналық анықтама флюорография суретімен (I және II топтағы мүгедектер мен бала жасынан мүгедектер үшін медициналық-әлеуметтік сараптама қорытындысы) қоса беріледі;

5) 3x4 көлемдегі 4 фотосурет.

Жеке басын куәландыратын құжаттарды оқуға түсушінің заңды өкілдері жеке өздері ұсынады.

Шетелдіктер және азаматтығы жоқ тұлғалар мәртебесін анықтайтын, тұрғылықты жерге тіркелгендігі туралы белгісі бар құжатты ұсынады:

1) шетелдік – шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты;

2) азаматтығы жоқ тұлға – азаматтығы жоқ тұлғаның куәлігі;

3) босқын – босқынның куәлігі;

4) пана іздеуші тұлға – пана іздеуші тұлғаның куәлігі;

5) оралман – оралманның куәлігі.

Оқуға түсушілерден түскен өтініштер білім беру ұйымының тіркеу журналдарына оқытудың нысандары бойынша тіркеледі.

Кешенді тестілеу сертификатын (жоғары оқу орындарына түсу үшін ағымдағы жылы кешенді тестілеуге қатысқан өткен жылғы түлектер) немесе ҰБТ нәтижелері туралы сертификатын тапсырған (ағымдағы жылы ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысқан бітірушілер) тұлғалар түсу емтихандарынан босатылады және Үлгі қағидалардың талаптарына сәйкес конкурсқа жіберіледі.

12. Мемлекеттік қызметті алуға арналған өтініштің үлгісі оқу орнының фойесінде орналастырылады, сондай-ақ оқу орнының қабылдау комиссиясы мамандарынан алуға болады.

13. Өтініш, сондай-ақ барлық қажетті құжаттар білім беру ұйымдарының қабылдау комиссиясына тапсырылады.

14. Мемлекеттік қызметті көрсету үшін мемлекеттік қызметті алушылардың ұсынған құжаттары «Білім алушылар қатарына түсушілерді тіркеу кітабына» тіркеледі. Құжаттарды өткізген тұлғаларға құжаттарды қабылданғаны жөнінде осы стандарттың 1-қосымшасына сәйкес өтінішті қабылдап алған күнді және нөмірін, қолхат берген қабылдау комиссиясы мүшесінің тегін, атын, әкесінің атын көрсете отырып, қолхат беріледі.

15. Мемлекеттік қызметті алушыға мемлекеттік қызметтің нәтижесін беру мемлекеттік қызметті алушының (заңды өкілінің) жеке қатысуымен жүзеге асырылады.

16. Мемлекеттік қызметті алушының осы стандарттың 11-тармағында көрсетілген қажетті құжаттарды толық ұсынбауы мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартуға негіз болады, бас тарту себептері жазбаша негізделеді.

3. Жұмыс қағидаттары

17. Оқу орнының қабылдау комиссиясының қызметі мынадай қағидаттарға негізделеді:

- 1) азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандығының сақталуы;
- 2) барша халықтың білімге қолжетімділігі, оның гуманистік және зайырлы сипаты;
- 3) білім алушылардың сапалы білім алуға құқықтарының теңдігі;
- 4) көрсетілетін мемлекеттік қызмет туралы толық ақпарат ұсыну;
- 5) мемлекеттік қызметті алушы ұсынған құжаттардың мазмұны туралы ақпараттың қорғалуын және құпиялылығын қамтамасыз ету;
- 6) мемлекеттік қызметті алушы белгіленген мерзімде алмаған құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету;
- 7) мемлекеттік қызметтің уақытылы көрсетілуін қамтамасыз ету;
- 8) әдептілік және сыпайылық;
- 9) заңдылығы;
- 10) жариялылығы;
- 11) ашықтығы.

4. Жұмыс нәтижелері

18. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелері осы стандартқа 2-қосымшаға сәйкес сапа және қолжетімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

19. Мемлекеттік қызмет көрсетудің сапа және тиімділік көрсеткіштерінің мақсатты мәні жыл сайын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығымен бекітіледі.

5. Шағымдану тәртібі

20. Білім беру ұйымы қызметкерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі туралы ақпаратты білім беру ұйымының қабылдау комиссиясы төрағасынан алуға болады.

21. Шағымдар ауызша немесе жазбаша нысанда телефонмен, поштамен немесе жұмыс күндері білім беру ұйымының қабылдау бөлмесі арқылы қолма-қол қабылданады.

22. Білім беру ұйымы тікелей қызмет көрсетеді. Мемлекеттік қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету сапасына қанағаттанбаған жағдайда, азаматтардың шағымы білім беру ұйымы басшысының атына жазбаша түрде қабылданады.

23. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда мемлекеттік қызметті алушы заңнамада белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы.

24. Шағым беру үшін мемлекеттік қызметті алушы еркін нысанда өз қолымен жазылған өтінішті

береді.

25. Қабылданған шағымдар оқу орнының кіріс хат-хабарлар журналына тіркеледі және «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы Заңында белгіленген мерзімде қарастырылады. Мемлекеттік қызметті алушыға қабылдау мерзімі мен уақыты көрсетілген, қабылдаған қызметкердің аты-жөні жазылған талон беріледі.

Шағымды қарастыру нәтижесі туралы мемлекеттік қызметті алушыға жазбаша түрде пошта арқылы хабарланады.

«Техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламалары бойынша кадрлар даярлауды жүзеге асыратын білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік қызмет стандартына 1-қосымша

(Құрылтайшының атауы)

(оқу орнының атауы)

Құжаттарды қабылдау туралы

№ ____ қолхат

Азамат(ша) _____
(толық аты-жөні)

мынадай құжаттар* алынды:

1. Өтініш _____
2. Жеке басын куәландыратын құжат _____
3. _____
(білімі туралы құжаттың атауы)

« ____ » _____ 20__ ж. № ____ берілген _____

4. Үш фотосурет _____
5. Денсаулық жағдайы туралы анықтама _____
6. _____
7. _____

Қабылдау бойынша жауапты хатшы _____
(қолы)

20__ ж. « ____ » _____

Көрсетілген стандарттың 11-тармағына сәйкес құжаттардың тізбесі *

«Техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламалары бойынша кадрлар даярлауды жүзеге асыратын білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және

Кесте. Сапа және тиімділік көрсеткіштерінің мәні

Сапа және тиімділік көрсеткіштері	Көрсеткіштердің нормативтік мәні	Көрсеткіштің келесі жылға мақсатты мәні	Есепті жылғы көрсеткіштердің ағымдағы мәні
1	2	3	4
1. Уақытылығы			
1.1. Құжатты тапсырған кезден бастап белгіленген мерзімде қызметтің көрсетілу жағдайларының % (үлесі)			
1.2. 40 минуттан аспайтын уақыт мерзімінде қызметті алу үшін кезекте тұрған тұтынушылардың % (үлесі)			
2. Сапасы			
2.1. Көрсетілген қызметтің сапасына қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)			
2.2. Лауазымды тұлғамен дұрыс рәсімделген құжаттардың % (үлесі)			
3. Қолжетімділігі			
3.1. Көрсетілген қызмет сапасымен және қызмет көрсету тәртібі туралы ақпаратпен қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)			
3.2. Бірінші реттен тұтынушымен дұрыс толтырылып тапсырылған құжаттардың % (үлесі)			
3.3. Интернет арқылы қол жететін ақпараттардың, қызметтердің % (үлесі)			
4. Шағымдану процесі			
4.1. Қызмет көрсетілген тұтынушылардың жалпы санына көрсетілген қызметтің түрі бойынша негізделген шағымдардың % (үлесі)			
4.2. Белгіленген мерзімде қаралған және қанағаттандырылған негізделген шағымдардың % (үлесі)			
4.3. Қолданыстағы шағымдану тәртібімен қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)			
4.4. Шағымдану мерзімімен қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)			
5. Сыпайылық			
5.1. Қызмет көрсетушінің сыпайлығына қанағаттанған тұтынушылар % (үлесі)			

**«Білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру» мемлекеттік
қызмет стандарты**

Ескерту. Стандарт алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 26.05.2014 № 544 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2012 жылғы 31 тамыздағы
№ 1119 қаулысымен
бекітілген

«Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік қызмет стандарты

1. Жалпы ережелер

1. «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдары көрсетеді.

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нысаны: автоматтандырылмаған.

3. Мемлекеттік қызмет мынадай нормативтік құқықтық актілермен реттеледі:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясы;

2) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы;

3) «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 19 қаңтардағы № 127 қаулысы.

4. Мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі туралы толық ақпарат Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің www.edu.gov.kz ресми сайтында орналастырылады.

5. Мемлекеттік қызметті алушыға берілетін мемлекеттік қызметтің аяқталу нысаны білім беру ұйымдарының жалпы орта білім беретін ұйымдарға оқуға қабылдау туралы жалпы бұйрығы немесе қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап болып табылады.

6. Аталған қызмет Қазақстан Республикасының 7-18 жастағы азаматтарына (бұдан әрі – мемлекеттік қызметті алушы) көрсетіледі.

7. Мемлекеттік қызмет көрсетудің мерзімі мемлекеттік қызметті алушылар қажетті құжаттарды тапсырған уақыттан бастап бір жұмыс күнін құрайды:

1) өтініш берілген күні (тіркеу кезінде) сол жерде көрсетілетін мемлекеттік қызметті алуға дейінгі күту уақыты – 30 минут;

2) өтініш берілген күні сол жерде көрсетілетін мемлекеттік қызметті алушыға қызмет көрсету уақыты – 30 минуттан аспауы керек.

Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің соңғы нәтижесін (білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау туралы бұйрық) алу мерзімі – 3 айдан аспауы керек, себебі оқуға қабылдау туралы бұйрық барлық білім алушылар үшін ортақ болып табылады.

8. Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беру бағдарламалары

бойынша оқу үшін ұйымдарға құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау бойынша мемлекеттік қызмет барлық санаттағы азаматтар үшін мемлекеттік білім беру ұйымдарында тегін болып табылады.

9. Мемлекеттік қызмет көрсету демалыс және мереке күндерін қоспағанда, күн сайын 9.00-ден 13.00-ге дейін жүзеге асырылады.

Алдын ала жазылу және жеделдетіп ресімдеу қарастырылмаған.

10. Мемлекеттік қызмет өтініш берушінің тұрғылықты жері бойынша және аталған білім беру ұйымының қызмет көрсету аумағын (шағын аудан) есепке ала отырып, білім беру ұйымдарында көрсетіледі.

Күтуге және қажетті құжаттарды дайындауға қолайлы болуы үшін ғимарат креслолармен және орындықтармен жабдықталған.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

11. Мемлекеттік қызметті алу үшін мемлекеттік қызметті алушы білім беру ұйымына өтініш білдірген жағдайда мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) баланың заңды өкілдерінен өтініш (еркін нысанда);
- 2) туу туралы куәліктің көшірмесі;
- 3) денсаулығы туралы анықтама (денсаулық паспорты);
- 4) тұратын жерінен анықтама немесе тұратын жерін растайтын басқа құжат;
- 5) 3x4 көлеміндегі 2 дана фотосурет.

Бастауыш білім беру ұйымына 1-сыныпқа келуші баланың заңды өкілдерінен өтініш ағымдағы жылғы 1 маусымнан 30 тамызға дейін жүргізіледі.

1-сыныпқа қабылдау кезінде жекеменшік білім беру ұйымынан басқа бастауыш білім беру ұйымдары емтихан мен тестілеу жүргізбейді.

Білім беру ұйымына құжаттарды қабылдау немесе оқуға қабылдау бойынша мемлекеттік қызметті алуға үміткер мемлекеттік қызметті алушы таңдаған оқыту бейініне сәйкес білім беру ұйымының мәртебесін, білім беру деңгейін, сондай-ақ, білім беру ұйымының қызмет көрсету аумағын (шағын аудан) ескергені жөн.

12. Мемлекеттік қызмет туралы ақпаратты Министрліктің www.edu.gov.kz ресми сайтынан, сондай-ақ білім беру ұйымдарының ақпараттық стенділерінен алуға болады.

13. Мемлекеттік қызметті алушының құжаттары білім беру ұйымының кеңсесіне жауапты тұлғаға тапсырылады.

14. Мемлекеттік қызметті алу үшін құжаттарды тапсыру кезінде мемлекеттік қызметті алушыға қажет құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі, онда:

- 1) өтінішті қабылдау нөмірі және уақыты;
- 2) құжаттардың саны мен атауы;
- 3) құжаттарды қабылдаушы жауапты тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты.

15. Қызмет көрсету нәтижесін жеткізу тәсілі:

білім беру ұйымдарына өтініш берушінің жеке қатысуы арқылы.

16. Мемлекеттік қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартуға мыналар негіз болуы мүмкін:

- 1) осы стандарттың 11-тармағында қарастырылған құжаттар пакетінің толық берілмеуі;
- 2) құжаттарда дәйексіз немесе бұрмаланған фактілердің (мәліметтердің) анықталуы;
- 3) аталған білім беру ұйымында сұратылған білім беру деңгейінің жоқтығы немесе сәйкес келмеуі;

4) мемлекеттік қызметті алушының оқу көрсеткішінің таңдалған білім беру ұйымының мәртебесіне сәйкес келмеуі;

5) аталған білім беру ұйымының қызмет көрсету аумағына тұрғылықты жерінің сәйкес келмеуі.

Аталған білім беру ұйымдарында қажетті оқыту бейіні жоқ болса, мемлекеттік қызметті алушыға аудан (қала) аумағындағы басқа да жалпы білім беретін мектептерде таңдаған оқыту бейіні бойынша бос орындардың болуы туралы ақпарат беріледі.

Білім беру ұйымына қабылдау үшін өтініш берушінің құжаттарын қабылдау кезінде басшылар мемлекеттік қызметті алушыларды білім беру ұйымының Жарғысымен және басқа да білім беру үдерісін реттейтін құжаттармен таныстыруы тиіс.

3. Жұмыс қағидаттары

17. Білім беру ұйымдарының қызметі мынадай қағидаттарға негізделеді:

- 1) адамның конституциялық құқығы мен бостандығын сақтау;
- 2) қызметтік міндетті орындау кезінде заңдылықты сақтау;
- 3) сыпайылық;
- 4) жан-жақты және толық ақпарат беру;
- 5) қорғау және құпиялылық;
- 6) мемлекеттік қызметті алушының мерзімінде алмаған құжаттарының сақталуын қамтамасыз ету.

4. Жұмыс нәтижелері

18. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері осы стандартқа қосымшаға сәйкес сапа және тиімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

19. Мемлекеттік қызметтің сапалық және тиімділік көрсеткіштерінің мақсатты мәні жыл сайын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығымен бекітіледі.

5. Шағым беру тәртібі

20. Уәкілетті лауазымды тұлғаның іс-әрекетіне немесе әрекетсіздігіне шағымдану қажет болған жағдайда мемлекеттік қызметті алушы немесе оның заңды өкілі өңірлік уәкілетті білім беру органдарына: аудандық (қалалық) білім бөлімдері (бұдан әрі – аудан (қала)ББ) хабарласуына болады.

Егер мемлекеттік қызметті алушының заңды өкілі қабылданған шараларға қанағаттанбаса не мәселе жоғары деңгейде қарауды талап еткен жағдайда заңды өкіл Астана қаласы, Орынбор к-сі, 8, 11-кіреберіс мекенжайы бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне жазбаша түрде шағым жолдауына болады.

Шағымдар поштамен немесе жұмыс күндері министрліктің кеңсесі арқылы хат түрінде қолма-қол қабылданады.

22. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасына наразы болған жағдайда мемлекеттік қызметті алушылар аудан (қала) білім бөлімдері бастығының атына шағымданады.

23. Мемлекеттік қызметті алушы көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижесімен келіспеген жағдайда заңнамада белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

24. Шағым беру кезінде мемлекеттік қызметті алушы еркін нысандағы өтінішті тапсырады.

25. Қабылданған шағымдар білім бөлімдерінің кіріс хат-хабарлар журналына тіркеледі және «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы Заңында белгіленген мерзімде қарастырылады. Мемлекеттік қызметті алушыға қабылдау мерзімі мен уақыты көрсетілген, қабылдаған қызметкердің аты-жөні жазылған талон беріледі.

Шағымды қарастыру нәтижесі туралы мемлекеттік қызметті алушыға жазбаша түрде пошта арқылы хабарланады.

«Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына

қарамастан білім беру ұйымдарына
құжаттарды қабылдау және оқуға
қабылдау» мемлекеттік қызмет
стандартына қосымша

Кесте. Сапа және тиімділік көрсеткіштерінің мәні

Сапа және тиімділік көрсеткіштері	Көрсеткіштің нормативтік мағынасы	Көрсеткіштің кейінгі жылдағы мақсаттық мағынасы	Көрсеткіштің есеп беру жылдағы ағымдық мағынасы
1	2	3	4
1. Уақтылылық			
1.1. Құжат тапсыру кезінен бастап белгіленген мерзімде қызмет көрсету жағдайларының % (үлесі)			
2. Сапа			
2.1. Қызмет көрсету үдерісінің сапасына қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)			
2.2. Құжаттардың дұрыс рәсімделу жағдайларының % (үлесі) (есептелген сомалар, есептер ж.б.)			
3. Қолжетімділік			
3.1. Қызмет көрсету сапасы мен қызмет көрсетудің реттілігі жөнінде ақпарат жайлы қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)			
3.2. Электронды форматта қолжетімді болған қызметтер, ақпараттар % (үлесі)			
4. Шағымдану үдерісі			
4.1. Қолданыстағы шағымдану тәртібімен қанағаттанған тұтынушылар % (үлесі)			
5. Әдептілік			
5.1. Қызметші персоналдың әдептілігіне қанағаттанған тұтынушылар % (үлесі)			

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2012 жылғы 31 тамыздағы
№ 1119 қаулысымен
бекітілген

«Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттарды қабылдау» мемлекеттік қызмет стандарты

1. Жалпы ережелер

1. «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттарды қабылдау» мемлекеттік қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдары көрсетеді.

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нысаны: автоматтандырылмаған.

3. Мемлекеттік қызмет:

1) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңымен;

2) «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі Заңымен;

3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 3 ақпандағы № 100 қаулысымен бекітілген Арнаулы (түзеу) білім беру ұйымдарының қызметін ұйымдастыру тәртібі туралы ережемен;

4) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2004 жылғы 26 қарашадағы № 974 бұйрығымен бекітілген Стационарлық емдеу-алдын алу, оңалту және басқа денсаулық сақтау ұйымдарында емдеу курсынан өтіп жатқан мүгедек балалар үшін оқу сабақтарын ұйымдастыру, оқу-тәрбие ұйымдарының мүгедек балаларды үйде оқытуда ата-аналарға көмек көрсету тәртібі туралы ережемен реттеледі.

4. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі туралы толық ақпарат Білім және ғылым министрлігінің www.edu.gov.kz ресми сайтында орналастырылады.

5. Мемлекеттік қызметті аяқтау нысаны білім беру ұйымының бұйрығы немесе қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап болып табылады.

6. Аталған қызмет денсаулық жағдайына байланысты уақытша немесе үнемі білім беру ұйымдарына бару мүмкіндігі жоқ жеке тұлғаларға (бұдан әрі – мемлекеттік қызметті алушы) ұсынылады.

7. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:

мемлекеттік қызметті алушы осы стандарттың 11-тармағында айқындалған қажетті құжаттарды тапсырған сәттен бастап – 3 жұмыс күні.

8. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

9. Мемлекеттік қызмет демалыс және мереке күндерін қоспағанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен күн сайын сағат 8.00-ден 17.00-ке дейін жүзеге асырылады.

Алдын ала жазылу және жедел рәсімдеу қарастырылмаған.

10. Мемлекеттік қызмет білім беру ұйымының ғимаратында жүзеге асырылады. Қызмет көрсетілетін бөлме көлемі, орналасуы және сырт пішіні жағынан сапалы қызметтерді ұсыну талаптарына сай келеді. Күтуге және қажетті құжаттарды дайындауға қолайлы жағдай жасау үшін бөлме креслолармен және орындықтармен жабдықталған.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

11. Мемлекеттік қызметті алу үшін мемлекеттік қызметті алушы мынадай құжаттарды ұсынуы қажет:

1) медициналық көрсеткіштер бойынша мүгедек баланы үйде оқыту қажеттілігі туралы қорытынды: жергілікті Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсету ұйымдарындағы Дәрігерлік-консультациялық комиссия береді;

2) мүгедек баланы үйде оқыту үшін білім беру бағдарламасы түрінің қорытындысы мен ұсынысы: тұрғылықты мекенжайы бойынша психологиялық – медициналық – педагогикалық консультация (ПМПК) береді;

3) білім беру ұйымы директорының атына ата-ананың еркін нысанда жазған өтініші;

4) мемлекеттік қызметті алушы ата-аналарының біреуінің жеке басын куәландыратын құжаттарының көшірмесі;

5) мемлекеттік қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттар көшірмесі;

6) мекенжай анықтамасы;

7) ата-аналардың жұмыс орнынан анықтама.

12. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі туралы толық ақпарат Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің www.edu.gov.kz ресми сайтында орналастырылады.

13. Мемлекеттік қызметті алушылардың құжаттары білім беру ұйымының басшысына тапсырылады.

14. Мемлекеттік қызметті алу үшін қажетті құжаттарды тапсыру кезінде мемлекеттік қызметті алушыға алатын күні белгіленген тізімдеме беріледі.

15. Қызмет көрсету нәтижесін беру мемлекеттік қызметті алушының заңды өкілінің жеке қатысуымен жүзеге асырылады.

16. Білім беру ұйымы осы стандарттың 11-тармағында қарастырылған құжаттар пакеті толық ұсынылмаған жағдайда мемлекеттік қызметті алушыға себептерін көрсете отырып, қызмет көрсетуден бас тартылғаны туралы хабарлайды.

3. Жұмыс қағидаттары

17. Білім беру ұйымының қызметі мына қағидаттарға негізделеді:

- 1) адамның конституциялық құқығы мен бостандығын сақтау;
- 2) қызметтік міндетті орындау кезінде заңдылықты сақтау;
- 3) сыпайылық;
- 4) толық және жеткілікті ақпарат ұсыну;
- 5) қорғау және құпиялылық.
- 6) мемлекеттік қызметті алушы мерзімінде ала алмаған құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету.

4. Жұмыстың нәтижесі

18. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі осы стандартқа 1-қосымшаға сәйкес сапа және тиімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

19. Мемлекеттік қызметтің сапа және тиімділік көрсеткіштерінің мақсатты мәні жыл сайын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығымен бекітіледі.

5. Шағымдану тәртібі

20. Уәкілетті лауазымды тұлғалардың әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану қажет болған жағдайда, мемлекеттік қызметті алушының заңды өкілі осы стандартқа 2-қосымшаға сәйкес, тиісті жергілікті атқарушы органның білім бөліміне хабарласуына болады.

21. Шағымдар жазбаша түрде поштамен немесе білім басқармасының кеңсесі арқылы жұмыс күндері қолма қол қабылданады.

22. Мемлекеттік қызметті ұсынудың сапасы бойынша наразылық болған жағдайда, шағым аудандық (қалалық) немесе облыстық білім басқармасы бастығының атына жазылады.

23. Шағым аудандық (қалалық) немесе облыстық білім басқармасының кеңсесі арқылы беріледі. Жұмыс кестесі: демалыс және мереке күндерін қоспағанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен 9.00-ден 18.30-ға дейін жүзеге асырылады.

24. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижесімен келіспеген жағдайда, мемлекеттік қызметті алушының заңнамада белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

25. Қабылданған шағымдар білім бөлімінің кіріс хат-хабарлар журналына тіркеледі және «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы Заңында белгіленген мерзімде қарастырылады. Мемлекеттік қызметті алушыға қабылдау мерзімі мен уақыты көрсетілген, қабылдаған қызметкердің аты-жөні жазылған талон беріледі.

Шағымды қарастыру нәтижесі туралы мемлекеттік қызметті алушыға жазбаша түрде пошта арқылы хабарланады.

«Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттарды қабылдау» мемлекеттік қызмет стандартына
1-қосымша

Кесте. Сапа және тиімділік көрсеткіштерінің мәні

Сапа және тиімділік көрсеткіштері	Көрсеткіштің нормативтік мәні	Көрсеткіштің келесі жылдағы нысаналы мәні	Көрсеткіштің есепті жылдағы ағымдағы мәні
1	2	3	4
1. Уақтылылығы			
1.1. Құжатты тапсырған сәттен бастап белгіленген мерзімде қызметті ұсыну жағдайларының %-ы (үлесі)			
2. Сапасы			
2.1. Қызметті ұсыну үдерісінің сапасына қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)			
3. Қолжетімділік			
3.1. Қызметті ұсынудың сапасына және оны ұсыну тәртібі туралы ақпаратқа қанағаттанған тұтынушылардың %-ы (үлесі)			
3.2. Ақпаратына электронды форматта қол жеткізуге болатын қызметтер %-ы (үлесі)			
4. Шағымдану үдерісі			
4.1. Шағымданудың қолданыстағы тәртібіне қанағаттанған тұтынушылардың %-ы (үлесі)			
5. Сыпайылық			
5.1. Персоналдың сыпайылығына қанағаттанған тұтынушылардың %-ы (үлесі)			

«Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттарды қабылдау» мемлекеттік қызмет стандартына
2-қосымша

**Қала (аудан) әкімдіктерінің білім бөлімдері
мемлекеттік мекемелерінің тізімі**

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.07.2013 № 699 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р/с №	Бөлімдердің атауы	Орналасқан мекенжайы	Байланыс телефондары
1	2	3	4
Ақмола облысы			
1.	«Ақкөл ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Ақкөл қаласы, Бигелдинов көшесі, 10	8(716 38) 228-47
2.	«Аршалы ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Аршалы ауылы, Республика көшесі, 30	8(716 44) 225-14
3.	«Астрахан ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Астраханка ауылы, Әл-Фараби көшесі, 50	8(716 41) 236-84
4.	«Атбасар ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Атбасар қаласы, Уәлиханов көшесі, 11	8(716 43) 242-72
5.	«Бұланды ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Макинск қаласы, Некрасов көшесі, 19	8(716 46) 213-87
6.	«Егіндікөл ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Егіндікөл ауылы, Победа көшесі, н/ж	8(716 42) 213-51
7.	«Еңбекшілдер ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Степняк қаласы, Ленин көшесі, 68	8(71639) 216-20
8.	«Ерейментау ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Ерейментау қаласы, Әл-Фараби көшесі, 10	8(716 33) 216-64
9.	«Есіл ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Есіл қаласы, Дружба көшесі, 1	8(716 47) 214-86, 215-69
10.	«Жақсы ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Жақсы ауылы, Дружба көшесі, 3	8(716 35) 217-04
11.	«Жарқайың ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Державинск қаласы, Ленин көшесі, 30	8(716 48) 929-43
12.	«Зеренді ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Зеренді ауылы, Ленин көшесі, 43	8(716 32) 226-02
13.	«Қорғалжын ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Қорғалжын ауылы, Болғанбаев көшесі, 14	8(716 37) 221-98

14.	«Сандықтау ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Балкашино ауылы, Ленин көшесі, 120	8(716 40) 917-01
15.	«Целиноград ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Ақмол ауылы, Гагарин көшесі, 15	8(716 51) 312-06, 311-33
16.	«Шортанды аудандық әкімінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Шортанды ауылы, Абылай хан көшесі, 22	8(716 31) 215-04, 211-44
17.	«Щучинск ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Щучинск қаласы, Абылай хан көшесі, 34	8(716 36) 458-88
18.	«Степногор қаласы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Степногор қаласы, 4-шағын аудан, 1 үй	8(716 45) 619-09
19.	«Көкшетау қаласы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Көкшетау қаласы, Құдайбердиев көшесі, 57	8(7162) 401-364
Ақтөбе облысы			
1.	«Алға ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Алға қаласы, 4-шағын аудан, 7 «а» үй	8(71337) 318-76, 333-46, 541-95
2.	«Әйтеке би ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Комсомол ауылы, Жүргенов көшесі, 52	8(713 39) 215-35, 216-80
3.	«Байғанин ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Байғанин ауылы, Қонаев көшесі, 36	8(713 45) 225-56, 228-50
4.	«Ырғыз ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Ырғыз ауылы, Әбілхайыр хан даңғылы, 52	8(713 43) 213-77, 215-63
5.	«Қарғалы ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Бадамша ауылы, Цыбульчик көшесі, 2	8(713 42) 215-33, 230-02
6.	«Қобда ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Қобда ауылы, Достық көшесі, 53	8(713 41) 215-33, 214-39
7.	«Мәртөк ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Мәртөк ауылы, Сейфуллин көшесі, 36	8(713 31) 216-33, 215-49
8.	«Мұғалжар ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Қандыағаш қаласы, Гагарин көшесі, 6	8(713 33) 362-01, 367-22
9.	«Темір ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Шұбарқұдық ауылы, Киреев көшесі, 4	8(713 46) 227-48, 227-84
10.	«Ойыл ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Ойыл ауылы, Жолмырзаев көшесі, 3	8(713 32) 217-44, 217-32
11.	«Хромтау ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Хромтау қаласы, Спортивный бұрылысы, 2	8(713 36) 216-51, 216-52
12.	«Шалқар ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Шалқар қаласы, Көтібарұлы көшесі, 84	8(713 35) 213-36, 231-93
13.	«Ақтөбе қаласы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі»	Ақтөбе қаласы, Алтынсарин көшесі, 2	8(7132) 211605, 211580
Алматы облысы			
1.	«Алакөл ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Үшарал қаласы, Қонаев көшесі, 50	8(728 33) 210-33, 225-64

2.	«Ақсу ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Жансүгір кенті, Желтоқсан көшесі, 5	8(728 32) 215-80, 222-90
3.	«Балқаш ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Бақанас ауылы, Қонаев көшесі, 72	8(728 73) 913-70, 918-53
4.	«Еңбекшіқазақ ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Есік қаласы, Алматы көшесі, 312	8(728 75) 453-57, 415-50
5.	«Ескелді ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Қарабұлақ кенті, Оразбеков көшесі, 31	8(728 36) 312-00, 307-74
6.	«Жамбыл ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Ұзынағаш ауылы, Мәжитов көшесі, 4	8(728 70) 228-51, 233-48
7.	«Іле ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Өтеген батыр кенті, Титов көшесі, 33	8(728) 52-235-05, 236-94
8.	«Қаратал ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Үштөбе қаласы, Молдағұлова көшесі, 67	8(728 34) 215-36, 213-82
9.	«Қарасай ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Қаскелең қаласы, Қабанбай батыр көшесі, н/ж	8(728 71) 210-80, 220-37
10.	«Кербұлақ ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Сарыөзек кенті, Тимирязев көшесі, 1	8(728 40) 320-68, 314-34
11.	«Көксу ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Балпық би кенті, Мырзабеков көшесі, 38	8(728 38) 217-61, 202-95
12.	«Панфилов ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Жаркент қаласы, Розыбакиев көшесі, 22	8(728 31) 507-69, 517-75
13.	«Райымбек ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Кеген ауылы, Момышұлы көшесі, 19	8(728 77) 212-52, 214-50
14.	«Сарқант ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Сарқант қаласы, Тынышбаев көшесі, 8	8(728 39) 227-39, 213-04
15.	«Талғар ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Талғар қаласы, Қонаев көшесі, 65	8(728 74) 214-00, 236-89
16.	«Ұйғыр ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Шонжы ауылы, Исмаилов көшесі, 70	8(728 78) 228-25, 217-04
17.	«Қапшағай қаласы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Қапшағай қаласы, Жамбыл көшесі, 13	8(728 72) 422-65, 411-76
18.	«Текелі ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Текелі қаласы, Абылай хан көшесі, 34	8(728 72) 425-24, 447-70
19.	«Талдықорған қаласы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Талдықорған қаласы, Абай көшесі, 256	8(728 22) 710-00, 707-08
Атырау облысы			
1.	«Атырау қаласы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Атырау қаласы, Азаттық алаңы, 65 А	8(712 23) 548-47, 328209

2.	«Жылыой ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Құлсары қаласы, Әбдірахманов көшесі, 47	8(712 37) 214-85
3.	«Индер ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Индер кенті, Қонаев көшесі, 18	8(712 34) 210-50
4.	«Махамбет ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Махамбет ауылы, Махамбет көшесі, 13	8(712 36) 210-21
5.	«Исатай ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Аққыстау ауылы, Егемен Қазақстан көшесі, 7	8(712 31) 204-57
6.	«Мақат ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Мақат кенті, Железнодорожная көшесі, 5	8(71239) 300-13
7.	«Құрманғазы ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Ганюшкино ауылы, Көшекбаев көшесі, 25	8(712 33) 204-99
8.	«Қызылқоға ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Миялы ауылы, Қарабалин көшесі, 24	8(712 38) 211-75
Шығыс Қазақстан облысы			
1.	«Абай ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Қарауыл ауылы, Құтжанов көшесі, 1	8(722) 52-918-17
2.	«Аягөз ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Аягөз қаласы, Момышұлы көшесі, 58	8(722 37) 315-34
3.	«Бесқарағай ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Большая Владимировка ауылы, Сейфуллин көшесі, 162	8(722 36) 914-44
4.	«Бородулиха ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Бородулиха ауылы, Түсіпжанов көшесі, 39	8(722 51) 291-77
5.	«Глубокое ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Глубокое кенті, Пирогов көшесі, 6	8(722 31) 215-33
6.	«Жарма ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Георгиевка ауылы, Ленин көшесі, 101	8(722 47) 619-74
7.	«Зайсан ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Зайсан қаласы, Жангелдин көшесі, 54	8(722 40) 217-88
8.	«Зырян ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Зырян қаласы, Киров көшесі, 54	8(722 35) 400-69
9.	«Катон-Қарағай ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Үлкен Нарым ауылы, Абылай хан көшесі, 109	8(722 41) 214-40
10.	«Көкпекті ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Көкпекті ауылы, Раев көшесі, 44	8(722 48) 273-11
11.	«Курчатов қаласы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Курчатов қаласы, Ленин көшесі, 10	8(722 51) 257-45
12.	«Күршім ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Күршім ауылы, Момышұлы көшесі, 85	8(722 39) 331-43
13.	«Риддер қаласы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Риддер қаласы, Семипалатинская көшесі, 10	8(722 36) 424-98

14.	«Семей қаласы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Семей қаласы, Интернациональная көшесі, 8	8(722 25) 225-40
15.	«Тарбағатай ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Ақсуат ауылы, Абылай хан көшесі, 14	8(722 46) 220-16
16.	«Ұлан ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Молодежный кенті, 1 үй	8(722 38) 273-45
17.	«Үржар ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Үржар ауылы, Жамбыл көшесі, 19	8(722 30) 213-78
18.	«Шемонаиха ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Шемонаиха қаласы, Чапаев көшесі, 35	8(722 32) 317-04
19.	«Өскемен қаласы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Өскемен қаласы, Урицкий көшесі, 10 а	8(722 22) 411-91
Жамбыл облысы			
1.	«Байзақ ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Сарыкемер ауылы, Байзақ батыр көшесі, 104	8(726 37) 218-67
2.	«Жамбыл ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Аса ауылы, Абай көшесі, 121	8(726 33) 211-54
3.	«Жуалы ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Момышұлы ауылы, Жамбыл көшесі, 273	8(726 35) 211-70
4.	«Қордай ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Қордай ауылы, Жібек жолы көшесі, 273	8(726 36) 210-94
5.	«Мерке ауданы әкімдігінің бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Мерке ауылы, Исмайылов көшесі, 146	8(726 32) 217-86
6.	«Мойынқұм ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Байқадам ауылы, Рысқұлбеков көшесі, 133	8(726 42) 243-36
7.	«Т. Рысқұлов атындағы аудан әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Құлан ауылы, Жібек жолы көшесі, 1	8(726 31) 212-39
8.	«Талас ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Қаратау қаласы, Алексеев көшесі, 3	8(726 44) 609-19
9.	«Сарысу ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Жаңатас қаласы, Жібек жолы көшесі, 31	8(726 34) 630-32
10.	«Шу ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Төле би ауылы, Төле би көшесі, 240	8(726 38) 321-94
11.	«Тараз қаласы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Тараз қаласы, Асқаров көшесі, 47	8(726 24) 316-79
Батыс Қазақстан облысы			
1.	«Ақжайық ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Чапаево ауылы, Қонаев көшесі, 72	8(711 36) 924-46
2.	«Бөкей ордасы ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Сайхын ауылы, Жароков көшесі, 29	8(711 40) 211-12
3.	«Бөрілі ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Ақсай қаласы, Шәкенов көшесі, 4	8(711 33) 223-32
4.	«Жаңақала ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Жаңақала ауылы, Дружбы народов көшесі, 42	8(711 41) 222-50
5.	«Жәнібек ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Жәнібек ауылы, Ихсанов көшесі, 93	8(711 35) 214-74

6.	«Зеленов ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Переметное ауылы, Гагарин көшесі, 71	8(711 30) 231-76
7.	«Казталов ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Казталов ауылы, Шарафутдинов көшесі, 3	8(711 44) 316-80
8.	«Қаратөбе ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Қаратөбе ауылы, Құрманғалиев көшесі, 18	8(711 45) 313-08
9.	«Сырым ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Жымпиты ауылы, Қазақстан көшесі, 14	8(711 34) 313-06
10.	«Тасқала ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Тасқала ауылы, Абай көшесі, 23	8(711 39) 210-92
11.	«Теректі ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Федорово ауылы, Бойново көшесі, 18	8(711 32) 230-54
12.	«Шыңғырлау ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Шыңғырлау ауылы, Қылышев көшесі, 89	8(711 37) 336-37
13.	«Орал қаласы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Орал қаласы, Дружба көшесі, 145	8(711 25) 086-47
Қарағанды облысы			
1.	«Абай ауданының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Абай қаласы, К. Маркс көшесі, 43	8(721 31) 437-69, 433-78
2.	«Ақтоғай ауданының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Ақтоғай ауылы, К. Байсейітова даңғылы, 26	8(721 37) 213-99
3.	«Бұхар жырау ауданының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Ботақара кенті, Абылай хан көшесі, 36	8(721 54) 211-43, 216-59, 219-91
4.	«Жаңаарқа ауданының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Атасу ауылы, Сейфуллин көшесі, 14	8(721 30) 2-83-93, 2-74-98
5.	«Қарқаралы ауданының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Қарқаралы қаласы, Бөкейханов көшесі, 55	8(721 46) 31-1-71, 32-9-22
6.	«Нұра ауданының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Киевка кенті, Тәуелсіздік көшесі, 41	8(721 44) 226-40
7.	«Осакаров ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Осакаровка кенті, Целинная көшесі, 3 а	8(321 49) 413-73, 41573
8.	«Ұлытау ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Ұлытау ауылы, Бұлқышев көшесі, 19	8(721 35) 212-95, 214-27
9.	«Шет ауданының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Ақсу-Аюлы ауылы, Шортанбай көшесі, 92	8(721 31) 215-11, 215-82, 214-41
10.	«Балқаш қаласының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Балқаш қаласы, Уәлиханов көшесі, 5	8(710 36) 462-37, 462-38
11.	«Жезқазған қаласының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Жезқазған қаласы, Алаш хан алаңы, 1	8(710 2) 73-30-48

12.	«Қарағанды қаласының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Қарағанды қаласы, 2-Степной шағын ауданы, 53-59 үй	8(7212) 34-38-94, 34-38-87
13.	«Қаражал қаласының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Қаражал қаласы, Абай к-сі, 11	8(71032) 26-5-63
14.	«Приозерск қаласының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Приозерск қаласы, Ағыбай батыр көшесі, 18	8(710 39) 531-04
15.	«Саран қаласының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Саран қаласы, Жамбыл көшесі, 65	8(721 37) 405-55, 239-90
16.	«Сәтпаев қаласының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Сәтпаев қаласы, Сатпаев даңғылы, 111	8(710 63) 379-34
17.	«Теміртау қаласының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Теміртау қаласы, Димитров көшесі, 11/1	8(721 39) 854-82, 984963
18.	«Шахтинск қаласының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Шахтинск қаласы, Қазақстандық к-сі, 101	8(721 56) 550-95, 552-38
Қызылорда облысы			
1.	«Қызылорда қаласы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Қызылорда қаласы, Тәжібаев көшесі, н/ж	8(724 22) 762-16
2.	«Арал ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Арал қаласы, Школьная көшесі, 35	8(724 33) 216-70
3.	«Қазалы ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Әйтеке би ауылы, Жаңақожа батыр көшесі, 11	8(724 38) 221-84
4.	«Қармақшы ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Жосалы бекеті, Рысқұлов көшесі, 21	8(724 37) 221-84
5.	«Жалағаш ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Жалағаш ауылы, Желтоқсан көшесі, 3	8(727 31) 314-48
6.	«Сырдария ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Тереңөзек ауылы, Жамбыл көшесі, 18	8(724 36) 217-78
7.	«Шиелі ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Шиелі кенті, Рысқұлов көшесі, 19	8(724 32) 414-16
8.	«Жаңақорған ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Жаңақорған ауылы, Аманкелді көшесі, н/ж	8(724 36) 223-36
Қостанай облысы			
1.	«Алтынсарин ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Силантьевка ауылы, Шипин көшесі, 1	8(71445)-2-12-54 8(71445)-2-11-84
2.	«Аманкелді ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Аманкелді ауылы, Б. Майлин көшесі, 14	8(71440)-2-15-83 8(71440)-2-12-68
3.	«Әулиекөл ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Әулиекөл ауылы, Ленин көшесі, 29	8(71453)-2-11-40
4.	«Денисов ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Денисовка ауылы, Калинин көшесі, 5	8(71434)-9-13-06 8(71434)-9-26-01

5.	«Жангелдин ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Торғай ауылы, Алтынсарин көшесі, 4	8(71439)-2-11-62 8(71439)-2-15-77
6.	«Жітіқара ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Жітіқара қаласы, 4-шағын ауданы, 27	8(71435)-2-30-37 8(71435)-2-49-77
7.	«Қарабалық ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Қарабалық ауылы, Ленин көшесі, 9	8(71441)-3-31-76 8(71441)-3-23-22
8.	«Қамысты ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Қамысты ауылы, Ленин көшесі, 22	8(71437)-2-16-52 8(71437)-2-10-71
9.	«Қарасу ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Қарасу ауылы, Исаков көшесі, 68	8(71452)-2-14-80
10.	«Қостанай ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Затобольск ауылы, Школьная көшесі, 40	8(71455)-2-18-47 8(71455)-2-42-48
11.	«Меңдіқара ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Боровское ауылы, Школьная көшесі, 6	8(71443)-2-22-71 8(71443)-2-16-89
12.	«Науырзым ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Қараменді ауылы, Ш. Жәнібек көшесі, 1	8(71454)-2-14-49
13.	«Сарыкөл ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Сарыкөл ауылы, Ленин көшесі, 91	8(71451)-2-17-43
14.	«Таран ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Таран ауылы, Калинин көшесі, 60	8(71436)-3-67-54
15.	«Ұзынкөл ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Ұзынкөл ауылы, Абылай хан көшесі, 38	8(71444)-2-42-35
16.	«Федоров ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Федоровка ауылы, Ленин көшесі, 14	8(71442)-2-19-04 8(71442)-2-19-50
17.	«Арқалық қаласы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Арқалық қаласы, Абай даңғылы, 29	8(71430)-7-09-36 8(71430)-7-19-50
18.	«Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Қостанай қаласы, Байтұрсынов көшесі, 68	8(7142)-50-30-03
19.	«Лисаковск қаласы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Лисаковск қаласы, 2-шағын аудан, 8 үй	8(71433)-3-26-91 8(71433)-3-43-61
20.	«Рудный қаласы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Рудный қаласы, Ленин көшесі, 30	8(71431)-4-65-17 8(71431)-4-67-78
Маңғыстау облысы			
1.	«Ақтау қаласы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Ақтау қаласы, 4-шағын аудан	8(729 23) 365-51
2.	«Жаңаөзен қаласы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Жаңаөзен қаласы, «Шұғыла» шағын ауданы, қалалық ББ ғимараты	8(729 34) 317-52
3.	«Бейнеу ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Бейнеу ауылы, Тәжиев көшесі, әкімдік ғимараты	8(729 32) 210-46
4.	«Қарақия ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Құрық ауылы, Батыр көшесі, 2	8(729 37) 213-54
5.	«Түпқараған ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Форт-Шевченко қаласы, Қызылбаев көшесі, 5	8(729 38) 227-49

6.	«Маңғыстау ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Шетпе ауылы, Орталық алаң, 1	8(729 31) 216-65
7.	«Мұнайлы ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Мұнайлы ауылы, Қоғамдық ұйымдар үйі	8(729 24) 661-62
Павлодар облысы			
1.	«Павлодар қаласы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Павлодар қаласы, Кривенко көшесі, 25	8(718 23) 209-50
2.	«Ақсу қаласы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Ақсу қаласы, Қамзин көшесі, 14	8(718 37) 512-12
3.	«Екібастұз қаласы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Екібастұз қаласы, Ленин көшесі, 101	8(718 77) 716-92
4.	«Ақтоғай ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, 77	8(718 41) 215-77
5.	«Баянауыл ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Баянауыл ауылы, Әуезов көшесі, 19	8(718 40) 915-36
6.	«Железин ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Железин ауылы, Квитков көшесі, 7	8(718 31) 220-80
7.	«Ертіс ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Ертіс ауылы, Елгин көшесі, 4	8(718 32) 211-40
8.	«Қашыр ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Қашыр ауылы, Ленин көшесі, 236	8(718 33) 215-85
9.	«Лебяжі ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Лебяжі ауылы, Мир көшесі, 1	8(718 39) 217-86
10.	«Май ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Май ауылы, Абылай хан көшесі, 24	8(718 38) 917-70
11.	«Успен ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Успен ауылы, Петровский көшесі, 17	8(718 34) 910-69
12.	«Шарбақты ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Шарбақты ауылы, Кеңестер көшесі, 53	8(718 36) 217-77
13.	«Павлодар қаласы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Павлодар қаласы, Толстой көшесі, 22	8(718 23) 294-84
Солтүстік Қазақстан облысы			
1.	«Айыртау ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Саумалкөл ауылы, 20-шағын аудан	8(715 33) 271-56
2.	«Ақжар ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Талшық ауылы, Целинный көшесі, 13	8(715 46) 221-74
3.	«Аққайың ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Смирнов ауылы, Труд көшесі, 16	8(715 32) 220-38
4.	«Есіл ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Явленка ауылы, Ленин көшесі, 12	8(715 43) 210-37
5.	«Жамбыл ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Пресновка ауылы, Шайкин көшесі, 30	8(715 44) 200-01

6.	«М. Жұмабаев атындағы аудан әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Булаев қаласы, С. Мұқанов көшесі, 34	8(715 31) 201-66
7.	«Қызылжар ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Бескөл кенті, Молодежная көшесі, 2	8(715 38) 211-63
8.	«Мамлют ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Мамлют ауылы, А. Құнанбаев көшесі, 5	8(715 41) 225-38
9.	«Ғ. Мүсірепов атындағы аудан әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Новоишим кенті, Школьная көшесі, 19	8(715 35) 221-02
10.	«Тайынша ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 206	8(715 36) 210-75
11.	«Тимирязев ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Тимирязев ауылы, Уәлиханов көшесі, 25	8(715 37) 205-85
12.	«Уәлиханов ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Кішкенекөл ауылы, Жамбыл көшесі, 76	8(715 42) 220-83
13.	«Шал ақын ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Сергеев қаласы, Желтоқсан көшесі, 14	8(715 34) 220-48
14.	«Петропавл қаласы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 23	8(715 24) 605-61
Оңтүстік Қазақстан облысы			
1.	«Арыс қалалық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Арыс қаласы, Ибрагимов көшесі, 35	8(725 40) 217-01, 226-82
2.	«Бәйдібек аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Шаян ауылы, Тасболатов көшесі, 1	8(725 48) 215-52
3.	«Қазығұрт аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Қазығұрт ауылы, Қонаев көшесі, н/ж	8(725 39) 228-00
4.	«Мақтаарал аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Жетісай қаласы, Яссауи көшесі, 3	8(725 34) 652-65
5.	«Ордабасы аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Темірлан ауылы, Рысқұлов көшесі, 17	8(725 30) 221-21
6.	«Отырар аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Шәуілдір ауылы, Жібек жолы, н/ж	8(725 44) 214-51
7.	«Сайрам аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Ақсу ауылы, Жібек жолы көшесі, н/ж	8(725 31) 214-51
8.	«Сарыағаш аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Сарыағаш қаласы, Ұманов көшесі, 10	8(725 37) 214-93
9.	«Созақ аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Шолақорған ауылы, Жібек жолы көшесі, н/ж	8(725 46) 422-21

10.	«Төле би аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Леңгір қаласы, Төле би көшесі, 294	8(72547) 616-22
11.	«Түлкібас аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Т. Рысқұлов ауылы, Қонаев көшесі, 44	8(725 38) 521-21
12.	«Түркістан аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Түркістан қаласы, Әйтеке би көшесі, 29	8(725 33) 430-67
13.	«Шардара аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Шардара қаласы, Шардара тұйық көшесі, н/ж	8(725 35) 221-51
14.	«Кентау қалалық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Кентау қаласы, Қонаев көшесі, 10 «а»	8(725 36) 300-50, 325-41
15.	«Шымкент қалалық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Шымкент қаласы, Жангелдин көшесі, 42	8(7252) 542787
Астана қаласы			
1.	Астана қаласы әкімдігінің білім басқармасы	Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 11	8(7172) 556875
Алматы қаласы			
1.	«Әуезов ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Алматы қаласы, Алтынсарин даңғылы, 23	8(727)-2-298-2831
2.	«Бостандық ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Алматы қаласы, Айманов көшесі, 191	8(727)-2-275-24-75
3.	«Жетісу ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Алматы қаласы, Жібек жолы көшесі, 115	8(727)-2-279-25-87
4.	«Алатау ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Алматы қаласы, «Ұлжан»-1-шағын ауданы, ОШ-152	8(727)-2-271-10-91
5.	«Алмалы ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Алматы қаласы, Бөгенбай батыр көшесі, 260	8(727)-2-375-82-37
6.	«Медеу ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Алматы қаласы, Пушкин көшесі, 72	8(727)-2-293-91-61, 291-73-01
7.	«Түрксіб ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Алматы қаласы, Шолохов көшесі, 28	8(727)-2-234-10-50

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2012 жылғы 31 тамыздағы
№ 1119 қаулысымен
бекітілген

«Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау» мемлекеттік қызмет стандарты

1. Жалпы ережелер

